

Ерейменім ~ мерейлі елім, ән-жырым!

*Ерейментау ақындарының антологиясы.
XV-VI-XIX ғасырлар аралығы*



1. *Yucca*
 2. *Yucca*
 3. *Yucca*
 4. *Yucca*
 5. *Yucca*
 6. *Yucca*
 7. *Yucca*
 8. *Yucca*
 9. *Yucca*
 10. *Yucca*
 11. *Yucca*
 12. *Yucca*
 13. *Yucca*
 14. *Yucca*
 15. *Yucca*
 16. *Yucca*
 17. *Yucca*
 18. *Yucca*
 19. *Yucca*
 20. *Yucca*
 21. *Yucca*
 22. *Yucca*
 23. *Yucca*
 24. *Yucca*
 25. *Yucca*
 26. *Yucca*
 27. *Yucca*
 28. *Yucca*
 29. *Yucca*
 30. *Yucca*
 31. *Yucca*
 32. *Yucca*
 33. *Yucca*
 34. *Yucca*
 35. *Yucca*
 36. *Yucca*
 37. *Yucca*
 38. *Yucca*
 39. *Yucca*
 40. *Yucca*
 41. *Yucca*
 42. *Yucca*
 43. *Yucca*
 44. *Yucca*
 45. *Yucca*
 46. *Yucca*
 47. *Yucca*
 48. *Yucca*
 49. *Yucca*
 50. *Yucca*
 51. *Yucca*
 52. *Yucca*
 53. *Yucca*
 54. *Yucca*
 55. *Yucca*
 56. *Yucca*
 57. *Yucca*
 58. *Yucca*
 59. *Yucca*
 60. *Yucca*
 61. *Yucca*
 62. *Yucca*
 63. *Yucca*
 64. *Yucca*
 65. *Yucca*
 66. *Yucca*
 67. *Yucca*
 68. *Yucca*
 69. *Yucca*
 70. *Yucca*
 71. *Yucca*
 72. *Yucca*
 73. *Yucca*
 74. *Yucca*
 75. *Yucca*
 76. *Yucca*
 77. *Yucca*
 78. *Yucca*
 79. *Yucca*
 80. *Yucca*
 81. *Yucca*
 82. *Yucca*
 83. *Yucca*
 84. *Yucca*
 85. *Yucca*
 86. *Yucca*
 87. *Yucca*
 88. *Yucca*
 89. *Yucca*
 90. *Yucca*
 91. *Yucca*
 92. *Yucca*
 93. *Yucca*
 94. *Yucca*
 95. *Yucca*
 96. *Yucca*
 97. *Yucca*
 98. *Yucca*
 99. *Yucca*
 100. *Yucca*

Concord
Mass
Jan 1911

Ерейменім ~ мерейлі елім, ән-жырым!

*Ерейментау ақындарының антологиясы.
XҮІІІ-XXI ғасырлар аралығы*

Астана – 2009

Кітапты құрастырғандар:
Манап Әдірешев, Сайлау Байбосын.
Мұқабадағы суретті салған:
С. Жылқыбаев

Ерейменім – мерейлі елім, ән-жырым! Ерейментау ақындарының антологиясы. ХҮІІІ-ХХІ ғасырлар аралығы.
Астана. 2009 – 176 б.

ISBN 978-601-254-042-0

Атауы әмбе қазаққа аян Ерейментау өңірінен жасап өткен ақын-жыраулардың өлең-жырлары топтастырылған бұл жинақ оқырман көңілінен шығары сөзсіз. Үмбетей заманынан бастап үш ғасырлық кезенді қамтитын осы кітаптан кейінгі жас буынның ғибратты өнеге алары анық. Себебі, ілгері уақытта жасап өткен ақын-жыраулардың шығармаларын тарихи дерек деп бағаласақ, оның кейінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні де зор екені білгілі.

Жинаққа сондай-ақ, бертінгі уақытта өмір сүрген кәсіби қаламгерлер мен ел арасынан шыққан, тума таланттардың шығармалары да енген. Бүгінгі күнде ел болып, етек жауып жатқанда, әр аймақ, әр өңір өз ішінен шыққан дарындарын дәріптеп, түгендемесе, олардың шығармашылық мұралары ұмыт болып қалары сөзсіз. Оқырман қолына тигелі отырған жинақтың құндылығы да осында.

Аталмыш кітаптың шығуына қаржылай қолұшын берген Алаштың ардақты азаматтары Смағұлов Асқар Сайлаубекұлы мен Ақпаров Амангелді Темірбекұлына Ерейментау елінің атынан шексіз алғысымызды айтамыз! Тәуелсіз еліміздің тұғырын бекіту жолындағы еселі еңбектеріздің игілігін көріңіздер! Алла жар болсын!

Е 4702250202
00 (05) – 09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-254-042-0

© Байбосын С., Әдірешев М.,

ТӨСІНЕН ЕРЕЙМЕННІҢ КІМ ӨТПЕГЕН!

Қай заманда да қара өленді қастерлі қазынасынан кем тұтпаған қазақ баласы үшін ақынның орны басқадан бөлек болғанын білеміз. Қасірет жамылып, қайғы жұтқан кездерде қаймана жұртының мұңы мен шерін бөлісіп, қақ ортасында ақыны жүрген екен, «ақ түйенің қарыны жарылған» арқа-жарқа қуаныштың үстінде де алқалы елдің арасынан қашанда абызы мен ақыны табылған. Қара халықтың мұңы мен мұқтажын хан мен төреге де солар жеткізген. Кей-кейде ызасы бойына сыймаған қалың бұқара теңіздей толқып, арнасынан асып төгілем дегенде, салауатты жырымен сабасына түсіріп, сабырға шақыратын тағы сол ақын. Төмендегіні көзге ілмей, меймана-сы тасыған бай мен бектің алдында толғаулы жыр төгіп, тәубесіне түсіретін де адуынды ақын екен.

Ақын-ордалы елдің тілі мен жағы, ақын-қараша жұрттың қиынға қайрап салар қара семсері, ақын-бұқара халықтың төбесіне көтерген шашақты байрағы.

Киіз туырлықты қазақ бабамыздың тарау-тарау тарихына көз салар болсақ, «ат ауыздығымен су ішкен» не бір нәубетті замандарда ел бастаған би мен бектің, қол бастаған батыр мен бағланның қасынан қашанда бауырды бірлікке, туысты татулыққа шақырған Ақынның жүретінін көреміз.

Сонау Әз-Жәнібек ханның тұсындағы-Асан-қайғы, Еңсегей бойлы ер Есімнің заманындағы-Жиёмбет, Абылайдың

ақылманы болған «көмекей әулие» Бұқар жырау, Бөгенбай, Жантай сынды ерлермен қатар жүріп, толарсақтан қан кешкен, жалынды жырау, данагөй абыз Үмбетей, Кенесары, Наурызбайлармен ел намысы үшін басын бәйгеге тігіп бірге жортқан Нысанбай жырау, «Исатай-басшы, мен-қосшы» деп, ағайын-елдің аманатын арқалап, ақырып атқа мінген ер Махамбет... Осылардың бәрінің аңсағаны-бір-ақ арман, көздегені-бір-ақ мақсат. Ол-алаш баласының ары мен намысы, ел мен жердің еркіндігі, ағайын-жұрттың бірлігі.

«Ақындық-Алланың адамға берген сыйы»-дейді ұлы Абай. Ендеше қазақ үшін қара өлеңін серік еткен Ақынның орны бөлек болуы да осыдан шығар.

Бүгінде егеменді күнге нек артып, төрт құбыламызды түгендеп жатқан шақта, біз де «Ереймен өңірінен кімдер өтті екен?» деген оймен сонау Үмбетей бабамыздан бергі заманға бір көз салуды ниет еткен едік. Әрине, содан бергі үш ғасырдан астам уақыт ішінде бұл төңіректен не-лер жүйріктер өтіп, кімдердің есімі санадан өшпеді дейсіз. «Балапан-басына, тұрымтай-тұсына» дегендей небір аласапыранды шақтарда, еліңнің ақыны түгілі, ата-бабаңның кім екенін ұмытып қалатын қиын-қыстау кезендер болғанын тарихтан білеміз.

Аты-жөндері қағаз бетіне түспесе де, ел жадында жүрген ақын-жыраулардың кейбірі бүгінде мүлде ұмыт болды. Себебі, оны білетін кәріқұлақтар өткен жиырмасыншы ғасырдың орта тұсында-ақ таусылып біткен. Бүгінде зердесіне бірдеңе тоқып қалған кейбір ақсақалдар: «сондай біреу болған екен» дейді. Бірақ

нақты дерек жоқ. Оларды да кіналауға болмайды. Кеңестік билікте өткен жарты ғасырдан астам уақытта нені жоғалтпадық, нені ұмытпадық.

Қолдарыңыздағы шағын кітапқа еніп отырған ақындардың біразы бүгінгі күнге Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Сәкен халфе Ғылмани, Ғалымжан Мұқатов, Нигмат Ғабдырахманұлы секілді адамдардың жазбалары арқылы жеткен. Бірді-екілі ел жадында сақталып қалғандары да бар.

Аталмыш кітапқа ақын-жыраулардан бөлек, Бапан, Саққұлақ, Әуен секілді билерді де енгіздік. Себебі ел ішінде би атанғанымен, төрт ауыз өлеңді табан астында суырып айтатын бұларды ақын дегенде, кім дейміз? Сондықтан осы кітапқа кірген шығармалар да әр алуан. Бата, нақыл сөз түріндегі өлеңдер, толғаулар, ел мен жерге, жеке адамдарға бағышталған арнау өлеңдер, шағын айтыс үлгілері, әжуә-мысқыл түріндегі шумақтар болып келеді.

Қолыңыздағы кітапқа аты алаш баласына бұрыннан танымал Үмбетей жырау, Бапан би, Саққұлақ би, Сәкен халфе Ғылмани, Олжабай Нұралыұлы секілді тұлғалардан бөлек, бұрын қалың жұртшылыққа белгісіздеу болып келген, бірақ ел ішінде азды-көпті сөздері сақталып қалған Қоскелді Досан ақын, Қуат Арабданұлы, Қуат Тәңірбергенұлы, Молдажан Жадайұлы, Қылшар Айтпай ақын, Ералы Саққұлақұлы, Жакуда Құлболдыұлы, Төлеш Бейсекейұлы, Сәбит Сәтбайұлы, Атқыбай Байкенжеұлы, Имақан Атқыбайұлы, Нигмат Ғабдырахманұлы, Шәмшөң Қалиұлы, Хасен Төрегелдіұлы секілді халықтың өз арасынан шыққан тума дарындардың соңында қалған мұралары да енді.

Ерейментау жыр мектебі дегенде халық ақындары Бекболат Меркемелиденұлы мен Аманжол Әлжанұлын айналып кете алмаймыз. Екеуі де кезінде дүбірлі додаларда қатар жүріп, осы өңірдің намысын бірге қорғаған жүйріктер. Көзі коргендер Аманжол мен Бекболатты әлі де тебіреніспен еске алады. Ел ішінде бұл екеуі айтыпты деген сөз де мол ұшырасады.

Осы жинаққа сондай-ақ, кезінде ел-жұртқа кәсіби қаламгер ретінде танымал болған, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері-Аллажар Теміржанов, Рысты Шотбаева, Төлеу Шаханов сынды ақындардың шығармалары да кірді. Мемлекет қызметін шығармашылықпен ұштастыра білген Айтмұханбет Жанайдаров секілді жерлесіміздің жырларын да аталмыш жинақтан оқи аласыздар.

Тоқсаныншы жылдары Ерейментау өңіріне қайта оралған ақындар айтысы секілді ұлттық өнерімізді жандандыруға үлкен үлес қосқан-Темірболат Бәйділдәұлы мен Қыдырбай Бекахметұлының олендерін де қолдарыңыздағы кітапқа кіргізуді жөн көрдік.

Ерейментаулық қаламгерлердің кейінгі буын өкілдері Амангелді Ақпаров, Сайлау Жылқыбаев, Сапар Барлыбаевтар да бұл басылымнан тыс қалмады. Сайлау мен олендерін орыс тілінде жазатын Сапар мәдениет саласының қызметкерлері болса, Амангелді темір жол бойының маманы. Бірақ әдебиет пен өнерге жаны жақын азамат кейбір сәттердегі сезім толқындарын қағаз бетінде өлең етіп өрнектейді.

Сонау жылдар моңғол жерінен ата-жұртқа қоныс аударып келген таны-

мал айтыскер Қабдыжәләл Сахария да өзін Ереймен елінің бір ұлымын деп санайды. Міне, осы аттары аталған адамдардың азды-көпті шығармалары қолыңыздағы кітапқа негіз болды.

Жалпы бұл Ерейментау ақындарының шығармашылығына арналып отырған тұңғыш дүние. Ел іргесі аман болып, тыныштық заман болса, Ереймен жерінде жасап өткен жүйріктердің шығармашылығы әлі де талай зерттеле жатар, толықтырылып жарыққа шыға жатар. Ол әрине, алдағы күндердің үлесіндегі шаруа. Әзірше осы бір шағын кітапты назарларыңызға ұсынып отырмыз, оқырман қауым! Игіліктеріңізге жараса, еңбегіміздің еш болмағаны.

МАНАП ӘДІРЕШЕВ, Ерейментау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі.

САЙЛАУ БАЙБОСЫН, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

ЕЛ МЕРЕЙІ БИІК БОЛСЫН!

Қызмет бабымен елден алысырақ жүргенімізбен, туған өлкеміз Ерейментаудағы әрбір игілікті шаруаға шын жүректен қуанып жүретін азаматтардың біріміз. Өйткені «Туған жер, ешнәрсе жоқ сенен ыстық, себебі сенде туып, сенен ұштық», деп ұлы жазушымыз Сәбит Мұқанов айтқандай, туған жер, өскен өлкенің орны мен үшін қай қиырда жүрсем де ерекше. Байқап жүреміз, кейінгі жылдары Ерейментаудың өнері мен мәдениеті айтарлықтай осу үстінде.

Оған себеп, біріншіден егемен болған еліміздің ертеңгі күнге деген шынайы сенімі болса, екіншіден аудан жетекшілерінің осы салаға деген дұрыс көзқарасы шығар дейміз. Өнері өскен елдің-өресі биік болары белгілі.

Менің бар саналы ғұмырым ел экономикасының күретамыры атанған темір жолмен байланысты болса да, бір бүйрегім өнерге бұрып жүретін адаммын. «Әу» демейтін қазақ жоқ дегендей, кей бір тебіреністі сәттерде қолға қалам алатын да әдетіміз бар. Сондықтан ел азаматтарының осы бір жинақты шығарамын деген бастамасын қуана қолдадым. Аталмыш кітаптың басты құндылығы-оның бүгінгі күні аттары ұмытылуға айналған, кезінде Ереймен өңірінде жасап өткен ақындарды кейінгі ұрпақпен қайта қауыштыруында. Осы кітап арқылы жас буын өкілдері бұл өлкеден қандай дарындардың өткенін біліп жатса, ол ел үшін мерей емес пе.

Алдағы уақытта Ерейментау елінің атағын сыртқа танытатын осындай игілікті шаралар жасалып жатса, қашанда қуана атсалысамыз. Себебі ел абыройы бәрімізге ортақ. Ендеше ел мерейі биік болсын, ағайын!

Амангелді АҚПАРОВ,
«Жол жөндеуші» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі бас директорының орынбасары,
«Құрметті теміржолшы»



ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТІЛЕУҰЛЫ
(1706-1778)

Халық ауыз әдебиетінің аса ірі өкілі. Шоқан Уәлиханов «ерлік ғасыры» деп атаған 18 ғасырдағы тарихи оқиғалардың бел ортасында болған жалынды жыршы, адуынды ақын, данагөй абыз. Бөгенбай батырдың жорық жырауы. Сол замандағы Абылай хан секілді ел тұтқасының ақылмандығын, Бөгенбай, Жантай, Атан, Досай, Уақ Баян, Мырзакелді, Үйсінбай сияқты батырлардың ерлік істерін барынша толғап, кеңінен жырлап, әдеби образдарын жасап кеткен. Соңында көптеген өлеңдері, «Жантай батыр» атты дастаны қалған. Сүйегі Ерейментаудың Мыңшұқыр деген жеріндегі қорымда жатыр.

БӘКЕГЕ

Дін пұсырман баласы
Адамдықтан жерімес,
Тіл пұсырман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес.
Дәніккесін бұл шіркін
Адал бір дәм жегізбес!

Жатқан жері даладай,
Екі өркеші баладай,
Азу тісі қаладай,
Жабуы бар жамшыдай,
Құйрығы бар қамшыдай,
Бура сойған не сұмдық!

Тоқымы кеппей топтанып,
Ел тонауға аттанып,
Жылқышысын дойырлап,
Жылқыларын сойылдап,
Көрші жұртты шулатып,
Жаудай шапқан не сұмдық!

Қарап жатқан жыланның
Құйрығын неге басасың?
Шағайын деп шапшыса,
Шоршып неге қашасың?

Ұл он беске келгенше
Қолға ұстаған қобызың,
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса доңызың, —
Не бетіңмен қорғайсын
Жауқашардың тоғызын?!

Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең,
Кей сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау, —
Арқаңа артқан тұзбен тең!

Сәл бөгеліп барып:

Жылға сай батпақ болса өте алмассың,
Жастан шыққан жүйрікке жете алмассың,
Дүниенің жүзінде осы қиын —
Жаман деп өз үйіңнен кете алмассың.

Бәйбішен аю болса аса алмассың,
Қарау болса әй деуге бата алмассың,
Мейманға отың басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың.

Қосағың қоса ағармас қосақ екен,
Құдайым осылай да қосады екен,
Тоты құс жарқанатқа пенде бопты,
Бұқарым, айтар мінің осы-ақ екен!

* * *

Ей, Ақтамберді, Қабанбай!
Суытпа босқа түсінді,
Қайрама онша тісінді,
Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуел ішінді.
Салмақтасаң айта ғой,
Хан алдында күшінді,
Елімді несіз деймісің,

Ерімді киесіз деймісің,
Алты арысқа білдірмей,
Басып жеймін деймісің?!
Батпан, батпан мінің бар,
Қабынбай, бітім қылындар.

БЕКБОЛАТ БИГЕ

Мен пайғамбардан бастасам, –
Әңгімеге кетермін,
Едігеден бастасам, –
Ертегіге кетермін.
Келтесінен қайырсам –
Сөз түбіне жетермін.
Енді сізге не дермін:
Бай болмаған бай болса, –
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса, –
Айтылмаған сөз қоймас,
Хан болмаған хан болса –
Қанамаған ел қоймас.
Баласын мақтар бас жаман,
Қатынын мақтар қас жаман.
Алыстағы дұшпаннан,
Аңдып жүрген дос жаман,
Бір бие бітпей бие болмас,
Бір түйе бітпей түйе болмас,
Өз малын тіздеген,
Кісі малын іздеген,
Түбінде өз малына ие болмас!

БӨГЕНБАЙ ӨЛІМІН АБЫЛАЙ ХАНҒА ЕСТІРТУ

Ей, Абылай, Абылай!
Абылай ханым, бұл қалай?
Бұл қалайдан сескеніп,
Сөзімді қойма тыңдамай.
Талай істер басыңнан
Өтіп еді-ау жасыңнан,
Қиын, қызық әрбір жай.
Жас күнінде, Абылай,
Үргеніштен мұнда кеп,
Сарыарқаны жерім деп,
Қалың қазақ елім деп,
Келмеп пе едің жаяулай.
Төле биді тапқанда,
Күндіз түйе баққанда,
Жалғызбын деп шошымай,
Еш малшыға қосылмай,
Қара жерге отырмай,
Күпіңді салып астыңа,
Жең жастанып басыңа,
Қол-аяғың төрт жақта,
Жатушы едің сол шақта,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда...
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Сол ерлікпен хан болдың,
Әлем асқан жан болдың,

Барша әлемге даң болдың,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Қалдан ханның әскері
Іздеп сені әрі-бері
Қапыда ұстап алғанда,
Алып барып Тәшкенде
Көр зынданға салғанда,
Елің қараң қалғанда,
Тоқсан жақсы үш жүзден
Сені сұрай барғанда,
Өлтірем деп Қалдан хан
Орайына Шарыштың,
Сөзіне қарсы сөз айтып,
Жауаптастың, қарыстың.
Қапияда тұтылдың,
Қалмаққа бігеу жұтылдың,
Шешендік жолын тұтындың,
Үш ауыз сөзбен құтылдың,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Әруағына болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай –
Абылай, сенің тұсында
Сол адамдар болыпты-ай!
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Батыры ханға сай болды,
Елің жалпақ бай болды,
Қыс қыстауы тау болды,
Жаз жайлауы көл болды,
Салқын сары бел болды,
Елге лайық ер болды,
Сарыарқа деп танданып,
Өзге жұрт аңсар ел болды,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Айтқан сөзің ем еді,
Жолыңды теріс демеді,
Қай бақытың кем еді,
Ел қорғаны көп еді,
Қалып па ең батыр таба алмай?
Жауыңның қанын ағызған,
Аузыңа балды тамызған,
Би мен батыр аз болып
Тасырқап па едің шаба алмай!?

Анау бір жылы аттанған
Әскерді қырғыз қырғанда,
Басына оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп
Көп батырмен сен жүріп,
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қысылаған әскер басының
Қасына барып тұрған да,
Ақбоз атты шалғанда,
Мойныға кісе салғанда,
Бабай түкті Шашты Әзиз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа қыдыр қонғанын,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Ұлы сәске болғанда
Жасаған жақсы жол беріп,
Жол бергенде мол беріп,
Ойламаған бақ беріп,
Қырғызды тәңірім қақ бөліп,
Садырбала бітем деп,
Әтеке соғыс күтем деп,
Бірі көнбей біріне
Садыр кетті бөлініп,
Соғысудан түңіліп,
Өтеке сынды жырықтың
Қабырғасы сөгіліп,
Шапқанда батыр төгіліп:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Сары, Баян мен Сағынбай,
Қырмап па еді жауынды,
Қуантпап па еді қауымды,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Дүние кезек, Абылай!
Қаласын әлі-ақ сен былай,
Артыңдағы балаңа
Табылар батыр тағы да-ай!
Сондай ерлер көп тусын
Деп тілей бер, а құдай!
Орта жүзде қатын көп,
Туатын кейін батыр көп,
Сол мұқатар жауды деп
Елестер көзге сағымдай.

Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағы да-ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпеш таудай басы үлкен,

Жасында болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді – Бөгенбай!

Иманын айтып өлерде,
Иекке жаны келгенде,
Сәлем айтты үш қайта,
Кеттім деп сізді көре алмай.
Батырды қолдан өткіздім,
Сәлемін, міне, жеткіздім.
Жыламай тыңда, Абылай,
Жараға жақсы қасқарар,
Ойбайлап жаман бас салар,
Көріспей айтты деменіз,
Осы еді біздің келген жай.

Көзіңнің жасын тая көр,
Жақсылық бата қыла көр,
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгенбайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!

Бөгенбай-сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған не жар болып,
Бейіште нұры ыалқығай!



БАПАН БИ ТҰРАНАЛЫҰЛЫ
(1755-1849)

Бөгенбай батырдың немересі, қазақ даласына белгілі би. Тек Қанжығалы, Момын балалары арасында ғана емес, Орта жүз ішіндегі, жалпы Арқа өңіріндегі даулы мәселелерге барынша араласып, елге әділ билігімен танылған тұлға.

Ақкөл-Жайылма өңірін жайлаған атақты Исабек ишаннан Қыпшақ Байсерке абыз: «Ұзақ жасыңызда жақсыны да, жаманды да көрдіңіз, ғаділдігі бөлек қай биді атар едіңіз?» дегенде, ол кісі былай деп жауап қайырған екен:

«Едіге өз тұсында болған ғаділ,

Етпеген момындарға ешбір жәбір.

Ел қамын өз басынан бұрын жеген,

Аттаған адымынан шығар қайыр.

Ердің құны екі ауыз сөзбен тынса,
Досы да, дұшпаны да би деп таныр.
Не жүзге, не дүниеге бұрылған жоқ,
Өмірі осыменен бітті ақыр.

Шығарайын кесектеп,
Ішімдегі қапамды.
Салмақтадым тұсымда,
Әр таптан шыққан адамды.
Әділ екшеп айырған,
Адал менен арамды.
Бәрінен оқшау қыран ғой,
Қай жағыма тартайын
Қанжығалы Бапанды?!»

Бапан би ұзақ жасап, тоқсан төрт жасында өмірден озған. Әруақтыбидің рухы Қоржынкөлдегі Бөгенбай ұрпақтарының қорымынан мәңгілік мекен тапқан.

* * *

Бапанның Үйсін Жанбота биге айтқаны:

«Ей, Жанбота!
Жағалай елі қонбаса,
Суы тұщы болмаса,
Мал мен жаны сусындап,
Мейірі одан қанбаса,
Көл дегенің немене!
Ынтымақ, бірлік бомаса,
Елдікке мойын бұрмаса,
Үлкеннің айтқан сөздерін,
Кішісі қолдап тұрмаса,
Ел дегенің немене!
Еліне құрбан болмаса,

Абырой-бедел қонбаса,
Ағайын-туыс, халқы,
Батырым-ау деп деп тұрмаса,
Ер дегенің немене!
Шайырлы шөбі болмаса,
Түлігін шайлап толмаса,
Қатар өсіп мал мен бас,
Қуанып елің қонбаса,
Жер дегенің немене!
Желден пана болмаса,
Қарды бөгеп тұрмаса,
Андары қойдай өрмесе,
Қызығын адам көрмесе,
Қадірі жоқ бір қырды,
Бел дегенің немене!
Адал жүрек болмаса,
Сөзіне опа қылмаса,
Түзуінді бұрмалап,
Өтірікті шындаса,
Би дегенің немене!
Атан түйе атамай,
Ат-айғырды матамай,
Шын икемге келмесең,
Жөн дегенің немене!

Арың сатпа, малың сат,
Жалған айтып болма жат,
Жалғандықты жандасаң,
Жүрегінде қалар тат.
Тегінде жөнді берерсің,
Түзулікке келерсің,
Бекер айтты деп жүрме,
Түбінде бір сенерсің!»

Кісі болар кісіні-кісесінен танымын,
Кісі болмас кісіні-мүшесінен танымын.
Жомарт болар кісіні-табағынан танымын,
Сараң болар кісіні-қабағынан танымын.
Ісі сұйық еркекті-жүрісінен танымын,
Ісі сұйық әйелді-күлісінен танымын.
Ақын болар жігітті-дауысынан танымын,
Балуан болар жігітті-шалысынан танымын.
Мерген болар жігітті-атысынан танымын,
Батыр болар жігітті-сапысынан танымын.



САҚҚҰЛАҚ БИ БАПАНҰЛЫ
(1800-1888)

Бөгенбай батырдың шөбересі. Орта жүздің аузы дуалы биі, айтулы шешені, қазақ даласына аса танымал тұлға болған. Өз заманындағы бұқара халыққа абырой-беделі бар, аты белгілі көптеген адамдармен сыйластық, сырластық қарым-қатынас ұстаған. «Дала Демосфені» - Саққұлақ сұңғыла шешендігі, ақылман-көрегендігі үшін «Арғынның ақсақалы», «Орта жүздің боз арғымағы» атанған кісі.

Заманында белгілі жүйрік Кемпірбай ақын топ ішінде кез болған Саққұлаққа былай деп амандасқан екен:

«Ассалаумағаләйкөм, боз арғымақ,
Қол бастап атаң жауға тартқан садақ.

Бөгенбай, Тұраналы, әкең Бапан,
Ежелден ел қорғаған кәрі әруақ»

Атақты Шорманның Мұсасы

Саққұлақ биге әдейі амандаса келіп:
«Ассалаумағаләйкөм, Арғынның ақсақалы!» –
дегенде, Саққұлақ іле: «Уағаләйкүміссалам, Орта
жүздің шамшырағы!» -деп сәлемін алады. Сонда
Мұса: «Апырмай, мен айтарымды үйден ойлап
шығып едім, Сақаң ойланбай-ақ, табан астында
айтты-ау!»-деп іштей танқалыпты.
Саққұлақ би 88 жасында бақилық болған,
сүйегі Қоржынкөлдегі Бөгенбай ұрпақтарының
қорымында.

САҚҚҰЛАҚ БИДІҢ БАТАСЫ

Басшың-ақыл
Жолдасың-ой
Жолаушың-еңбек,
Қорғаның-кәсіп.
Қорғаушың-сабыр,
Қолдаушың-мінез.
Қымбатың-ар,
Таусылмайтының-арман болсын!

* * *

Он пәленің тоғызы тілден туар,
Ақылды адам өзінің тілін буар.
Аузыңнан шыға қалса бір жаман сөз,
Аждаһа боп соңыңнан сені қуар.
Лағу сөздер шығады ақымақтан,
Неше түрлі пәлені содан тапқан.
Қарыны ашпай, алаңсыз өмір сүрер,
Өзіне-өзі не боп, аузын баққан.

* * *

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Аңдыған жаман достан дұшпан артық.
Қолына кейбіреудің гаухар түссе,
Қадірін біле алмайды мыстан артық.
Тас болмай бір қалыпта, сынған жақсы,
Басыңа пәле келсе-тынған жақсы.
Жаманмен алтын тақта отырғанша,
Жақсымен бірге жатқан зындан жақсы.
Дос емес-досты сырттан жамандаса,
Несі дос, бір қатесін жаба алмаса?
Тұлпардан мәстек озып бәйге алады,
Қан түсіп аяғына, шабандаса.



ДОСАН АҚЫН

(туған-өлген жылдары белгісіз)

Қанжығалы-Бозымның Қоскелді тармағынан. Солзамандағы ақындардың дәстүрі бойынша табан атында суырып салып айтатын Досан ақынның бізге бір-ақ шумақ өлеңі жетіпті. Төмендегі өлеңінен оның он тоғызыншы ғасырдың орта тұсында жасаған адам екенін байқауға болады.

* * *

1831 жылы күз айларында Қанжығалы мен Сүйіндік – Қаржас елінің арасында жер үшін үлкен жанжал болып, Қанжығалы жағынан жеті адам казак-орыс әскерінің оғына ұшып қаза табады. Осы оқиғадан соң Досан ақын мен Қаржас руының Талас табынан шыққан Елтай атты ақын бір жиынды жерде кездесіп айтысқан екен.

Досан:

«Ұры Қаржас дегенде, ұры Қаржас,
Жанторсығың жаныңда сірі Қаржас.
Жаз жіберген көбенді күз қоймайсың,
Тұқымың одан әрі құры Қаржас».

Елтай:

«Керей мен Қанжығалы сен емес пе ең,
Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең.
Кешегі жеті еріңді құнсыз қылған,
Балам ау, әкең Қаржас мен емес пе ем».

ӘУЕН БИ ЖАНБОЛАТҰЛЫ
(1792 ж.т.-өлген жылы белгісіз)



Кезінде Үмбетей жырау дастан арнаған Нияз Жантай батырдың үлкен ұлы Мырзакелдінің немересі, Жанболат бидің баласы. Қанжығалы Бозымның Нияз тармағынан. Бір кісідей дәулеті бар Әуен Жанболатұлы 1822 жылы сыртқы округтер ашылғаннан кейін біраз жылдардан соң ауыл старшыны қызметін де атқарады. Ел ішіндегі абырой-беделі зор Әуен би екі-үш ауыз өленді табанда тауып айтатын шапшаң тілді ақын, ағайын арасындағы дау-шарға әділ билік айтатын тілге жүйрік, парасатты адам болыпты. Бұл кісінің кейбір сөздерін бүгінгі ұрпақтары да айтып жүреді.

Бір бас қосылған жерде малдың қысқы жай-күйі әңгіме болып, әркім өз сөзін қуаттай берсе керек. Осыны сырттай байқап отырған Әуен қария:

«Балалар, тексеріндер малдың астын,
Оған көңіл қоймасаң мандымассың.
Басыннан бак-дәулетің кеткен кезде,
Паналауға таппассың жардың астын»-деген екен.

* * *

Жасы тоқсан төрттегі Әуен қария тұғырдан түскеніне қынжылып:

«Кәрілік, батырдың-ау сен ұятқа,
Бұл күнде нұксан келді хал-қуатқа.
Қайтпайтын таудан, тастан
тұлпарым-ай,
Жетелесем баспайсың кең суатқа» —
депті.

Тоқалы түнгілікте әзілдеп: «Бұны енді
ноқталайын ба, әлде жүгендейін бе?»-десе
керек. Сонда Әуен қария:

«Көк аттың шабысы жоқ, желісі бар,
Әуен айтар сөзінің келісі бар.
Қолыңды бар бойыма сумандатпа,
Бос қалған орынында терісі бар»-деген екен.

ҚУАТ АРАБДАНҰЛЫ
(1802-1892)



Қанжығалының Аққозы-Боранбай табынан шыққан. Қуат ақын жайлы басқадай деректер қолымызға түспеді.

Қусақ көлінің басында 1876 жылы Керей Сағынайдың асы өткенін тарихтан білеміз. Осы жерде әр жақтан келген ақындар сөз сайысына түсін, өздерінің елі мен жерін мақтап өлең айтысады. Сонда Қанжығалы руларының жайлаған жерлері, қоныстары, неше болыс ел екені жайлы Қуат ақынның айтқаны:

«Ақжарда би моласы тұрған жеке,
Жарқайың, Қараой менен үлкен Теке.
Жарлықақ, Жантай ағаш, Жайылма мен,
Майқайың, Ерейментау-жер береке.

Әр жерге Қанжығалы тарағанда,
Бір болыс қалып қойған Обағанда.
Үш болыс Ерейменнің тап өзінде,
Үш болыс Керекуге қарағанда».





ҚУАТ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ
(туған-өлген жылдары белгісіз)

Қуатақын жайлы көп дерек қалмапты Сәкен халфе Ғылманидың жазбаларына қарағанда, сүйегі Қанжығалының Есен-Жапар тармағынан, он тоғызыншы ғасырда жасаған сияқты.

Қуат ақынның қартайған шағы болса керек. Бір жиынды жерге барғанда қолына су құйып тұрған қыз: «Аға, қолыңызға су тұрмайды ғой?» – депті. Сонда Қуат ақын табан астында:

«Ағаң жасы алпыстан асып қалды,
Тіс қажалып, тілдігін басып қалды.
Кәріліктен шашыма нысан кіріп,
Басыма ақ көбігін шашып қалды.
Қайтпаған қара тастан алмас денем,
Босаңсып, суы қайтып жасып қалды.
Талғамай алаулатқан аусар жүрек,
Аптығын ол да, міне, басып қалды.
Бір кезде қыз қызыққан ақ денемді,
Бұл күнде кемпір сипап, қасып қалды.
Қолға су құйғанменен қайдан тұрсын,
Қан кеміп, денеден ет қашып қалды.
Қарағым, назарыңды салма маған.
Жиырма бес артымда қашық қалды.
Жақсыға жар табылу қиын емес,
Сынауың жарамайды кәрі шалды»-деген екен.

АЙТПАЙ АҚЫН (туған-өлген жылдары белгісіз)



Қанжығалының Қылшар тармағынан. Ақындығымен қоса айтулы әнші болыпты. Өмірден ерте кетсе керек. Айтпай ақынға байланысты төмендегі әңгіме тоқсаныншы жылдары ерейментаулық қарт ақын Темірболат Бәйділдәұлының аузынан жазылып алынып, баспасөз бетіне шыққан болатын. Кейіннен Ғалымжан Мұқатовтың «Абыздар мен ақындар» атты кітабынан да осы әңгімені кезіктірдік. Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген.

Ертеде Киікбай елінде, Қызылшілік деген жерде Айтпай атақты Шөжемен кездесіп айтысады. Айтыста Шөже басым түссе де, Қанжығалы елі білек танытып, сен жеңілдің деп, Шөжені киіз үйден сыртқа сүйреп тастайды. Бұған назаланған Шөже Қуандық-Тоқа елінің мықтыларына барып шағымданса керек. Олар Шөжеге ат-шапан айыбын бер деп, Ереймендегі Қоскелді Кәрібай болысқа хат жолдайды. Кәрібай: «Шөже мен Айтпайдың айтысының басы-қасында болған жоқпын, қаңғырған қырғызға айып төлей алмаймын. Келесі жылы жазда Қараөткелде тоғыз дуанның басын қосқан үлкен жиын болады. Мен Айтпайды ертіп барайын, қапысы болса Шөже сол жерде айтысып, жеңсін»-дейді.

Айтқандай келесі жылы дуандағы жиында бастарын қосқан ел жақсылары Шөже мен Айтпайды қайтадан айтыстырмақ болады. Бірақ бәріміз бір Арғынның баласымыз, бір-бірімізді қаралағанда не табамыз, айтысты көпке созбай, бір-екі ауыз өлеңмен қағысып тоқтандар дейді.

Бұның алдында біраз жылдар бұрын Айтпай ақын мен Қанжығалы елінен шыққан Боранбай атты домбырашы жігіт Көкше-

тау жағындағы құда-жекжаттарына мейманшылап барғанда Уәли ханның немересі Сұлтанғазы төре ұстап алып, өзіне басыбайлы қызметші қылмаққа Орынбор жағына алып кетеді. Бірақ бірер жылдан соң бұлар қашып елге келеді. Бұл мәселеден Шөже хабардар екені белгілі.

Айтысты Шөже бастап:

«Сұрасаң, арғы атамыз Қуандық-ты,
Талайға көрсетті ғой жуандықты.
Аққошқар-Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты»-
дейді.

Айтпай:

«Сұрасаң арғы атамыз Ішпекбай-ды,
Ішпекбайдың жылқысын Алтай жайды.
Арғы атаң-арғы атама қызмет қылған,
Соқыр құл өз мырзасын танымайды».

Шөже:

«Айтпай сөзі Шөжені жанайды ғой,
Шөже бірақ Айтпайды аяйды ғой.
Орынборға Сұлтанға қағаз жазсам,
Артыңа қада бізді қадайды ғой»

Айтпай:

«Арғын, Қыпшақ болғанда, Қоңырат, Найман,
Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған.
Үш жүз тұрсын, төрт жүзде қырғыз бар ма,
Соны неге білмейсің, соқыр айуан?» –
деп Шөженің түбі қырғыз екенін бетіне басады.
Отырған ел ағалары осы жерде айтысты
тоқтатып, ақындардың жолын бергізеді.



ЕРАЛЫ САҚҚҰЛАҚҰЛЫ
(1846-1932)

Арқа өңіріне әйгілі Сакқұлак шешеннің баласы. Ескіше сауаты бар Ералы кезінде халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, ескі ақындардың, би-шешендердің сөздерін жинаумен айналысқан екен. Сондай-ақ, қазақ даласына келіп жатқан саяси өзгерістерге, қоғамдағы түрлі құбылыстарға қатысты өз пікірі бар санасы ояу адам болса керек. Сол кездегі «Әдебиет майданы» журналының 1936 жылғы бірінші санында оның «Ералы ақсақалдың сөзі» атты мақаласы басылып шығады.

Ершін ақын (Ералыны ел іші солай атаған) өз әкесі Сакқұлақтың да естеліктерін қағаз бетіне түсіріп кеткен. Осы баға жетпес деректерді өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары біраз қаламгерлер өз еңбектеріне пайдаланғанын ол кісінің баласы, филология ғылымдарының кандидаты Тұрсынбай Ералыұлы өз жазбаларында айтады. Бұлестеліктер

осыдан бірер жыл бұрын «Өмір шежіресі» деген атпен кітап болып басылып шықты.

Ералы Саққұлақұлы өленді жазып та, табан астында тауып айтатынын да соңында қалған азды-көпті мұраларынан байқап жүрміз. Ол сондай-ақ эпикалық жанрға бой ұрып, кезінде Үмбетей жырау дастан арнаған, Нияз Жантай батырдың ерлігін суреттейтін «Шанды жорық» оқиғасына қатысты «Жантай батыр» атты дастан тудырған. Ералының бұдан басқа бірнеше өлендері біздің заманымызға жеткен. Оның ішінде «Ерейменмен қоштасу» деп аталатын ұзақ өлеңіш елдегі қария адамдар әнге салып әлі де айтып жүреді.

Ералы 85 жасында Семей қаласында баласы Тұрсынбайдың қолында қайтыс болып, сонда жерленеді. 1992 жылы ұрпақтары ақынның мүрдесін туған жеріне әкеліп, Қоржынкөлдегі қорымға қойды.

ЖАСТЫҚ ДӘУРЕН ТУРАЛЫ

Жігіттік деген дәуірді,
Бір кезде бастан кешірдік.
Ықты-жарды қарамай,
Үсті-үстіне есірдік.
Күндіз демей, түн демей,
Бәрін тастап көсілдік.
Шағым тағы аз емес,
Жеңге деген қу шықты.
Артыңнан ду мен шу шықты.
Байқасам осы жүрісті,
Бұқаменен тең екен.
Бақсыдай не жын қуған,
Дуанадан кем бе екен.
Құрысын, оған салынба,
Босқа еліріп қағынба.
Бес күн қызық алам деп,
Қу жеңгеге жалынба.

КӘРІЛІК ТУРАЛЫ

Сұм көңіл әр тарапты кезеді екен,
Түк таппай ақыр күдер үзеді екен.
Болса да қандай жаның сыйлас, сырлас,
Бөлектеніп жаныңнан безеді екен.
Заңы деп жаратылыс көнеді екен,
Қайрат қажып, жалының сөнеді екен.
Үміт деген кесілін, тұйықталып,
Қайғы менен қасірет жеңеді екен.
Толқып ой бірде өткенге көшеді екен
Қу қиял қалған күнді қайта жасап
Ұялмай кейде аралап кетеді екен.

ТУҒАН ЖЕРМЕН ҚОШТАСУ

Көк сарай қатарланған көк күмбезді,
Көр, кел деп күншіліктен тартқан көзді.
Көк мұнар көкшіл түтін басын қоршап,
Көргенді «па, шіркін-ай» бір дегізді.
Безенген көк масаты іші-тысы,
Бермеске жақсы ажарын бар бір күші.
Белгілі, перісін сап үрлегенде,
Безетін ақ шалмалы түскен қысы.
Егілген айналасы бақша мен бау,
Екінің бірі әшекей, бос жер жоқ сау.
Ежелден ескі әдеті гүл оранған.
Еркесі ес білгенің-Ерейментау!
Сылдырлап ақ күмістей аққан бұлақ,
Сыртыңнан бауырыңа түскен құлап.
Сыр шашып айналаға есерленбей,
Мөлдіреп арнасымен барған бірақ.
Тоқтайтын тынысы оның күміс көлде,
Тосқауыл ондай көлдер бар әр жерде.
Төрт жағы түгелімен бірдей біткен,
Тегінде сенен басқа бар кімдерде.
Көл-сенде, өзен-сенде, бұлақ-сенде,

Көкорай көк шалғын мен құрақ сенде
Көрсеңіз көз тұндырған ағаштарды,
Көйлектің кестесіндей етігінде.
Бауырдай тілген сыртын егін жай да,
Бауырың мың жусанды, беті майда.
Балауса көл томары шабындылы,
Бос жері болмайтұғын ой мен сайда.
Жоқ шығар, сірә, сенің тіпті арманың,
Саған бермей көрмедім мен қалғанын.
Кім болса да таласып бой теңескен,
Тәкаппар Ырғайлы мен Күншалғаның.
Інісі Қаратаудың Мыңшұқыр да,
Айғайлап, үлдеген жын шұқырда.
«Мен сорлы ініңмін», – деп айғай салып
Бауырын қарайтатын сұм шұқырда.
Мұндасы, Төрежалы-тетелесі,
Кісідей бірге туған ата-енесі.
Арқасында олардың кем болған жоқ,
Айғыржал, Сарыадырдай кешенесі.
Ірге тау ежелден бір соққан қорған,
Сырттан жау жібермеске бетін бұрған.
Түсі мыржық, ақылға сондай бай боп,
Бауыртау не тілекті беріп тұрған.
Самалы салқын серуен – сары белің,
Асуы сай тауыңа, ойың, өрің.
Жалтыраған күмістей көркі сұлу,
Балдан тәтті мөлдір су Қоржынкөлің.
Ереймен, талайларға арман жерсің,
Сәбірлі, Қантайдан да қалған жерсің.
Бөгенбай, Жантай сынды батырлардың,
Найзасын қанға бояп алған жерсің.
Сұлуға кім қызығып жарыспаған,
Кімдер шаршап, таласып, тарыспаған.
Тарихта аты қалған ер Бөгенбай,
Сен, Ереймен, жеріңен қарыштаған.
Қанжығалы секілді елің болды,
Айналаң төрт түлікті малға толды.

Саған тоймас көзбенен көңіл болмас,
Жемісінді масайрап халқың орды.
Осы кербез түріңе кімдер шыдар,
Қарағанда бетіңе қылдық құмар.
Ләззатыңа ғашық боп құшамын деп,
Көкірекке салмап па ед нелер мұңдар.
Сүйіндіктей күшті елдер жуан таптан,
Неше заман көз тігіп саған шапқан.
Жетірудың жеті ерін құрбан қылып,
Сені, Ереймен, қан төгіп қорғап баққан.
Нелер ерлер туғыздың тіл безеген,
Нелер ерлер туғыздың оқ кезеген.
Неше алуан туғыздың данышпанды,
Кейбірінің іші алтын бой тежеген.
Өсірген сен, Ереймен, қария анам,
Өрбіген кең қойнында мен бір балаң.
Өлкенде өмір сүріп тауыстық та,
Өлшеулі қалған күнің енді сараң.
Айырмас сүйгенінен болмас адам,
Тарихи мұра ғой ол баршаға тән.
Келгенде сексен төртке қош айтысып,
Бет бұрып басқа жакқа бастым қадам.
Мәңгі жолдас сенімен жоқ еш қалған,
Талайы келген, талайы кеткен, барған.
Сексен төрт жыл жолдастық татиды ғой,
Тойымсыз боп кетпесек безіп ардан.
Сен де тағы жоқтама көңілім бардан,
Қорку қате және де қар мен тардан.
Шыққан қойны кіруге әркімге ыстық
Осы жері, жалғыз-ақ маған арман.
Ералы атым, кейбіреу дейді Ершін,
Айтатұғын сендерге мынау борышым:
Мені біреу қуған жоқ «кет» деп сенен
Құтты болсын, Ереймен, жаңа көршің!



АТҚЫБАЙ ЖЫРАУ БАЙКЕНЖЕҰЛЫ (1844-1918)

Үмбетей жыраудың шөбересі. Таратып айтсақ, Үмбетейден –Атабек, одан –Байкенже. Атқыбай сондай-ақ, Үмбетей шығармаларын бүгінгі күнге жеткізуде үлкен еңбек сіңірген адам. Жырау бабасының «Жантай батыр» қиссасын Атқыбай өз атасы мен әкесінен үйреніп, кейінгілерге таратады. Себебі дастанды кімнен үйрендіңіз дегендерге ол:

«Үмбетей шау тартса да алжымапты,
Аузынан ыңғай асыл сөз тарапты.
Ерлігін қарт Бөкең мен жас Жантайдың,
Атекем ағасынан ұғып қапты»-дейді екен.

Кейін бұл дастанды Атқыбайдан Бейсекейұлы Төлеш ақын, одан Жылқыбайдың Жұмағұлы деген адам үйреніп, ел ішіне таратады. Кезінде бұл шығарманы Атқыбайдың аузынан Олжабай Нұралыұлы да жазып алған екен.

Атқыбай ескіден қалған қисса-дастандарды жырлаумен қатар, өлеңді табан астында суырып айтатын өте жүйрік ақын болған. Оны бүгінгі күнге жеткен мұраларынан байқауға болады.

* * *

Атқыбай жырау бірде Қанжығалының Малай атасынан тарайтын Шоқыбайдың Сүлеймені деген дәулетті адамның үйіне түседі. Сүлеймен және Мекеге барып қол тапсырып келген қажы болса керек. Байдың манғаз бәйбішесі Қатша шайды екі аққұманнан ағызып, мейманға жылымшы татыған кірпіш шайдан, өздеріне хош иісті қағаз шайдан құйып отырады. Бәйбішенің осыншама кекірттігіне шыдамаған Атқыбай ақын сол жерде-ақ:

«Малайда Сүлеймендей бай шығыпты,
Құятын екі түрлі шай шығыпты,
Болыпты сараңдағы жұртқа мәлім,
Үйінен талай адам жай шығыпты.
Тақта шай жақпаушы еді тұмауыма,
Қатшаның қажы көнген бұрауына.
Шайынды мейманыңа бөлек құйып,
Құдайдың не демексің сұрауына ?! деп бетіне басады
Ақынның табан астында айтқан сөзінен сасқан
Сүлеймен қажы оны жақсылап сыйлап жіберіпті.

* * *

Ел іші партияға бөлініп, алауыз болып тұрғанда,
Атқыбайға бұрыннан тісін қайрап жүрген Қоскелді
Кәрібай болыс жыраудың күнелтіп отырған екі сиырын
бірдей айдатып алдырады. Малың даулап келген ақынға
Кәрібай: «Сен кімсің?»-дейді танымағансып.

Сонда Атқыбай:

«Буынғаным беліме-шұғаның кенересі,
Жақсының танымаған неменесі?
Кәреке, танымасаң танытайын,
Атқыбай – Үмбетейдің немересі!
Сәлем бере келеміз қожамызға,
Мал қоймайтын болды ғой қорамызға,
Қорадағы бар малды ұры алған соң,
Жан-жаққа бүкіл кедей тозамыз ба?!» – деп
Кәрібайға зілдене қарайды. Ақынның адуынынан
сескенген болыс жалтара сөйлеп:
– Біздің Қоскелді Жолымбетпен құда емес пе?
Қылшардың ұрылары әкетіп, сойып алған
шығар, соны қағыстырсаңшы, байқұс, – деп
ақылгөсиді.

Атқыбай жырау осы арада:

«Қылшармен көптен бері құдамыз – ды,

Япырмай, бұл сиырды кім алғызды ?

Кәрібаймен партия боламыз деп,
Ұстатты қолымызға «мынамызды!» – деп зығырданы
қайнап ұшып түре келеді. Жыраудың сөз саптауынан
сескенген Кәрібай болыс екі сиырды табанда
таптырып беріпті.

* * *

Боқтайдың Махметі деген бай адамның үйінде
қыз ұзату тойы болып, Олжабай болыс та шақырылса
керек. Көптің ішінде Атқыбай ақын да болады.
Олжабай ел билеген болыс қана емес, ауыздыға
сөз бермеген ділмар, оның үстіне ақындығы да бір
кісідей. Жиналған жұртты әңгімеге ұйытып, желдей
есіп отырады. Кенет көзі таспиғын тартып бір шетте
отырған Атқыбайға түсіп, мұқатпақ ниетпен:

«Жаман ат жақсы болмас жарағанмен,
Бұйра шаш жазылмайды тарағанмен.
Көңілің Аллаға шын жығылмаса,
Құр таспиқ не береді санағанмен?» – дейді.
Сонда Атқыбай ақын еш мүдірместен, би-болыстардың
елден пара алатынын тілге тиек етіп:

«Кей пенде надандықпен малын жиған,
Сопылар құдай үшін жанын қиған.
Кей болыс түк бітірмей тәубе қылар,
Бос жатқан иман бар ма, құдай ұрған!»-деп
Олжабайдың бетін қайтарады.

* * *

Жасы келген кезі болса керек, бірде
Атқыбай ақын Саққұлақтың Ералысына

сәлем бере келеді. Үй толған жақсы мен жайсандар
Атқыбайдың келелі сөзін, келісті әңгіме-өлеңін қызыға
тындайды. Топ ішінде отырған Олжабай тағы да
тиісе сөйлеп, Атқыбайдың жасы келгенде ел аралап
жүргендігін, кедейлігін бетіне басып:

«Кәрілік қара нарға тас артқандай,
Бір жағын-бір жағынан баса артқандай.
Аяғыңа алпыс батпан тұсау түсті,
Бейшара-ау, жатсаңшы үйде масаттанбай!» – дейді.

Бұған айылын да жимаған Атқыбай:
«Үмбетей жырау емес пе менің атам,
Үндемей үйде қалай тыныш жатам.
Өлім барда-қаза бар, құлағың сал,
Сыйласқан атамменен сенің атаң.
Кекірттенбей кел бері, Олжабайым,
Алар болсаң кеудемде олжа дайын.
Жау қуғанда боз тарлан босамайды,

* * *

Төрт аяғым тайпалта жорғалайын»-деп біраз
нөсерлетеді. Ералы қарияның сұрауымен Атқыбай сол
түні бабасының «Жантай батыр» дастанын толғап, оны
Олжабай қағазға түсіріп алыпты.





ОЛЖАБАЙ НҰРАЛЫҰЛЫ
(1881-1935)

Бөгенбай ұрпақтарының ішіндегі айшықты тұлғалардың бірі. Сакқұлақ бидің немересі. Төңкеріске дейін талай жылдар Ерейментаудағы екі болыс елдің бірі – Қоржынкөл болысын басқарған. Әулетінен айтқыштық, шешендік үзілмеген Олжабайдың ақын болуы заңды құбылыс. Ұрпақтары оның соңында қалған әдеби мұрасын жиыстырып, 1995 жылы кітап етіп шығарды.

Олжабай ақынның батыс, шығыс әдебиетінен мол хабары болған. Сондай-ақ, Абайға қатты еліктегенін көреміз. «Құбаш қара», «Аңшылық» атты өлеңдері осының айғағы. «Аңшылық» өлеңі 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне басылады. Сонымен қатар, орыс

ақын-жазушыларының (Жуковский, Надсон, Толстой) кейбір шығармаларын қазақшалаған. Жай өлеңдерден басқа «Сабалақ», «Кесілген бас», «Мұңсыз хан», «Ғабдолла», «Зейнегүл» (шығыс дастанының ізімен) сияқты бірнеше оқиғалы дастандар тудырған. Ақынның айдауда жүріп шығарған «Сағындым» деп аталатын ұзақ өлеңін елдің үлкендері әлі де әнге салып айтып жүреді.

Талай жылдар ескерусіз келген Олжабай Нұралыұлының шығармашылығы кейінгі жылдары қызығушылық тудыруда. 2006 жылы Алаш ардагері Қошке Кемеңгерұлының шөбересі, жас ғалым Қайырбек Кемеңгер Олжабай шығармашылығы жайлы кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми дәреже алды.

Кеңес өкіметі орнаған соң Бөгенбай әулеті қуғындалып, Олжабай болыстың мал-мүлкі тәркіленіп, 1928 жылы ағайын-туған, отбасымен бірге Қазақстанның батыс аймағына (қазіргі Ақтөбе, Атырау облыстары) жер аударылады. Сонда жүріп Тұрар Рысқұлов арқылы Мәскеуге хат жазып, соның арқасында 1932 жылы азаматтығы қайтарылып, өз еркімен Ресейдің Омбы өңіріне қоныс аударады. 1935 жылы Омбыдан пойызбен Орынборда оқитын баласы Қазыбеке бармақ болып шығып, жөлшыбай жүрегі қысып ауырып, Қызылжар қаласында қайтпас сапарға аттанып, сол жерде жерленеді. 1991 жылы ұрпақтары Олжабай ақынның мүрдесін елге әкеліп, Ерейментаудағы Малтабар ауылының қорымына қайта қойды

Қиын ба кетуіне сырт айналып?
Артында қағушылар жалбаң қағып.
Кейде шығад алдына, кейде артына,
«Көкшолақ» мені қу деп, айбаттанып.
Созылып бәйге атындай қасқыр келед,
Құтылып қағушыдан, мойыны талып.
Баспалап Сарышоқыда тосушылар,
Жүрек тулар, қасқырды көзі шалып.
Елеңдеп жүйрік те тұр жерді тарпып,
Айғайға алыстағы құлақтанып.
Аққасқа тесірейіп жұтынып тұр,
Ұмтылып қыңсылайды ызаланып.
Аңшы да қарсы алдынан құлай шапты,
Босатып Аққасқаны айғай салып.
Ұшқан құстай қасқырға барып жетті,
Айқасты көкжалменен жарқ-жұрқтанып.
Қасқыр да бола қояр осал аң ба?
Сақылдап тісі сарт-сұрт қаруланып.
Шыққандай екі батыр жекпе-жекке,
Алыстың қызығына көңіл жарып.
Алқымнан жылдамдықпен алып жықты,
Аузынан бұрқ-бұрқ етіп қаны ағып.
Олай-бұлай сығып алып сілкегенде,
Қалады жылдамыдықпен көзің талып.
Көкжал да бола қояр осал аң ба?
Жатса да жан жерінен шайнап жарып.
Тепеңдеп, есі шығып, барынша айдап,
Аңшы да келіп қалды даңқойланып.
Ит салып жатқанына қанағат қылмай,
Сойылмен салып өтер құмарланып.
Манағы Дөңсармен бірін қуып,
Соғуға бір көкжалды жүр тақалып.
Денесі терге шомып алғаннан соң,
Сілтейді құлаш салып лағып-лағып.
Қуаяқ құтылудан қалғаннан соң,

Қару ғып соқтырмай жүр бұлтақ қағып.
Атқанда дәлдеп бастан ұрып өтті,
Сырттан көк қалды құлап домаланып.
Аңшының екі езуі құлағында,
Ит алып, ат соққанға шын мақтанып.
Үш мақсат бір орында орындалар,
Жау өліп, қызық көріп, олжаланып.
Қараған ат теріне бықсық байлар,
Осындай көп қызықтан соқырланып.
Бар, жоқтық сол сағатта естен шығар,
Ішпес-жемес ләззатқа мейір қанып.
Ұйқы, тамақ, шаршаудан сезік қалмас,
Әуеленген бір қуат билеп алып.
Атысып насыбайды, дем алысып,
Ақсақалы артына аң байласып.
Қайтқанда елге қарай көңіл де өсер,
Алдырғанын айтысып, бір жайланып.
Құмар тарқап, көңілі басылғанда,
Кетпей ме кедей сері шала байып?
Екеуі де азулы жыртқыш айуан,
Қасқыр алған ит қандай, көр ойланып!
Бұдан қызық жалғанда жоқ деп айтсам,
Кекетпес, көзі бар жан мені шалып.
Аңқұмардан сілекей шұбырмай ма,
Коз алдына суретін қойсам салып?



МОЛДАЖАН ЖАДАЙҰЛЫ
(1881-1949)

Қанжығалы ішінде Бөгенбайдың ағасы Көлбайдан тарайды. Ақындығына қоса зергер ұста, ұсынғаны мүлт кетпейтін асқан мерген болған. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде мергендер тобын бастап, жау әскерін талай шығынға ұшыратқан. Губерния бастығына тіл тигізгені үшін 1905 – 1906 жылдары Семей губерниясының Зайсан уезінде айдауда болады.

Жас күнінен ақындыққа бой ұрып, өлендер мен батырлық дастандар шығарады. Оның «Бөгенбай батыр», «Сабалақ», «Олжабай батыр» дастандары қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресін бейнелеуге арналған. «1916 жыл оқиғасы» атты поэмасында Ерейментау өңірінде болған ұлт – азаттық көтеріліс туралы шынайы суреттеледі. Молдажанның басқа өлендері, «Ереймен тауы» атты ұзақ толғауы туған жерге деген сүйіспеншілікке, өмірге деген құштарлыққа толы жырлар. Молдажанның шығармалары ҚР

Ұлттық ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

ОЛЖАБАЙ НҰРАЛЫҰЛЫНА ХАТЫ

Сұлуым, саған құмар жанның бәрі,
Жүрген көп, екі көзге жетіп әлі.
Аурулар жоқтап – зарлар Лұқпанның,
Лебізі дертті күнде болған дәрі.
Ақ тілек хаққа жетсе, қиын емес,
Зарығып сағынғанның қосылмағы.
Ерте арнап, кеш ұсындым жол табалмай,
Белгілі қараңғылық, ол баяғы.
Сөзімде жүрек сыры бар ма, жоқ па?
Сұлтаным, осы арасын анықтапсың.
Қадірі көшкен жұрттың-қонғанда өтер,
Қалайша енді іздесем табылмақсың?
Пұлым жоқ сатып алар, базар да жоқ,
Уа, дариға! Асылым, тым қымбатсың!
Құдайым нәсіп етсе келер күнді,
Ойға алмай орыны жоқ – ау ұялмақтың.
Біз жүрміз бар кінәні сізге жауып,
Жүгіміз кейде түзу, кейде ауып.
«Қыздарды» алып жатыр «ескі күйеу»,
Әр жерде бойжеткен қыз, балдыз тауып.
Би Бапан ол да кошіп аумады ма?
Ықтияр болмай ханның зандарына.
Қарағаш деген жерде қолға түсіп,
Тұтқында қатын бала қалмады ма?
Түзеліп оның арты, жауын жеңіп,
Ақыры Қоржынкөлге бармады ма?
Орнығып, мекен қылып Қоржынкөлді,
Үлгіні Орта жүзге салмады ма?
«Арғынның ақсақалы – Саққұлақ», —деп,
Мирас боп кейінгіге қалмады ма?



ЕКІНШІ ХАТ

Шебер ой өткір тілге қылды жарық,
Оятқан ойды тербеп мұң мен зарлық.
Көшпелі бұлт секілді, шіркін көңіл,
Кетпей ме кейде сергіп, кейде қалғып?
Түсті ғой жүрекке шоқ сөніп бітпес,
Халіңнен аянышты хабар алып.
«Ерге елу бие борыш болмса», – деген,
Мақалы бұрынғының қалғаны анық.
«Білдірмес бөрі арығын» деген қайда?
Ит үрсе, қампимай ма айбаттанып?
Не жаксы , не жаман боп жүр шығарсыз?
Ешкім жоқ көріп келген Сізге барып.
Дос жүдеп, дұшпан үдеп елірмей ме!
Жазасыз сөзді мұнша неге налып?
Тұрмыстан кейде шат боп, кейде зарлап,
Өтіпті бізден бұрын талай халық.
Хұсайын шаһит болды қандай күймен?
Білесің бізден-дағы өзің анық.
Жауыздың рахымсыз күшіменен,
Сусынға зар боп өтті шөлде қалып,
Ғалидей арыстанды зар жылатты,
Дұшпаны жолын тосты орға салып.
Зынданда он екі жыл Жүсіп жатты,
Қас қылған ағалары іздеп барып.
Шаждада бас көтермей жатпады ма?
Қас болған ағалары өзі барып.
Қазіреті Имам Ағзам ол да өлді.
Әмірін падишаның тұтпақ болып.
Сіз қандай, олар қандай, ойласаңыз?
Керек қой сабыр ету, тәмсілге алып.
Кешегі Кене – Науан ол да қайтты,
Ол мұңын кімге шағып, кімге айтты?
Қажымас қара болат қайратымен,

Жолына ақыреттің сапар тартты.
Тірідей отқа салған Ибраһимды,
Бастықтар қарсы болған ұстап алып.
Ашылған қастық – достық ишарасы,
Сауысқан – от, қарлығаш су апарып.

**«БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ БІР ЖОРЫҒЫ»
ДАСТАНЫНА КІРІСПЕ**
(үзінді)

Негізі-бұл әңгіме ертеректен,
Біреуден біреу естіп, айтып өткен.
Сөзқұмар болдым мен де жас күнімде,
Үйір боп талай шалға еркелегем.
«Ататай, ертек айт» – деп жалынғанда,
Құлақта қалған сөз ғой кәрілерден.
Ұқтырып ұққанымды тындаушыға,
Белгі боп бір әңгіме қалсын ерден.
Бетімді сөйлейтұған таныстырып,
Тоқталсын кіріспе сөз осыменен.

Тарихтың тағдырында сөздің көбі,
Түртіліп, сөйлесе ол гүлденеді.
Сом алтын жата берсе қап түбінде,
Қапшықта не бар, не жоқ кім біледі.
Базарға салмақ болып отырғаным,
Жинаған жұрт қыдырып «өлең» еді.
Ескі сөз ел аузынан жинап алып,
Мына бір айтқым келді әңгімені.



ТӨЛЕШ БЕЙСЕКЕЙҰЛЫ **1893-1933**

Қанжығалы –Бозымнан тарайтын Нияздың бес баласының бірі Қабылдың ұрпағы. Төлеш ақын туралы бізге жеткен дерек-оның 1916 жылы Ерейментау жерінде болған ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, атқа мінген азаматтарға жалынды жырымен дем бергендігі. Төлеш сондай-ақ, «Жантай батыр» дастанын Атқыбай жыраудан үйреніп, елге таратушы.

1916 жылы патша жарлығына наразылық білдіріп атқа қонған ерейментаулықтар Есен-Жапардың Шағалағынан тарайтын Атан батырдың ұрпағы Сәтпай қажыны орталарынан хан көтеріп, Нияздың Шағыр атасынан шығатын Бала Сыздық балуанды мыңбасы етіп сайлайды. Осы дүрбеленді кезде Төлеш ақын былай деп толғаған екен:

«Мыңбасы-Бала Сыздық палуаным,
Қорлатпай батыр баба әруағын,
Жантайдай найза түйреп, садақ атып,
Дұшпанды жайратады шашып қанын.
Жетіру-зергерге де, ерге де бай,
Не қажет, қару – сауыт бәрі де сай,
Қандықол атқан оғы мүлт кетпейтін,
Мергендер-Жанайдар мен Молдажандай.
Ер сынар егер заман туса тағы,
Оқтаулы берен мылтық қолымдағы,
Құралайды көзге атқам жас күнімде,
Құртамын жау шоғырын өзім-дағы.
Шапсам мен «Бөгенбайлап» буырқанып,
Кім кетпес жау қамалын бұзып, жарып,
Қыранды бүргелі тұр өңшең сарбаз,
Түбінде жеңуі хақ біздің халық!»

СӘБИТ СӘТБАЙҰЛЫ
(туған-өлген жылдары белгісіз)



Туған-өлген жылдары жайлы дерек жоқ. Өлендеріне қарағанда, он тоғызыншы ғасырдың аяғы, жиырмасыншы ғасырдың басында өмір сүрген. Қанжығалының Қылшар атасынан тарайды. Сөздеріне қарағанда, ынапшаң, тілді ақын болғанға ұқсайды. Сәбит Сәтбайұлы жайлы бізге жеткен дерек-оның да ұлт азаттық көтерілісі кезінде қару алған халықпен бірге болып, қанды оқиғаны көзбен көріп, жалынды жырларымен ел азаматтарына дем бергендігі.

Сол қасіретті кезең жайлы Сәбит ақынның мына бір өлеңі бізге жетіпті:

«Патшаның жарлығы елді булықтырды,
Сыздатып жарамызды ушықтырды,
Жендеттер бейбіт елді қойша қырып,
Озбыр күш міне тағы тұншықтырды.

Аңырап ақ шашаты ана, айырылмас жар,
Көз жазып боздағынан, шығарды үнді.
Тыңдасан тұла бойың түршігеді,
Халықтың қайғы – шері қандай мұңды.

Ел бағы, малы түгілі, батыр қайда?
Көп құрбан мұз боп қатып жатыр сайда.
Қыстаулар кара құрым күлге айналды,
Тұтылды апандағы күн мен ай да.

Ұлық пен болыс кеше жендетіне,
Тізімдеп «бунт басыны» депті байла.
Конвоймен әкетті әне, жас біткенді,
Құтылар бұл қорлықтан бар ма айла?!

Кешегі жел өтпейтін қос Қарағаш,
Дариға – ай, бүгін көрсең жап-жалаңаш,
Қайран ел қамалғанда тұйыққа осы,
Көзімнен ақты жасым қан аралас!»

ОЛЖАБАЙ мен СӘБИТ

Ауыздыға сөз бермейтін орақ тілді Олжабай болыс бір жерде Сәбит ақынмен дәмдес бола қалады. Жаз уақыты болса керек. Дастархандағы қанттың үстіне үймелеп қаптаған қара масаға қарап Олжабай ақын:

«Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі анталап
Қинайды шыбын жанын тамақ қарап»-дейді де,
қалғанын ақын болсаң сен айтшы деп Сәбитке қарапты.

Сонда Сәбит ақын ойланбастан:

«Парақор би-болыста не кінә бар
Маса да өліп барады қантты жалап»-деген екен.

ЖАКУДА ҚҰЛБОЛДЫҰЛЫ
(1860-1936)



Бөгенбай батырдың қалмақ әйелі Қамарқаннан туғатын бір ұлы Жылқыбай батырдың ұрпағы. Бүгінге жеткен біраз өлеңдеріне қарап, оның табан астында суырып айтатын аса шапшаң және өте тілді ақын болғанын байқаймыз. Негізінен дәулеті шамалы, кедейлеу болған Жакуда өз өлеңдерінде би-болыстарды аямай түйреп, Қазан төңкерісін, жаңа заманды қуана жырлайды. Колхоз жұмысынан жалтарып, жан баққан жалқауларды ащы тілмен аяусыз сояды. Жакуда ақынның есімі Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында да аталады. Ерейментаулық журналист, шежіреші, марқұм Ғалымжан Мұқатов өзінің «Абыздар мен ақындар» атты кітабында: «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алдында Ерейментауға келген Сәкен Сейфуллинді дұшпан екен деп түсінген ел адамдары өлтіреміз деп тап бергенде, оның үстіне жата қалып, шапанымен бүркеп, тиіскізбеген осы Құлболды еді» – дейді. Ғалымжан Мұқатовтың жазуынша Жакуда ақынның сүйегі Сілеті бойындағы бұрын Қызылжар деп аталған ауылдың қорымында жатыр.

Кеңес үкіметі орнағанмен, әлі оның толық билігі жүрмеген кез болса керек. Шоқан деген кедей адамның Рақымжан атты баласын Әбікен деген би сырттан билеп, Құдияр байға төр қойға сатып жібереді. Бұған ашынған Жакуда бастаған ел адамдары Ақмолаға Совдепке хат жазып, одан тексеруге өкіл келеді. Бірақ әңгіме барысында келген өкіл жас бала Рақымжанның сөзіне толық түсіне

қоймаса керек. Сонда жандарында бірге тұрған Жакуда ақын Рақымжан бала болып, өкілге оның бар сөзін өлеңмен былайша жеткізеді:

«Бұл сізге:

Құрт қайнатып жүргенде қолым күйген,
Құдайсынған жауыздар талай түйген,
Төрт қой болды бар құным осы күнде,
Жыртық шалбар, көн тері бұтқа киген.
Шын атым Рахымжан, қойшы атандым,
Адам боп жылы үйде бір жата алмадым,
Ерте тұрып, қойменен бірге өріп,
Кешке сол қойымменен бір қамалдым.
Қашан құрғар көз жасым көл боп аққан,
Тілегімді кім тыңдар, мұңым шақсам?
Деп жүргенде естідім: патина құлап,
Бір кемеңгер шықты деп кедей таптан.
Сол кемеңгер құтқарған-Ленин екен,
Мәскеу дейтін қаланы қылған мекен,
Менің-дағы мінекей, күнім туды,
«Құл жиылып бас болмас» деген бекер» – деп тұр
деген екен.

* * *

Жакуда ақын жолаушылап, Ерейменнен жоғары қарай Керей еліне барып, сондағы байдың бірі Көпеннің Сәдуақасы дегеннің үйіне түседі. Бай Жакуданың келгенін аса ұната қоймаса керек, жалшыларына қой сой демей, ақынға қарап: «әңгіме айтыңыз»-дей беріпті. Оның пиғылын түсінген Жакуда:

«Уа, Қаз дауысты Қазыбекті айтайын ба?

Шақшақұлы Жәнібекті айтайын ба?

Қаракерей Қабанбайды айтайын ба?

Қанжығалы Бөгенбайды айтайын ба?

Болмаса атаң Мәті-Дәуленнен қозғап,

Әруағыңды жұмыртқадай шайқайын ба?

– дейді.

Ата-бабаңды айтайын ба деген соң, оларды мақтайтын шығар деп дәмеленген Сәдуақас: «Иә, иә, соларды айтыңыз»-дейді. Бірақ Жакуда оларды шамасы келгенше мысқылдап, мал бітсе де қайырымы жоқ екенін айтып, Керейдің батыры мен кедейін мақтайды. Ащы сөз намысына тиген Сәдуақас: «Қартайған адамсыз ғой, қалғып көз шырымын алыңыз»-деп қашқақтай бастайды. Бұны түсінген ақын:

«Ей, мырза-ай,
Алтын да тас, тас та тас,
Алтындай болмас басқа тас.
Алтынға адам кезлессе,
Алтынды алмай тастамас.

Мен Абылайдан бастасам-алты күн, Бөгенбайдан бастасам-бес күн сөйлер едім. Бірақ сенің қонақ күтш, келелі кеңес тыңдауға ниетің жоқ екен»-деп аттанып кетіпті.

* * *

Сілеті бойында, қазіргі Кеңөткел мен Приречное ауылдарының аралығында Үлкен Майлан, Кіші Майлан деп аталатын таулар бар. Жакуда ақынның қонысы осы Үлкен Майланда болған. Бұл таулар неліктен Майлан атанғаны жайлы мынадай сөз айтқан екен:

«Шұрайы Ерейменнің-мына Майлан,
Ту сыртта тау біткенге құшақ жайған.
Суы-бал, топырағы-май сол өзеннің,
Тарихын білемісің, шықты қайдан?

Қыз бопты Майлы есімді іргелі елде,
Ғашық боп малшы Қара бір көргенде.
Екі жас Сілетіге жасырынып,
Галай күн таптырмапты іздегенге.

Ол күнде жүрегiнiң түгi қарыс,
Жауыз жан болмады елде не жолбарыс?
Қуғыншы тап басқанда қыз бен жігіт,
Құзға кеп бекінеді, кетпей алыс.

Тамызда Майлы-Қара майдан ашып,
Соғысқан көппен жалғыз найзаласып.
Тартып ап қызды ақыры жауыққандар,
Қараны өлтіріпті дарға асып.

Қыршынды қиған ерте сұмырай қол,
Майлан деп аталыпты майданнан сол.
Сол Майлан талай-талай тарихы бар,
Бұл күнде мекен болды пайдасы мол»

* * *

Жакуда ақын колхоз белсендісі бола жүріп,
қоғам жұмысынан қашқақтағандарды аяусыз
әжуалайды. Ақынның сол уақыттағы ащы
мысқылға толы өлеңдері бүгінгі күнге жетіпті.
«Қаражарда-Қалдыбай,
Картожник Малдыбай.
Қырғызда бар-Нұрлыбай,
Пиғылы жаман Быжырбай.
Омар дейтін қажы бар,
Баймақы дейтін тазы бар.
Қоғамға іріткі салатын,
Құйыршықты табындар!»



СӘКЕН ХАЛФЕ ҒЫЛМАНИ
(1890- 1973)

Қазақстан мұсылмандарының тұңғыш қазыы. Ғұлама дінтанушы, акын, аудармашы, сондай-ақ, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысқан. Діни сауатын Ерейментаудың Тойғанкөл деген жерінде Ақтамақ халфенің (Ахмет Оспанұлы) медіресесінде ашады. Төңкерістен кейін ауылына оралып, халықтан қаржы жинап, өзі де медіrese ашып, бала оқытады. 1928 жылдан былай қарай ел ішіне дүрбелең кіріп, дәулетті адамдар мен дін өкілдері қуғындала бастаған соң, Сәкен халфе бас сауғалап Омбы жағына кетіп, сондағы Любин ауданы, «Жаңажол» колхозында басқа бір адамның аты-жөнімен жұмысшы болып істейді. Біраз уақыттар өткен соң Ерейментауға қайта оралып, «Еңбек»

колхозында ұста болып жүрген жерінен көрсетінді болып, бір түнде тағы да Омбыға қарай кетуге тура келеді.

1946 жылы дінге рұхсат етілген соң Ақмолаға келіп, сол жерде қайтадан ашылған мешіттің бас имамы болып тағайындалады. 1951 жылы Ресейдің Загорск деген қаласында Кеңес Одағындағы түрлі дін иелерінің басқосуы өтіп, Сәкен халфе Қазақстанның өкілі ретінде қатысады. 1953 жылы Қазақстан бойынша діни өкілдік құрылып, Сәкен халфе Ғылмани оның Бас қазны болып сайланады. 1956 жылы Меккеге барып, қажылық міндетін өтеп қайтады.

Сәкен Ғылмани ғұмыр бойы шығармашылықтан қол үзбеген адам. Ел ішінде моллалық құрып жүргенде де Олжабай Нұралыұлы секілді адамдармен тығыз қарым-қатынаста болып, өлеңмен хаттар жазысқанын, сол кездегі биліктің қуғынына түсіп жүргенде де қаламын қолынан тастамағанын бүгінге жеткен шығармаларынан оқып біліп жатырмыз.

Қазилық қызметке тұрған соң Сәкен Ғылмани тұсауы алынған аттай, дін мен әдебиет саласында барынша қалам сілтейді. Қызыл идеологияның қылышынан қаны тамып тұрған кезінде дінсіз атеистерге қарсы ондаған мақалалар жазып, кітапшалар шығарады. 1970 жылы «Құран туралы жала мен өтіріктер» атты кітабын жазып бітіреді. Осы еңбектердің барлығында ол Ислам дінінің олар айтып жүргендей жалған догма емес, адамзат баласына ізгілік пен имандылық әкелетін қасиетті ілім екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді.

Сәкен халфе сондай-ақ, тұңғыш рет 980 беттік (5 том) арапша-қазақша сөздік жасаған адам. Өкінішке орай бұл еңбегі сол кезде жарық көре алмайды. Осы дүниелердің барлығы қазір де мәнін жоғалтпаған, жарыққа жыға қалса,

халықтың шын игілігіне айналар еді. Ол Құранға да аударма жасап көріп, көптеген хадистер мен тәфсірлерге түсінік берген екен. Араб тілінен біраз өлеңдер аударып, шығыстың «Кәлила мен Димна» дастанын тұңғыш қазақшалаған да осы кісі екенін кейін біліп жатырмыз.

Бұл кісінің есімі кей жерлерде Сәкен (Сәдуақас) деп жазылып жүр. Ал өзі бір өлеңінде:

«Мен қария, сексен асқан, ақын Сәкен,
Еркелетіп атапты солай әкем.

Шын атым азан айтқан-Сағира-Қадыр,
Мекенім – Ерейментау өсіп-жеткен»-дейді.

Ғұмыр бойы жанына ақындықты серік еткен Сәкен Ғылманидың соңында машинкаға басылып, кітап етіп түптелген, көлемі 600 беттен асатын өлеңдері қалған. Бұл кітап қазір Астанадағы өзінің атындағы мешітте сақтаулы. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де шындап айналысып, Бапан биден бастап көптеген ақын-жырау, би-шешендердің сөздерін қағазға түсіріп кеткен. Оны жарыққа шығару алдағы уақыттың үлесінде деп білеміз.

ӨМІРБАЯНДЫҚ ӨЛЕҢ

Туған жерім-Ереймен, Малтабардың саласы,
Қоныс қылған арғы атам-Жарлықөлдің
жағасын.

Өскен елім Жапардың бәрі қандас баласы,
Кірме болған арғы атам, Жетірудың арасы.

Мың сегіз жүз тоқсан жыл, мен туғанның
шамасы,

Он жеті жас мезгілде, іздедім ғылым, расы.

Ахмет халфе ұстазым-Оспан қажы батасы,

Төлеңгіт деген рудын үздік шыққан
қарасы.

Соңына түстім оқудың, кездеспей бос күн шамасы,
Алты жарым жыл оқып, хатым еттім қарашы.
Мың шүкірлік иеме, жоқ ниғматтың шаласы,
Білгенменен білместің-көк пен жердей арасы.

Содан кейін өмірдің жұмсадым бәрін сол жолға,
Ұстаздың айтқан ақылы-ризалығым деп онда.
Үйретумен қанша жыл медіресе ашып дін жолда,
Шәкірт жиып топтадым, Тәңірім бетті деп онда.

Оған кесел туған соң, үгіт жағын ап қолға,
Жұмаға жидым ер-әйел, сауабы мол деп мұнда.
Қалмай елім жиналды, мешітке сыймай кеп онда,
Соны да жоқ қып бұл тұрмыс, бас сауғалап жон-жонға.
Онда да тірлік таба алмай, ұзақ сапар боп жолда,
Тарлық көрдім тұтқын боп, кездесіп құрған бір торға.
Аштық пәле тағы кеп, үйім қалды мол сорда,
Үш-төрт жаным қаза боп қалды солай бұл жолда.
Екі бала ол қалды көзі жаудыра бір қолда,
Бес жүз шақырым жерге ауып, бірі-тоғыз, бірі-онда.
Қаңғып кеттік бас қорғап, айтайын халқым, кеп тыңда,
Бір әйел мен бір басым, ауып келдік біз мұнда,
Қандасым деп мекендеп, Мырзекең* ауылын бір жылда.
Бала атамен бас қостық, құралып мәз боп біз сонда,
Тәңірім сақтап қосылдық, кездесіп түрлі зор сынға.
Қосағымыз тағы өтті, қаза жетіп қыршынға,

Жер –жерінде көме сап, баттық солай
«мыршымға».

Жалғанды жалғап тағы да, алданып
солай құр сынға,

Құрмет қылып осылай, кеп отырмын
мен мұнда.

Жылыны жылан сүйгендей,

Сағынай ауылын қып орда,

*Омбы төңірегіндегі Мырзаболат ауылы.

МОЛДА НӘБИГЕ ҚЫЗЫҚТЫРУ (Мәуліт жыры)

Ей, Алланың рахматын іздеуші,
Пайғамбардың шапағатын көздеуші.
Кездесер деп үмітін одан үзбеуші,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Үміт қылсаң жұмақ ниғмат хор қызын,
Көрмек болсаң жаратқанның нұр жүзін.
Баспа десең құрметіңнің мұң жүзін,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Қашпақ болсаң жаһаннамдай азаптан,
Күнә, қылмыс, бәрін теріп санатқан.
Қауіп қылсаң неше түрлі азаптан,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Көздегенің болса Тәңірім ризасы,
Болмау және Расул Алла ызасы.
Тисін десең жақсылықтың «жазасы»,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Адал үммет болмақ болсаң Расулге,
Отырмақты үміт қылсаң ең төрде.
Пайғамбармен болмақ болсаң сен бірге,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Шын орнықсын десең иман көңілге,
Жасамақшы болсаң жақсы өмірде.
Болсын жарық десең жатқан көрің де,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Оттан нажат болу болса тілегің,
Пайғамбарды шаттандырмақ керегің.

Құрметінде болам десе жүрегін,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Пайғамбарды жақсы көріп сүйіңіз,
Сүннетіне сүттей қатып ұйыңыз.
Кем болмайды сонда сіздің сыйыңыз,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Мәуліт үшін сараңдықты қойыңыз,
Тұла бойда арамдықты жойыңыз.
Құтты болсын бұл жиылыс-тойыңыз,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

Пайғамбарға құрмет қылу міндетін,
Туған күнге той жасамақ-сүннетін.
Жарылғасын Тәңірім оның үмметін,
Расул Алла Мәулітіне келіңіз!

ҚОШТАСУ

(Әлжабай Нұралыұлының рухына)

Қалдың, дос, Қызылжардың қаласында,
Тапсырдым бір Тәңірдің панасына.
Арқаңа дін жолында таяныш ем,
Достықпен акыретке барасың ба?
Жүрегің сүюші еді хақтық жолды,
Осы ісің соңғы өмірде анық болды.
Гүл едің бақшадағы затың бөлек,
Қуарып, миуаңыз міне, солды.
Қандасың, қасыңызда Ахаң* қалды,
Аянбай қызметіңе жанды салды.
Кендікте жұрттың бәрі дос болмақ қой,
Тарлықта кім қасыңда жалғыз қалды?
Сол қалып, жанын салып ортақтасты.
Жаста-аға, қызметте-іні, орта жасты.

Ақырғы демнің кезін қолдан бағып,
Зар жылап, жасы қанға араласты.
Қош айтып, тәрбиелеп, қолдан қойды,
Қашыртып ұстамады тіпті бойды.
Мәңгілік досшылығы болуменен,
Қайғырып, қасіретпен халын жойды.
Міне, дос, бояма емес, шын достасың,
Иеңе жолығуға қадам бастың.
Тәңірім қияметте кездестірсін,
Қош айтып, сізбен достым, амандастым!

Ахаң-Ахмет деген адам, Шағалақ-Өтеміс руынан

ӨМІРДЕН ӨТЕРДЕГІ СӨЗІ

(Атасы Салмен қажы түсіне кіріп, ел-жұртың-мен қоштас деп аян берген екен)

Бұл дүние баянсыз ғой барша адамға,
Жан шіркін аз күн қонақ ғаріп тәнға.
Өлшеулі мезгілімен келсе қаза,
Сол күнде келтіре гөр тілді иманға.

Сұрайтын құдіреттен тілегім сол,
Фазылыңмен мейірім қылсаң, рахметің мол.
Фәниден бақи жайға көшкен шақта,
Қыла гөр сапарымды қайырлы жол.

Қош халқым, қош дүние, өттім-кеттім,
Қоштасу баршаңызға халге жеттім.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Дұғаңнан дін-қарындас үміт еттім.

Әмин деп, бәріңіз де тілекте бол,
Алдынан жарылқа деп жайыңыз қол.
Дін-достым, қаны бірге мұсылмандар,
Сұрайтын мен сіздерден тілегім сол!



БЕКБОЛАТ МЕРКЕМЕЛИДЕНҰЛЫ
(1891-1964)

Халық ақыны. Арғы түбі Қанжығалы еліне кірме болып саналады. Әкесі Меркемелиден ишан 43 жасында Орта Азиядан қазақ жеріне қоныс аударып келіп, осы жақта бір кедей адамның қызына үйленіп, біржола тұрақтап қалады. Ел ішінде абырой-беделі бар болғанға ұқсайды. Жасы жетпіс төртке келгенде ұлықтар «ақ патшаға тіл тигізді» деген сылтаумен Меркемелиден ишанды Керекудің түрмесіне жапқызып, ақыры абақтының ауырлығын көтере алмаған қария сонда көз жұмады. Бұл жайлы Мәшһүр Жүсіп жазбаларында да айтылады.

Бекболат бала кезінде белгілі ақын, дін қайраткері Сәкен Ғылманимен «боқшалас» болып, Ақтамақ халфенің медресесінде бірге оқиды. Сол кездің өзінде-ақ тілге өткір, тауып сөйлейтін шәкірт болғаны жайлы түрлі әңгімелер ел ішінде әлі де ұмытылған жоқ. Әке мен шешеден ерте айырылып тұл жетім қалған Бекболат кейін осы азғана білімін керекке

жаратып, ауыл балаларына ескіше сабақ береді. Кейін, жаңа үкімет орнаған соң, Қарағандының сырттай оқитын онжылдық мектебін тауысып, 30 жылдай мұғалім болған. Алғашқыда оншақты жыл Қарағанды қаласында мұғалімдікпен айналысып, сауатсыз шахтерлерге сабақ беріп, жүздеген адамның сауатын ашады. Соңынан, соғыс жылдары Ерейментауға келіп, Торғай кенішінде күндізгі мектепте мұғалімдік қызметін жалғайды. 1944 жылдардан бері олең жазып, ақындар айтысына қатысып, ауданның мәдени тірлігіне белсене араласа бастаған.

Олеңді жазып та, қолма-қол суырып та айтатын Бекболат ақынның өкінішке орай, баспа бетіне шыққан олендері шамалы. Бірақ табан астында тауып айтқан шумақтары, тапқыр сөздері, әжуа-мысқылдары ел есінде жақсы сақталған, үлкендер бас қосылған жерде әлі де айтып отырады. Ол көп жылдар аудандық, облыстық айтыстарға үзбей қатысып, ел құрметіне боленген адам. 1961 жылы Алматыда өткен халық ақындарының республикалық мәслихатына қатысқан. Айтыстары «Ақындар жыры» (Алматы, 1963), «Ақындар айтысы» (Целиноград, 1958), «Айтыс» (Алматы, 1966) атты кітаптарға кірген.

ЕРЕЙМЕННІҢ КЕЛБЕТІ

Қандай сұлу Ерейменнің келбеті,
Құлпырып тұр жұмаққа ұқсап жер беті.
Өзен-көлі, орман-тауы жалғасып,
Көз тартады бір шеті мен бір шеті.

Бұлт айналып Күншалғанның
басына,
Жаз жауыны, қыс бораны қасында.

Адам түгілі құс қызығып қонады,
Қатарланған қыз жүгіндей тасына.

Ұлы батыр қарт Бөгенбай жері едің,
Қанжығалы, Уак, Керей елі едің.
Асан қайғы бабам келіп ұнатқан,
Сарыарқаның жерұйығы сен едің.

Мал жайылып, егін егер далаң бар,
Сән түзеген салтанатты қалаң бар.
Аудан түгілі, дуан келіп орнаса
Ерейментау, пана болар шамаң бар.

КӘРІЛІК ТУРАЛЫ

Құлақ саңырау болғанда, аяқ ақау,
Өлімнің келгені ме маған тақау.
Азан-қазан шулайды кәрі басым,
Сөйлесем аузымдағы тілім сақау.

Көлеңкелі, көмескі көзім-дағы.
Түсініксіз, сөйлесем сөзім-дағы.
Отырып , түрегелсем буындарым,
Сатырласа сескенем өзім-дағы.

Өткір ой ойлай алмас миым-дағы,
Ол да берген кәрілік, сыйың-дағы.
Ор қояндай секірген қайран басым,
Жер таянбай тұруым қиын-дағы.

Таусылған аузымдағы тісім-дағы,
Жараспас әртүрлі еткен ісім-дағы.
Айнаға қарағанда өкпелеймін,
Кәрі маймыл секілді пішім-дағы.

Шаш аппақ, сақал-мұрт та басымдағы,
Сіңбейді әртүрлі ішкен асым-дағы.
Езіліп өз-өзімнен отырамын,
Күш-қуат қайда кеткен жасымдағы?
Кәрілік тұс-тұсыннан тонайды екен,
Қорқытад кемпірім де қасымдағы.

Кесірі болады екен қартайғанның,
Жатқаным жанға жайлы, жантайғаным.
Бой түзеп бұрынғыдай жүре алмайсың,
Жібермес сексен деген «майталманың».

* * *

Ажал келсе қайтейін, жалғызымды көргізбей,
Алпысқа тақап жас келді, ойлы-қырлы дегізбей.
Барлық тістен айырылдым, тәтті тамақ жегізбей,
Қампияды құр сыртым, арықтығым білгізбей,
Сағындым, сәулем, Рашитым, жалғызым, сені көп іздей!

* * *

МЕН БҮГІН БАҚЫТТЫ ӨМІР ҚҰШАҒЫНДА

Зарладым, қайдасың деп Рашит атын,
Ол кезде күнім еді қамығатын.
Айрылып жалғызымнан, жалбызымнан.
Басыма қайғы-қасырет жабылатын.
Лыпам жоқ қуыс үйде жалғыз қалып,
Тон болды қара түнек жамылатын.
Ермегім тауып алған бір басыма.
Жас болды кәрі көзден ағызатын.
Қиялым алып қашып ой мен қырға.
Құрғақ ой миды ашытып сабылатын.
Қате екен, бүгін көрсем терең сүңгіп,
Маған да қызық думан табылатын.
Жалғыздан қалған құлын ержеткен соң,
Қасіреттен күнім туды арылатын.

Қамқор боп партия мен үкіметім,
Кәмелет жасқа жетті гаухар-алтын.
Бітірді оныншыны осы жылы,
Менің де уақытым жетті далиятын.
Асырады он сегіз жыл ұлы Отан,
Сондықтан тәңірім сол табынатын.
Ержетіп, есін білді Сәбитжаным,
Тілеймін күшті қыл деп ар-ұятын.
Бір мен емес, талайлардың шамын жақты,
Жетім қалған советтің азаматын.
Қамқорым-ұлы Отан, Компартия,
Көтерді жетім-жесір алапатын.
Мейірімді, ақ пейілді үкіметім,
Тигізді ғаріптерге шапағатын.
Тапсырған кейінгіге жолды сызып,
Ленин бабам, орындалды аманатың.
Тәрбиеші-партия, ұлы мектеп,
Баламды үгіттеймін соған жет деп.
Жолын қуған бабамның ұрпақтары,
Максатына шарықтап бір-ақ жетпек.
Мың рахмет, миллион рахмет партияға,
Жүргем жоқ қартайсам да мен де шеттеп.
Еңбегімді бағалап жөн береді,
Кемдікті қуып шықтым үйден кет деп.
Райханым және бар оқытушы,
Талай жасты ғылымға жүр жетектеп.
Қадірлеп, әлпештейді туған елім,
Иемін аппақ басты «рахмет» деп!

ҚАЙДАСЫҢ, РАШИТ, ҚАЙДАСЫҢ?!

Жалғыз күнде жар болған,
Жанымда жүріп пар болған.
Жүгім салсам көтерер,
Қоспақ өркеш нар болған
Қайдасың, Рашит, қайдасың?
Жалғыз жүрсем серігім,
Мінсем дүлділ-берігім.
Қызығынды көре алмай,
Қанбай қалды жерігім
Қайдасың, Рашит, қайдасың?
Диуана болып анаң жүр,
Әлсіз ғана шамам жүр.
Апыл-тапыл жүгіріп,
Жас нәресте балаң жүр
Қайдасың, Рашит, қайдасың?
Күнде жылап жарың жүр,
Дел-сал болып налып жүр.
Қызық көрер шағында,
Өмірден көңілі қалып жүр
Қайдасың, Рашит, қайдасың?
Ажал келсе қайтемін,
Жалғызымды көргізбей.
Елуден есып жас кетті,
Ойлы-қырлы дегізбей
Қайдасың, Рашит, қайдасың?



АМАНЖОЛ ӘЛЖАНҰЛЫ
(1906-1983)

Халық ақыны. Қанжығалының Шағалақ атасынан тарайтын Досай батырдың бесінші ұрпағы. «Жер бөлісі», «Кәмпеске», «Байдың келініне» секілді алғашқы өлеңдері кеңес өкіметі орнаған соң, отызыншы жылдары баспасөз бетіне шыға бастаған. Ауыл шаруашылығының әр саласында еңбек ете жүріп, Аманжол ешқашанда ақындықтан қол үзбей, колхоз тірлігіне, басқадай тақырыптарға арнап өлеңдер шығарады. Ел ішінде «Аманжол ақын» атанады.

1957 жылы Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының Д. Шалабеков деген адам басқарған арнаулы экспедициясы ауыз әдебиетінің үлгілерін жи-

нап, ел ішіндегі халық таланттарын анықтау мақсатымен Ерейментау өңіріне келгенде Аманжол ақынмен кездеседі. Бірақ қолжазбасын ала алмайды. Соңынан сол кезде Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімін басқарған Мұхтар Әуезов Еркіншілік (Ерейментау) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Хакім Ташмағамбетовке арнайы хат жолдап, Аманжол Әлжанұлының қолжазбасын Алматыға жіберуге көмек жасауын өтініпті.

Арада біраз уақыт өткен соң, 1961 жылы аталмыш институт пен Қазақстан Жазушылар одағы бірігіп, Алматыда халық ақындарының мәслихатын ұйымдастырады. Осы жиынға Аманжол ақын арнайы шақырылып, қатысады. Қатысып қана қоймай, қызылордалық ақын Таубай Қирабаевпен айтысып, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Е. Ысмайылов секілді әдебиет білгірлерінен жоғары баға алып қайтады. Осы дүбірлі жарыста Аманжол:

«Уа, Тәуке, ақын сөздің кені емес пе,
Өлең деген жүректің емі емес пе?
Қияға қанат қағып ұшатұғын,
Белгілі Аманжолдың мен емес пе?» – деп көсілген екен.

Аманжол ақынның 1962 жылы Болман Қожабаевпен, 1965 Желеу Жақыповпен, 1966 жылы ерейментаулық ақын, өзінің шәкірті Темірболат Бәйділдинмен, Бекболат Меркемелиденұлымен айтысқаны жайлы 1979 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан шыққан «Ақын-жыраулар» атты анықтамалықта айтылады.

Аманжол Әлжанұлының өлең-айтыстары әр жылдары жарық көрген «Ақындар айтысы» (Целиноград, 1958), «Ақындар жыры» (Алматы, 1963), «Айтыс» (Алматы, 1966), «Өсиет» (Алматы, 1989) атты кітаптарға кірген.

2006 жылы Ерейментауда Аманжол Әлжанұлының 100 жылдығы аталып өтіліп, республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Соңында қалған мұрасы жинастырылып, «...Қонайын тұғырыма қайта айналып» деген атпен Астанадағы «Күлтегін» баспасынан кітап болып шықты. Аманжол ақынның сүйегі Өлеңті ауылындағы қорымда жатыр.

АСЫЛ АРМАН

*(Олжабай Нұралыұлының 100 жыл
талуына орай)*

Жазуға асыл арман, бір шындықты,
Күрмелген көптен бергі тілім шықты.
Әр тараптан жазылған еңбегімді,
Асыл, жасық болса да халқым ұқты.
Кешегі Берияның заманында,
Қорғаладық, болсақ-тағы қанша мықты.
Сол сияқты оңбаған қандыауыздар,
Ардагердің талайын әкеп-жықты.
Осындай қорқыныштар көп кездесіп,
Ел көріп үрейленді бұл сұмдықты.
Кім болса соның бәрін шокжар атап,
Көп адамдар қоян боп қорқып-бұқты.
Берияның жауыздық нұсқауымен,
Түгел жоя жаздадық тыныштықты.
Осылай ауыр жағдай орнаған соң,
Қорғауға жан шықпады туыстықты.
Үлгілі сөзді елден жинау түгіл,

Ес жия алмай, есті адам қойдай ықты.
Екі үйдің біреуіне тыңшы қойып,
Нахақ жала жапсырып, найза сұқты.
Талаптының жинаған асыл сөзін,
Біреу жағып, біреулер жерге тықты.
Біреулердің қолында Құран болса,
Апарып ескі зират көрге тықты.
Осылардың біреуі дәл өзім боп,
«Асыл арман» ат қойып тілім шықты.
Оқырмандар, тыңдандар, енді мені,
Алдарыңа тартайын бір шындықты.
Мен жидым әр кімдердің құнды сөзін,
Ертерек есер күнде жастау кезім.
Тыңдаушы құлақтанып тындарлықтай,
Таңдап-таңдап алушы ем оның өзін.

Автордың тексермедім тегін, табын,
Қарастырам сөзінің асыл жағын.
Топ жиында сүрінбей айтып берсем,
Одан басқа дәрежем менің шағын.

Ершиннің сөзін сүйіп, соны жаттап,
Ұнамайтын өлеңді кетем аттап.
Әсіресе, Олжекең шығармасын,
Айтқанда сүйсінеді халық мақтап.
Сөзінде қайшылық жоқ бұл заманға,
Мысалмен суреттеуші ед тиянақтап.
Ары күшті, алыстан шолатын жан,
Болмаса тұрғаным жоқ оны жақтап.
Апардым үш мың жарым өлең жолын,
Жазушы Одағына зорға сақтап.
«Жуан тап болғанменен сөзі оңды», деп,
Арнайы орын беріп қойды баптап.
Жазған қаламақы алпыс бір сом,
Ақша берді, үнемдеп, өлшеп-шақтап.

Маған үлкен қамқорлық жасаушы еді,
Мен де аруағын қозғадым, соны ақтап.
Өз алдында өлеңін айтқанымда,
Бөгеліп, сүрінбеуші ем тайғанақтап.
Тағы қандай өлеңін жаттаймын деп,
Үйінен шықпаушы едім айналақтап.

Сағекеннің көп сөзі көрді жарық,
Нұралы бел баласы болуы анық.
Одан туған Олжекең болды қыран,
Қалай жабы болады, айтшы, халық?
Әңгімеге бір қызып алғаныңда,
Гүрілдеп кетуші еді ағып-ағып.
Өлеңін өзіндей ғып айтқанымда,
Мәз болып күлуші еді қарқ-қарқ.
Тыңдаушы, бұл сөзімнің жалғаны жоқ,
Сандырақтап тұрғам жоқ бекер лағып.
Кейбіреу неге сонша мақтайсың деп,
Саусағымен түртеді мені ыза ғып.
Ол кезде теңдесердей болмасам да,
Олжекем жүреді екен мені бағып.
Үлкен ұлы Шайсолтан үйленерде,
Күйеу жолдас бол деді, ісім жағып.
Қуандым өлген әкем тірілгендей,
Шертін домбыраның бетін қағып.
Мен күйеуге жолдас боп дайындалдым,
Кербезденді Шайсолтан үкі тағып.
Сөйтіп мені қатарға қосты Олжекең,
Мен оның жүрсем-дағы малын бағып.
Бізден артық көрді деп Аманжолды,
Налиды туыстары мұңын шағып.

Сыйлық көп, Олжекеңде Алла берген,
Қасиет-дәрежесін халық көрген.
Ойлаған ойды орнына жұмсаған соң,

Алға ұстап, ел жақсысы соңына ерген.
Хабары екі жақтан болғаннан соң,
Жек көрер жан болмады қалың елден.
Қырық сегіз болыс болып бас қосқанда,
Ол кісіге тиісті орын төрден.
Қиямет ахуалынан хабары көп,
Демейтін бе ед, құтылмас иман ерден.
Садақаның жеті орнын атап айтып,
Моллалардың жазасын талай берген.
Абай, Пушкин, Лермонтов, Толстойдың,
Асыл сөзін армансыз жинап-терген.
Қазынасы қалтасында мол болған соң,
Жүйріктің жүрген жері болды серуен.
Малшы болып жүрсем де есігінде,
Үлгім көп ол кісіден менің көрген.
Ұстазым деп айтамын соның үшін,
Көздегенді құтқармас болдым мерген.
Ақыл-ырыс болғанда, ырыс-жұғыс,
Ойлаймын, кездестім деп осы жерден.
Сарқытын арда кердің талай ішіп,
Мен едім, ырым қылып, көңіл бөлген.
Баласы меніменен түйдей құрдас,
Бірге өстік бала күннен болып сырлас.
Көп құрдастан мен оны көрем бөлек,
Өзгермес қадірлесім ол бір қимас.
Соның құрдас болғандық себебімен,
Серпіліп сері болдым аяқ жимас.
Қыз-келіншек, құдаша жиналғанда,
Есерсоқ жігіт болдым төрге симас.
Жындылықпен мен бұрын қартайыппын,
Шайсолтан менен пысық, үйде отырмас.
Сен неге мендей жеңіл болмадың деп,
Қарайды, қалжың қылып мағаң қиғаш.

Ойда жүрген бір сөздің бетін аштым,
Шындықты айтып, едәуір мауқым бастым.

Аз, көп болсын өкпем жоқ өміріме,
Осы қалай дегенмен араластым.
Жақсымен жанасуда қырсық бар ма,
Сүйкімсізден бойымды алып қаштым.
Өмірдің шұбарала кезеңінде,
Айырдым парасатын дос пен қастың.
Әрі әке, әрі ағайын, әрі ұстаз деп,
Атын атап әруақпен амандастым.
Қорытынды жасау үшін және тағы,
Аяқтатып тастауға қадам бастым.

Жүйріктен қалды асыл сөз өлмейтұғын,
Арзанға саудаласса бермейтұғын.
Бет бұрды елу төртте алыс жолға,
Айналып бізге қайтып келмейтұғын.
Өлшеулі келсе нәубет жазуменен,
Тағдырға кім бар дейсің көнбейтұғын.
Қымайтын қанша қымбат болғанымен,
Біз кімбіз, иесіне бермейтұғын?
Дарынды, ойшыл терең адам еді,
Мұнды жанды жұбатып емдейтұғын.
Осындай қасиетті ақындығын,
Ел сағынып, құмартып шөлдейтұғын.
Шетте жүріп халқына хат арнаса,
Құшақ ашып, құлашын сермейтұғын.
Ортақ қып ортасына басын иіп,
Сен алыс, сен жақын деп бөлмейтұғын.
Жәбірленіп шетқақпай болғандарды,
Қатарға әкеп қосып, жөндейтұғын.
Өмірдің ортасынан асқаннан соң,
Бүтінгі қара шалың мен дейтұғын.
Ер құнындай іс болса бұған халық,
Төресін айт, Олжеке, сен дейтұғын.
Шариғат пен табиғат кеудесінде,
Ел бар ма оған енді сенбейтұғын.

Әділдікпен тағдырын шешкендіктен,
Халқы ажарлап бітімін оң дейтұғын.
Қолынан іс келетін жан болған соң,
Нар көріп, ауыр жүкті теңдейтұғын.
Өз тұсында хабарлы адам болса,
Бағы оның жоғарылап өрлейтұғын.
Табағын талай істің қолдан жасап,
Халқына артық-кемін көр дейтұғын.
Осындай тәуір жанды топырақ айдап,
Өкім тағдыр шақырып кел дейтұғын.
Арғынның бір ордасы – Қызылжарда,
Жазуда орны бопты жерлейтұғын.
Әуелде тағдыр солай жазған екен,
Топырағын туған жердің көрмейтұғын.
Марқұм үшін бір тілек бар емес пе,
Я, раббым, рахматынды бер дейтұғын.

Алланың рахматы ғой-ендігі арман,
Мирасқор бала болса артта қалған.
Өзінен туған перзент хатым етсе,
Қаражат сол екен ғой, бізден барған.
Енді естен қайдан шықсын әке-шеше,
Хабары болған жандар қор мен тардан.
Туған ата-ананы елемесек,
Безген боп табылармыз ұят-ардан.
Шын дүниелік ғамалға кірісейік,
Кімдерден қалмай жатыр мына жалған.
Айрылмас адам барма, ойландаршы,
Ата-ана, қатын-бала, сүйген жардан?
Кім келіп, кім кетпейді дүниеге,
Ғибрат алу керек осылардан.
Әкеміздің жасынан асып кеттік,
Жетпіске келіп, міне, болдық тарлан.
Ғамалым қанағатсыз, қорқыныш көп,
Қандай уақыт кездесед ертең алдан.

Көз жасымен жүректі тазаласак,
Алламыз соны ғана қабыл алған.

Осылай біраз кеңес жаздым, халқым,
Мен емес бағалайтын мұның нарқын.
Ойым бар, із қалдырсам жүрген жерге,
Негізгі жүректегі сол ғой шартым.
Дүниеге келіп-кеткен белгі қалса,
Біреулер айырмай ма оның парқын.
Өлмейтін сөз қалдырсақ артымызға,
Бұзбаған болар едік ақын салтын.
Абай сынды кемеңгер ұлы ақынның,
Қопарса, қоймасынан шығады алтын.
Қоймадағы сандықтың кілтін ашып,
Таратты бар әлемге Мұхтар марқұм.
Ол сияқты ұлы ақын болмасақ та,
Жарар ед, жазған сөзден шықса тартым.
Толғансам бір ойменен желі құрып,
Мінсіз ғып жазғым келед, келсе қартым.
Сондай күшті дарынды болмағанмен,
Әр жерде көзге түсед шама-шарқым.
Әйтеуір ел ішінде жүріп жатад,
Халық ақыны деп шыққан сол бір даңқым.

Жүріп бара жатырмын осы бетпен,
Аз-көп болсын, сонымен өмір өткен .
Бір шіркін басымызда жүрген болар,
Біз де көне адамбыз жүрген көптен.
Орынды жерде кезек келіп қалса,
Топ жарып, өз әлінше жырын төккен.
Бұл сыйды тәңірім берді деп ойлаймын,
Ешкімнен алғаным жоқ мұны еппен.
Денеме үйір болып орнаған соң,
Мен де жоқ әрі кет деп сыртқа тепкен.
Өлсем де жүрген жерім сайрап жатыр,

Қарастырса табылад төңіректен,
Осыларды жаза берсем есіме алып,
Көңілімді жұбатам ойға салып.
Ерік Аллада емес пе, қанша болсын,
Пенделікпен ойлаймын текке налып.
Көрмеген ел мен жердің сый – құрметін,
Қарсы алумен жатырмыз пайдаланып.
Мың шүкірлік келтіріп тәңіріме,
Толғанамын әрдайым көп ойланып.
Бөтен елдің төсіне болдым ие,
Байқасам өзімді-өзім абайланып.
Атасы басқа қиыр, деген лақап,
Айналып басыма кеп тұр байланып.*
Еліне сыйлы қонақ болсам дағы,
Көңілім тоқырамайды бір жайланып.
Ел мен жер еске түссе кейбір уақыт,
Көшіп кете жаздаймын ыңғайланып.
Дауасыз кәрілік деген тұсау болып,
Қозғалсаң өлесің, деп тұр сайланып.
Күшім жоқ көңіліммен қару қылсам,
Жеңіліп қаламын ғой ат байланып.
Кәрі шал батыр болып қамал бұзбас,
Шықса да қару асып сайманданып.
Қолынан түк келмейтін кәрі бүркіт,
Қонады тұғырына қайта айналып.

Сол сияқты тұғырға қайта келіп,
Қонақтап, қомданамын көңіл бөліп.
Адам басы – Алланың добы емес пе,
Сол үшін тәңірі ісіне тұрмын көніп.
Топырағым өлсем елден болу жөнде,
Иншалла, балаларға жүрмін сеніп.

* Аманжол ақын өмірінің соғы жылдарында Павлодар қаласында тұрып, өлең сонда жазылған.

Балалар орындар деп өсиетімді,
Шүкірлік қып жүремін көңілденіп.
Сызық әзір ілгері болса егер,
Қалармыз бір-бірімізді талай көрін.
Аға, іні, сырлас, мұңдас, жан достарды,
Тауып алу қиын ғой қолдан егіп.
Кім білед, құтылмайтын міндет бар ғой,
Қашаннан кетпеуші ме ед тағдыр жеңіп.
Елім басқа болғанымен, құрметі бар,
Қатарымнан қалғам жоқ әзір кеміп.
Айтып-айтпай не керек, соның бәрі,
Не жетер туған жерге емшек еміп.



НИҒМАТ ҒАБДЫРАХМАНҰЛЫ
(1905-1980)

Қанжығалы –Есен-Жапардан Жиенбай болып болінеді. Ресейдің Омбы өңірінде дүниеге келген. Әкесі Ғабдырахман молла сол заманда ел ішінде абырой-беделі зор діндар атанған және Мағжан Жұмабаев, Сәкен халфе секілді аты белгілі тұлғалармен сырлас-сыйлас болған адам екен. Ниғмат ақын да өз тұстастары секілді ғұмыр бойы ауыл тірлігімен айналысса да, олең-жырды жанына серік еткен. Оны соңында қалған азды-көпті мұрасынан байқап отырмыз. Түрлі тақырыптағы өлендері, өлеңмен жазысқан хаттары, «Ылайсу келісімі», «Шежіре», «Қажымұқанның Саракикимен күресі» сияқты оқиғалы шағын дастандары ол кісінің жай

ауыл арасының ақыны емес, шын мәніндегі шығармашылық дарыны бар адам екенін байқатады. Қазір біздің қолымызда Нигмат Ғабдырахманұлынан қалған оншақты қалың дәптер бар. Біреуінде өзінің өлең-жырлары топтастырылса, біреуінде ауыз әдебиетінің үлгілері, ескі ақын-жырау, би-шешендердің сөздері жинақталған. Тағы біреуінде-кисса дастандар, енді бірінде бірыңғай діни дастандар жазылып, Ерейментау жерінде арғы-бергі заманда жасап өткен дін қайраткерлері жайлы жан-жақты мағлұмат берілген. Сүйегі Ерейментаудағы Елтай ауылында жатыр.

АТАН БАТЫРДЫҢ ЕЛІ МЕН ЖЕРІ

Арқада таудың бірі-Ереймен-ді,
Сақтаған бауырында өскен елді.
Қорғаған батыры боп Бөгенбай қарт,
Серік қып Жантай, Досай, Атан ерді.

Сол Атан қоныс қылып Қаратауды,
Болжаған тауға шығып келер жауды.
Ел үшін ерлік қылып, ел тағдырын,
Өзіне міндет қылған арқалауды.

Ақсары, толық дене еңгезердей,
Сол күнде ірі жан жоқ Атан ердей.
Көрген жан сүйсіне бір қарайтұғын,
Жігіт деп, міне сауыт көтергендей.

Дулыға, сауыт, найза, жақ пен қылыш,
Көтеріп жүреді екен ұстап дұрыс.
Жарқылдап көз ұшынан найзағайдай,
Келетін жандай болып салуға ұрыс.

Астында Қарагер ат келген қайқы,
Тұрпаты сескендірер, көр де, тайқы.
Адамның арыстаны Атан батыр,
Ішінде қалың топтың-бидей Майқы.

Мәмбеттің бес ұлының бәрі осындай,
Қалмайды кездескен жан бір шошынбай.
Бура, Ақпан, Тайлағы-тайлақтай боп,
Бесеуі бір жүргенде көп қосындай.

Досай дейді, күшті де, ашулысы,
Ақырса, құриды екен жанның мысы.
Қан көрмей ашуланса қайтпайды екен,
Тоқтатпас оны Атаннан басқа кісі.

Батыр, аңшы, бесеуі бірдей сері,
Қаратау, Мыңшұқырмен қонған жері.
Қыс болса төбесінде аяз ойнап,
Жаз болса су лақтырған өзендері.

Ырғайлы-Қаратаудың ең биігі,
Табиғат сыйын төккен жер ұйығы.
Аңдары үстіндегі ойнақ салып,
Секіріп тастан-тасқа ор киігі.

Басынан өткізген тау талай ғасыр,
Кемісе толып қайта, елі тасыр.
Батыр, би, ақын, әнші-бәрі шығып,
Жайнатып таудың ішін салған асыр.

Ол заман ертегідей кеткен өтіп,
Тұсында өз қызығын дүрілдетіп.
Шалқытып кейбіреудің бақ дәулетін,
Өткізген өмір бойы гүрілдетіп.

Осының бірі-Хамзе Өтеубайдың,
Жүзіндей болып өтті толған айдың.
Басында бақ дәулеті бірдей болып,
Отындай жарқылдады найзағайдың.

Аққұба, балуан дене, көзі қанды,
Киетін киімді де өте сәнді.
Дауысы аққу құстай саңқылдаған,
Өмірде көрдік сирек мұндай жанды.

Оқыған, екі тілге бірдей ғалым,
Көзіне көзің түссе-сырың мәлім.
Толыбай бабасындай білуші еді,
Жамылып арамдық тон, болсаң залым.

Атанның шөбересі-Рахман қажы,
Аткөпір, үйі думан қысы-жазы.
Жақынға, жатқа-дағы қолы ашық боп,
Бірдей ед Рахаңа көп пен азы.

Өмірден сексен асып, өтті жасы,
Тұсында толып, өсіп мал мен басы.
Аз сөйлеп, көптеу тыңдап отырғанда,
Жақ ашпай жым болатын құрбыласы.

Көзі өткір, қараторы, орта бойлы,
Сымбатты, сергек дене, терең ойлы.
Келгенде топ төріне көрік беріп,
Болатын маңы думан, ойын-тойлы.

ЖАҚАМБАЙҒА

Әмин-Жәмин, екі құрт,
Кемпірлерді қозғап тұрт.
Ағары жоқ арқырап,
Аңырап жүр азбан қырт.
Түнде қырман күзетіп,
Ширатады күндіз мұрт.
Шөп пен жемді жинап ап,
Көрсетеді ертең сырт.
Есеп пенен өсекті,
Аждаһадай тартады ұрт.
Қар жауып, із басылсын,
Сонан кейін білер жұрт.
Жина, тізіп қылмысты,
Толса өңешің, сонда жырт.
Уағыз, намаз не керек,
Түзулікпен артты сұрт.

БИЕКЕНІ ЕСКЕ АЛУ

Аға едің, артық көріп ақыл алған,
Көрсетті-ау қысқалығын мына жалған.
Өмірде өзгерілмей өтіп едік,
Кездескен жері болмай көңіл қалған.
Дұғамды шын ықыласпен жіберемін,
Қабыл ғып Қыдыр ием шығарса алдан.
Тілекпен атыңды атап, бет сипасам,
Болмай ма сізге артық дүние малдан.
Қажы боп арғы атаң, Мекке барып,
Тыйылған тыйыларлық пиғылдардан.
Өзінің тұсындағы заманында,
Қалаулы кісі болды топты жарған.
Сүрінбей топқа түскен жері болса,
Тайрандап таймай өтіп талай жардан.

Артықша ағайынға бауырмал боп,
Құтқарды кейбіреуді кемдік, тардан.
Айтарлық өз әкең де кісі болды,
Саналып қатарлы бір мырзалардан.
Қайырым ғып жоқ-жітікке болды пана,
Бөгеусіз бөліп беріп қолда бардан.
Талайға ат та болды, ас та болды,
Кем болмай атақ алған жомарттардан.
Қалыңсыз кей біреуге қыз құштырды,
Шықсын деп көңілінен оның да арман.
Алтынның ағып түскен сынығындай,
Қалып ең, Биеке аға, осылардан.
Адаспай ата ізімен алшаң басып,
Жетексіз жетпіс асып тарттың тарлан.
Басқарып торқалы той, топырақты өлім,
Шығардың көп жандарды қиындардан.
Жүйріктің жүлде алған біреуі едің,
Көпшілік басын қосқан жиындардан.
Шаригат, табиғатпен сүйемелеп,
Шығардың малтыққанды күртік қардан.
Қондырдың ұлды ұяға, қыз қияға,
Аман боп арқалайтын армандардан.
Орнынды өгейсітпес ұлың да бар,
Сескенбей секіретін биік жардан.
Ағажан, аз сөзіммен есіме алдым,
Артық ек, тумасақ та туғандардан.
Өлгенше өзінді естен қалдырмасын,
Қол жайған әруаққа арнап дұғалардан.
Жәннәттан жаратушы берсін орын,
Құтқарып қияметтік қиындардан.



ИМАҚАН АТҚЫБАЙҰЛЫ
(1898-1993)

Үмбетей жыраудың шөбересі болып табылатын Атқыбай ақынның баласы. Имақан ақындықтың соңына түспесе де, үш-төрт ауыз өлеңді табанда тауып айтатын сұңғыла адам болған. Негізінен соңында қалған азды-көпті мұрасы да сондай, атүсті шығарған шағын өлеңдерден тұрады. Егер отырып жазатын адам болса, үлкен мүмкіншілігі бар екені байқалып тұр. Күншалғандағы Шәкей ауылында жерленген.

* * *

Соғыстан соңғы жылдарда колхоз жұмысында, далада егін салып жүріп Имақан қатты ауырады. Егіс даласында дәрігердің жоғы белгілі. Бригадир Жұманның Салығы деген адам жаны ашығанның орнына: «Ештеңе етпейді, өлсең сүйегінді итке тастамаспыз»-деп мазақ етеді. Бұған назаланған Имақан ауырып жатса да:

«Құдай-ау, түзде өлтір деп тілегем бе,
Пенденді мазақтаттың күлегенге.
Адалдық бұл Салықтан қайдан шықсын,
Атасы кымыз құйған легенге» –
деп бригадирдың өзін мазақ етеді.

Бұлай деп отырғаны, ертеде Салықтың арғы аталары Кәрібай болысқа қымызды легенге құйып берем деп, айып тартқан екен.

* * *

Имақан сол уақытта біраз жылдар колхоздың қойын да бағады. Бірде, басқарма май таситын арбаға парлап жеккізем деп, Имақанның астындағы көкала атты аударғандай қылып басқаға алып береді. Бұған ыза болған Имақан жай қалсын ба, бір жолыққанда басқармаға:

«Көкала жолдас болған жануарым,
Келеді құлағыма сенің зарың.
Кеңседе сұрағанда бермеп едім,
Бес төгіп әкетті ғой беттің арын.

Пар жегу сән болыпты қарамайға,
Қараға торы косса жарамай ма?
Көрпеңе қарап неге көсілмейсің,
Бүлдірмесең, бойыңа ас тарамай ма?

Әкеп бер, Көкаламды, өзім бермай,
Өрістеп кетті әне, қойым шалғай,
Қоғамдық малға жаның ашымайды,
Жеуші едің ең семізін жүзің жанбай» —
деп бассалады. Имақанның сөзінен сескенген басқарма Көкаланы ұзатпай қайтарып беріпті.

* * *

Ол кезде жаз шыға совхоз қойын қырқатын қырықтық басталады. Ауылдың жұмысқа жарайтын үлкен-кішісі осы қырықтықтың басында. Жасы келіңкіреп қалған Имақан ақсақал да бұл науқаннан қалмай, шалғы қайрап, қолқабысын тигізеді. Және жай отырмай әркімге бірер ауыз өлең шығарып, жұмысшылардың көңілін

көтерін жүретін болса керек. Сол өлең шумақтарын Күншалған жағының үлкендері әлі де еске алысып, айтып отырады.

Жұмысқа қырсыздау Секен атты жігітке:

«Сұп-сұлу, қара-торы Секен бала,
Айтайын, қой қырыққаны биыл ғана.
Өзі теңді қыздардан қалып қойып,
Келеді түстен кейін жеке-дара» –
десе, қойдың аяғын сындыра беретін бір жігітке:
«Жігітсің қалың қабак, бұқа мойын,
Саласың кешке дейін доппен ойын.
Құдайдың қуат берген арқасында,
Аяғын сындырдың ғой талай қойдың», – депті.

Сембі деген жас жігіттің Эльда атты неміс қызымен достығы болса керек. Осыны байқаған Имақан ақсақал:

«Сембінің сирағы ұзын, белбеуі бос,
Көңілі көрінеді Эльдамен дос.
Таңертең ерте тұрып аттанарда,
Соңынан жылап тұрып деді ғой «қош» – деген екен.

* * *

Жаздың күні еттің шамалы болатыны белгілі. «Күн-жаз, ет-аз» деген сөз осыдан шықса керек. Ет жегісі келген адам бұндайда «қызылсырап» жүрмін дейді. Имақан қария да осындай бір «қызылсыраған» уақытында ауырдым деп жатып қалады. Бәйбішесі Айтжамал: «Шал-ау, не болды?» -деп сұраса, ақсақал:

«Ауру жанға батқанда,
Төсек тартып жатқанда.
Көңіл шіркін шабады,
Кебежедегі «қатқанға»-
деп кебежеде ұнның ішінде жатқан сүрді
меңзейді. «Е, онда ауруыңның беті қатты
екен»-деген кемпірі шалына сүрді асып
беріпті.



ШӘМШӨН ҚАЛИҰЛЫ
(1898-1975)

Қанжығалы-Қылшардың ішінде Дәуек деген атадан тарайды. Ереймен болысының Қарадыр деген ауылында туған. Кеңес үкіметі орнаған соң осы елде ауыл советте, тұтынушылар одағында түрлі қызметтер атқарған. 1941-44 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, жаралы болып елге оралады.

Негізінен ауыл тірлігімен айналысқан Шәмшөн өлеңнің соңына шындап түспесе де, ақындық өнерден құралақан болмаған. Осының айғағындай соңында біраз өлеңдері қалған. Шәмшөн ақындығымен қоса аса әңгімешіл, осы елдің арғы-бергі тарихынан мағлұматы мол шежіре адам болыпты. Сонымен қоса әртістік қабылеті де керемет еді дейді білетіндер. Сақау,

мылқау адамның кейпін салғанда, немесе табан астында өтірік жылап, болмаса қарқылдап күлгенде, сахнадағы әртістерден бір кем емес болатын деп үлкендер әңгіме етіп отырады. Сүйегі Астана қаласының маңындағы зиратта.

ӨМІРМЕН ҚОШТАСАРДА АЙТҚАНЫ

Жастықта әрбір сөзді көп сөйледім,
Айтқаным бәрі дұрыс деп сөйледім.
Қарамай қисығы мен мақұлына,
Осыным дұрыс екен деп сөйледім.

Мынау қисық демеді ешбір адам,
Өрледім онан сайын өрге таман.
Ізіне ескілердің ере алмаған,
Бетімен лағып кеткен мен бір надан.

Бұл жаста біздің бастан көп күн өтті,
Қазір де жүрек шіркін сондай күпті.
Болам деп әлде қанадай зар жылаймын,
Еске алып өткендегі қателікті.

Жігіттер, ойлай берме басқа пайда,
Пайда сенде болғанда, залал қайда?
Толған зат бір төгілмей қоймай тұғын.
Азамат, ақылың болса мұны да ойла.

Толғанның төгілгенін көрген көзім,
Бұ – дағы үлкендерден ұққан сөзім.
Мені айтты деп біреуің боқтап жүрме.
Дәл сондай болып тұрмын менің өзім.

Мен өзім бұл күніме тәубә дедім,
Дұшпаның дос болады сауда дедім.

Құлан жығылса құдыққа қапылыста,
Құлағына бақа ойнар сонда дедім.

Дәл сондай болып тұр ғой енді шағым,
Түзелмес бұдан былай менің бағым.
Артымда сөзім қалса арманым жоқ,
Сөйлеп қал, сау тұрғанда тіл мен жағым.

Биыл жыл – мың тоғыз жүз жетпіс жеті,
Жақындап көрініп тұр өмір шеті.
«Төрімнен-көрім жуық» деп айтатын,
Бұрынғы үлкендердің өсиеті.

Мінекей, күн батуға жақындап тұр,
Қу таңдай ертелі – кеш тақылдап тұр.
Минут санап, осы күні өмір шіркін,
Ажалың алқымға кеп жақындап тұр.

Шәмшөн – ау, тілек тіле құдайыңнан,
Зарлама айырылдым деп жұбайымнан.
Қанекей, соныменен тапқан пайдаң,
Айрылдың көзің менен құлағыңнан.

Сұм нәпсі, тоқтайтұғын күнің бар ма?
Бергені бір құдайдың саған аз ба?
Қарашы, алды – артыңа көзің салып,
Әр толмаққа бір солмақ деген қайда.

Сенің де келді кезің тоқтайтұғын,
Керегі жоқ кеткенді ойлап жоқтайтұғын.
Бір кезде өз құрбыңның алды болдың,
Өткен өмір қайта кеп соқпайтұғын.

Шәмшөеннің осы сөзі артта қалсын,
Көп достар бұған-дағы құлақ салсын.

Тәубесі есіне бір түскен ғой деп,
Кейбірі мені сосын мазақтасын.

Мұсылман, ортақ сәлем бәріңізге,
Ер, әйел, үлкен-кіші, кәріңізге.
Мазақтап қайсы бірі күлер маған,
Мазақ үшін жаралдық бәріміз де.

Бұл өзі өсиет сөз ойласаңыз,
Көрместей бұл дүниеде таласамыз.
Тату құрбы, тәтті дос таусылыпты,
Көз салып жан-жағыңа қарасыңыз.

Адамның адам деген заты қалса,
Жазылған бір-екі ауыз хаты қалса.
Бұл сөзді кімдікі деп сұрағанда,
Мінекей, Шәмшөн деген аты қалса.

Тоқтаттым осыменен бұл сөзімді,
Жұмармын дүниеден мен көзімді.
Сөзімді елеп, оқып елім жүрсе,
Айтар ем армансыз деп мен өзімді.

Мен Шәмшөн Қалиұлы-бұны жазған,
Артына белгі қылып сөз қалдырған.
Гүлі едім ғой отырыстың, енді міне,
Өмірдің жазы кетіп, қысы қалған.

Болғанда мың тоғыз жүз жетпіс алты
Келеді мұны айтсам сөздің нарқы.
Аяғын көп ұзатпай тоқтатайын,
Жақын ғой маған-дағы өмір арты.

Алты ауыз сөз қалдырдым мен артыма,
Өмірде өткен жан жоқ қаз – қалпында.

Бірі жылап, бірі күліп, бірі зарлап,
Арманда кеткен жоқ па талай пенде?

Солардың біреуіндей боламыз да,
Көміліп, қара жерде қаламыз да.
Дүниеде мұңсыз өткен бір адам жоқ,
Осымен енді сөзді қоямыз да.

Бір Құдай назарың сал, біздің зарға,
Күнәһар Шәмшөн келді міне, алдыңа,
Сөзімді осыменен тоқтатайын,
Деп айтып, Лә рахмату мен Рахметолла.

ТУҒАН ЖЕРМЕН ҚОШТАСУ

Туған жер – Ерейментау аясында,
Күншығыс Бауыртаудың саласына.
Қызықпен өмір сүріп өскен жерім,
Бұлдырап енді артымда қаласың ба.

Қалсаң қал, сан сабаздан қалып едің,
Талайға бітпес жара салып едің.
Өмірін кейбіреудің өлшеп-пішіп,
Жеткізбей мұратына алып едің.

Солардан артық емес менің басым,
Қартайып келіп қалды міне, жасым.
Арман қып бұл дүниені тұрғаным жоқ,
Артымда белгі болып сөзім қалсын.

Келіп тұр жетпіс жеті менің жасым,
Алланың дегеніне көнген басым.
Бұл өзі сырын шерткен кім десендер,
Белгілі Шәмшөн деген менің атым.

Өкініш жоқ саған, өмір, менде тіпті,
Талайдың бұл өмірден демі бітті.
Сан-алуан абзалдар мен арыстандар,
Арманмен бұл дүниеден бәрі кетті.

Мен кіммін осыларға қарағанда,
Өмірден өткендердің бәрі арманда.
Туған соң, өлу міндет әуел баста,
Өлімнен құтылмапты ешбір пәндә.

Дүниеге келгеннен соң атым қалсын,
Жазылған бір-екі ауыз хатым қалсын.
Жалғанға келгенімнің белгісі боп,
Өкінішті өлеңмен датым қалсын.





ТӨРЕГЕЛДІНІҢ ХАСЕНІ **(1888-1961)**

Қанжығалының Малай деген атасынан. Бұл кісі де Имақан ақын секілді өлеңнің соңына шындап түспеген адам. Ғұмыр бойы ауыл тірлігімен айналысып, көп жылдар «Алғабас» колхозында еңбек етіп, соңынан «Жарық» ауылына көшіп, сол жерде қайтыс болған. Бірақ Хасен ақынның бүгінге жеткен ащы мысқылға толы біраз өлендеріне қарап, оның барынша өткір тілді адам болғанын байқауға болады. Бір айта кетерлігі, бұл кісінің өткен ғасырдың 40-60 жылдары шығарған өлендерін қазіргі жасы үлкен қариялардың біразы кәдімгідей жатқа біледі.

Хасеннің өлендері көбінесе сол кездегі талапқа сай, колхоз тірлігіне, жатып ішер жалқаулар мен қоғам мүлкін талан-таражға салушыларды әшкерелеуге арналған.

Ол уақытта колхоздарға жанармайды Еркіншілік МТС-нан тасыйды екен. Хасеннің жанындағы екінші арбаның иесі әйел адам епсіздеу және өгізін аямай, жөн-жосықсыз ұра берсе керек. Осыны байқап жүрген Хасен:

«Адамның жаны да бір, малдың-дағы,
Обалды ойламайсың алдындағы,
Жүре алмай екі өгізің болдырғанда,
Жалп етіп мініп алдың бардың-дағы.
Табасың жалқаulyқтан қандай пайда ?
«Қамшы жау-арық атқа» деген қайда,
Жетектеп көлікті өрден шығарған соң,
Қарағым, ұра бермей байқап айда!»
— деген.

«Алғабас» колхозында қой фермасының бастығы болған Махмет деген адамға айтқаны:

«Махмет, завферма едің көпке бірдей,
Қызмет қыл, Отан үшін текке жүрмей.
Колхозшымен келісіп істеу керек,
Өзім ғана білем деп ерік бермей.

Байқасақ, көздейтінің өзін пайдан,
Қонақ келсе соярсың ұстап қойдан.
Сағат үшін беріпсің бір азбанды,
Айтшы сен, бұл қылықты таптың қайдан?

Қалжаға деп сойғыздың екі қойды,
Несі кетті, қатындар жеді, тойды.
Қоғамдық мал ойыншық бола қоймас,
Жүру керек, жігітім, тежеп бойды.

Қыстырып колхозшыны тақымыңа,
Ту қоймен бата істедің жақынына.
Жағдайым мынадай деп сонда да бір,
Салдың ба көпшіліктің ақылына?

Болады арық қойдың жаны берік,
Колхозда көп жүреді табынға еріп.
Өлмейді инеліктей иілсе де,
Жүресің өзін де одан іштей жеріп.

Ажалы семіз қойдың көз жұмғанша,
Айтпайсың неге расын көз қылғанша?
Қалап бір бағланды зорға ұстатып,
Жасаттың оған да акт кеше таңда.

Қоң еті тәтті екенін қайдан білдің?
Қасқырдай қойды иіріп айналдырдың,
Айналма, қара түйнек, кекір тиіп,
Өлді деп тап – тал түсте жайғып тындың.

Бой етін белсенділер бөліп алды,
Басқаға бір жапырақ тимей қалды,
Тазаның қикымы деп бұл да болса,
Қоймаға төрт сирағын әкеп салды.

Ферманы қарына ілген Махметім,
Қисайды неге мұңына түзу бетін?
Ымы – жымың басқалармен бірігіп ап,
Қоғамның бітеу жұттың көп дәулетін!»

«Алғабас» колхозына жаңа басқарма келіп,
шаруашылықты аралайды. Қақаған аязды қыстың бір
күні мал қорасына келген ол шанаға жегіліп, дір-дір
қағып тұрған арық қызыл ала өгізді көреді де, бұл неге
сонша арық деп малшылардан сұрайды. Сонда топ
ішінде тұрған Хасен ақын дереу өгіз болып мәңіреп,
басқармаға ала өгіздің атынан былай деп өлеңмен
жауап берген екен:

«Ақ иық, қызыл өгіз атым еді,
Қара мал қысқа аяқты затым еді.
Босамай қысы – жазы мойынағаштан,
Арықтық сүйегіме батып еді.

Сәрсенге шөп тасы деп беріп еді,
Қоңымның арықтығын көріп еді.
Токтаулы, жуас адам кез келді деп,
Қуанып жүрек шіркін сеніп еді.

Таяқтан құтылдым ғой енді деп ем,
Ырысым қырсығымды жеңді деп ем.
Колхозға жаңа бастық келгеннен соң,
Жеткізер жетілмеген кемді деп ем.

Көліктің күйін келіп көрер деп ем,
Қасына бір колхозшы ерер деп ем.
Жаны ашып, жағдайымды Сәрсен айтса,
Бұл да бір ақ жүрек қой, деп сенер ем.

Мені аяп Сәрсекеннің айтқаны сол,
Жегеді күнде ұстап босатпай қол.
Таяқтың бірі сынса, бірі дайын,
Белгілі, Ерейменде қызыл тал мол.

Айрылдым арқа жүннен ұруменен,
Бөгеліп күн батырам тұруменен.
Босатып мені біраз оңалтпасан
Өлуге таяу тұрмын жүруменен!»

Осы сөзден соң жаңа басқарма қызыл ала өгізді
камыттан босаттырып, жалпы көлік күтіміне дұрыс
қарауға қатаң тапсырма береді.

Соғыс жылдары Еркіншілік (Ерейментау)
ауданындағы колхоздар мемлекетке тапсыратын
астықты облыс орталығы-Ақмолаға тасыйтын болған.
Ол кезде шаруашылықтарда жылқы да жоқтың қасы,
шанаға кілең өгіз жегіледі. Осылайша қыс ішінде
«Алғабас» колхозынан кіре тартып, бірнеше өгіз-шана
қалаға бет түзейді. Кіресілердің ішінде Хасен ақын
және Малай руынан Оразбаев Тасболат деген
адам болады. Жолаушылар жолшыбай Талдыкөл
деген жерге (қазіргі Сарыоба ауылының маңы)
жақындағанда, Тасболат: «Жол үстінде отырған
Төкен деген бажам бар, соның үйіне соғып, бой
жылытып алайық»- дейді.

Төкен де Қанжығалының бір бұтағы-
Қоскелдіден тарайды. Және өзі Хасенмен
кұрдас, бұрыннан таныс адам. Бірақ ол
уақытта кімнің қонақ күтетіндей күйі
бар. Соғыстың қайнап тұрған шағы.

Тұрмыстың ауыр кезі. Оның үстіне Төкеннің бес-алты баласы бар. Олай-былай өтетін жолаушы көп. Үйге келген кірешілермен амандық-саулық сұрасқан соң Төкен: «Әне, су қайнап тұр, нандарың болса жібітіп, жүрек жалғандар»-дейді. Ақынның төмендегі өлеңі осы жағдайға арналғанмен Төкенді мұқату үшін шығарған емес, Хасекеннің құрдастық әзілі деп түсінген жөн.

«Жау шығып жар астынан, өрт лапылдап,
Еліме төнгенде апат тез жақындап.
Өлім мен өмір кенет белдескенде,
Үйінде отырады кім жадырап.

Қатты қыс, қатыгез жау қысып елді,
Колхозшы ерлік іске буып белді.
Майданға көмек үшін астық тиеп,
Керуендеп Ақмолаға тартып берді.

Жолшыбай «постоял» жоқ жақын жерде,
Жалғыз-ақ, Төкен бар-ды Талдыкөлде.
Көлікті шалдырмасақ жүре алмас деп,
Амал не, бөгелдік біз сол бір ерге.

Ол ердің әкесі Әділ-ақын еді,
Ағайын, құдандалы жақын еді.
Белгілі одан туған Төкен ақсақ,
Оңбаған, бір қу қаптал тақым еді.

Ұрт мінез, пиғылы тар бала жастан,
Төкенім сараң еді қарабасқан.
Тасболат соның үйіне озып кетті,
Кейінгі өгіздерге қарамастан.

Ол бізге: Төкен менің бажам деді,
Көсіліп қол-аяғым жазам деді.

Мейманға бөгелтпейтін еш уақытта,
Шай түгіл, қайнап қалар қазан деді.

Тұрмысы осы күні тәуір деді,
Бұл Төкен Қоскелдіде бауыр деді.
Басқаға түссек егер, оған түспей,
Ол маған өкпелесе ауыр деді.

Бізді оның өзі қарсы алар деді,
Шөбі көп, көлік жақсы шалар деді.
Алаңсыз ен тамақтан ішпейміз бе,
Шайына сары майды салар деді.

Қыс-жазы етсіз болмас Төкен деді,
Ықтиятты, шаруаға бекем деді.
Шуламай тәртіппенен отырындар,
Қырмызы қызыл жігіт әсем деді.

Тасболат түсе қалды бажасына,
Таң қалдық тұрмысының «тазасына».
Өлсе де талай маңғаз, Төкен өлмей,
Құдайдың кез болмапты қазасына.

Үш ит пен алты бала төрде жатыр,
Қатыны бір қараңғы көрде жатыр.
Бықсыған үйдің іші алай – дүлей,
Төсеніш жоқ, құр тақыр жерде жатыр.

Иттері бірін-бірі талап жатыр,
Үйдегі ыдыстарды жалап жатыр.
Қатыны көрсе-дағы үндемейді,
Көрпеден сығырайып қарап жатыр.

Тасболат бажасымен амандасты,
Әйелі от жағуға қадам басты.
Балалардың сиген жерін құрғатам деп,
Төрге әкеп қалақшамен күлін шашты.

Қайнады құр қара су қазанында,
Бай Төкен бір кезде оқыс қарады да:
- Нандарыңды әкеліп шай ішіндер,
Жоқ нанды – деді – жерден қазамын ба?!

Қатыны: Мына келген жездем, деді,
Мен сенің пиғылыңды сезгем, деді.
Туысын танымаған жан бола ма,
Бұл не қылған құдайдан безген деді!

Сонда Төкен: келсе де апан деді,
«Үйде жоқ «хлеб» пенен «махан»* деді.
Біз оның орысшасын білеміз бе,
«Не надо», кім болса да маған деді.

Бұларды «скоро» үйден шығар деді,
Адасып боран жоқ қой ығар деді.
Ымдайды баласына теріс қарап,
«Қарапчит» бір нәрсені ұрлар деді.

Асықтық енді үйінен аттанғанша,
Алам деген алмай ма сақтанғанша.
Ақымақ есі барда ел тапсайшы,
Жапанда мал көбейтіп мақтанғанша.

Егер де ажал жетіп өлсе бірі,
Құдайдың мәлімсіз ғой ішкі сыры.
Басын сүйеп, оң жаққа салар жан жоқ,
Жүрем деп ойлай ма екен мәңгі тірі.

Гитлердің сияқты тап тілектесі,
Иттердің бізге мұндай керек несі.
Күшейсін қырағылық іште – сыртта
Артады елдің сонда берекесі».



АЛЛАЖАР ТЕМІРЖАНОВ
(1912-1962)

1912 жылы Өлеңті өзенінің бойында туған. Ақынның әкесі Түгелбайдың Теміржаны деген ақсақал өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Ажы ауылында қайтыс болды. Жалпы Аллажардың арғы аталары Түгелбай, Тілеубай деген кісілер осы төңірекке аттары мәлім дәулетті, малды адамдар болған. Қазір Ажы ауылынан әрі, Өлеңтінің бойында Тілеубай өткелі, Түгелбай шоқысы деген жерлер бар. Аллажарды ел іші «Әтшу» дейді.

Шығармашылық жолын аудандық газеттің хатшылығынан бастаған Аллажар ақын соңынан Қарағанды қаласына ауысып, облыстық «Советтік Қарағанды» газеті редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» газетінің сол аймақтағы меншікті тілшісі болып

еңбек етеді. 1962 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды бөлімшесінде қызмет етіп жүргенде өмірден озады.

«Аурумын деп тарығып,

Өмірден мен түңілмен.

Өлеңімде бар үміт,

Сөйлесетін тірімен»-дейді бір сөзінде сырқат меңдеген ақын.

Аллажар ақынның алғашқы өлеңдер жинағаы «Екі сый» деген атпен 1935 жылы жарық көрген екен. «Жаз» аталатын екінші кітабы 1939 жылы басылып шығыпты. Кейін, 1940 жылы «Дарын» атты поэмасы жазылған соң, қаламгер әдеби ортада шын дарынды ақын ретінде мойындалады. Одан бөлек «Туған жер», «Саймақтың сары өзені» секілді дастандары, көптеген балладалары бар.

Драма саласында да біраз еңбектенген бұл кісінің «Семіздікті қой көтереді», «Шөлмек мың күн сынбайды», «Кеме келсе, қайық судан шығады» сияқты шығармалары Қарағанды драма театрында сахналанып, көрермендердің ықылысына бөленеді.

Ақын аудармамен де айналысқан. Оның Байроннан, Мұса Жәлелден, Степан Щипачевтан аударған өлеңдері кезінде әріптестерінен жоғары баға алған. Өзі қайтыс болғаннан кейін, 1966 жылы «Ақын мұрасы» атты өлеңдер жинағы «Жазушы» баспасынан басылып шықты.

ЖОЛАУШЫ

Жол іздеп бір жолаушы,
Жерін тауып жетпеді.
Ақыры бір сүрлеумен,
Күнбатысқа беттеді.

Білмегенмен бағдарын,
Беттеп шыққан ел есте.
Көз ұшында жосылып,
Жолдар жатты белесте.

Қай жол бұған меңземек,
Беттеп шыққан бағдарды.
Сол бір жағын біле алмай,
Жігіт әбден дағдарды.

Жол үстінде дағдару,
Жолаушыға жат пішін.
Жол талғайтын сонша бір,
Өз еліңе жатпысың?

Достық, пейіл, махаббат,
Арнасы бір-үш ағын.
Жол үстінде тұр жайып,
Олар саған құшағын.

АРЫҢДЫ САТЫП ТИЫҢҒА

Есесі кейін толар деп,
Есебін тауып әрқайдан.
Жымқыра берсең жыл сайын,
Құтайсын саған ар қайдан.

Арыңды түгел шырағым,
Өткізіп қойып тиынға.
Қайтарып алу кейіннен,
Жүрмесін соғып қиынға!

ЖЫЛҚЫШЫ

Қоныс шарлап қыс-жазы,
Жылқы баққан елсізде.
Жылқы атасы жылқышы,
Көз тігуде ел сізге.

Қыста қатал қаңтармен,
Қыркыссын деп белсеніп.
Атаң қазақ қосымен,
Аттандырған ел сеніп.

Қыс пен жұтты қосарлап,
Қонысты бір шақтаған.
Қиын күнде сен болдың,
Қыруар малды сақтаған.

Асау мініп ақ қарда,
Сені көріп теңселген.
Батырларға ұксатам,
Қысты жаудай еңсерген.

* * *

Шіркін, жастық шағымды,
Бірте-бірте жыл жұтып.
Қойды елуге бір табан,
Мезгіл мені жылжытып.

Сақал-шашқа түскен соң,
Жылдағыдан қар қалың.
Елу деген бізге енді,
Жер сықылды қарға адым

ӨЗІМЕ

Кеше күндіз бір досым,
Жақын келіп қасыма.
Жерге үнілген жұлдыздай,
Көзін салды басыма.

«Шашың,- деді-селеудей,
Қырау көмген күздегі.
Қоңсы қонған кәрілікке,
Шал секілді жүздегі».

Жүз жасымда бабалап,
Қадыр тұтса шөберем.
Әрбір сәтін сол шақтың,
Құштарлана өбер ем.

ҚАЙЫРЫМ

Жақсылық деген құтты бір,
Жол секілді айырым.
Бойыма сіңген қашаннан,
Солардың бірі-қайырым.

Қайырым менен қашқақтап,
Қаттылық сіңсе санама.
Жүз жерден адам болайын,
Адамға мені санама.

ӘЗІЛ

Көп жылдар бойы дамылсыз,
Жағалап ылғи ой шыңын.
Өлеңін жайған шай-шайлап,
Әкемдей мен де қойшымын.

ДАЛА

Жұрт көзіне қораш-ақ,
Көрінейін мейлі мен.
Тұрам бірақ үлкейіп,
Кең даламның пейілімен.

Өзенінді жағалап,
Өзегім бір талды ма.
Өзің келіп тұрасың,
Ризығым боп алдыма.

Көксегенім бір өзің,
Көңілде жоқ алалық.
Мен даланың ұлымын,
Жан-тәніммен далалық.

КҮЙ

Құлақтан кіріп, бойды алмас,
Күйді мен әсте күй демен.
Эфирден асқақ күй тындап,
Отырмын жалғыз үйде мен.

Қазақтың қалың қайғысы:
Барымта, көш-қон, аттаныс.
Эфирді шайқап барлығы,
Бір ғасыр бізден жатты алыс.

Бір елдің сонша зар-мұңы,
Ой жетпес, шеті-шегіне.
Кішкентай ғана қобыздың,
Сыйды екен қалай шегіне.

ЖІГІТТІК ШАҒЫМ ОРАЛСА

Көмілмей қалған бір шала,
Көмбе үстінде бықсиды.
Жартылай ашқан түндіктен,
Көгілдір түтін лықсиды.

Мүйіздеп ойдым бұлттарды,
Барады жылжып Ай тағы.
Тынатын емес бұл таңда,
Күзетші қыздың айтағы.

Жігіттік шағым оралса,
Қарызын соның қайта ақтап.
Сол қызбен мен де қотанда,
Жүрер ем шіркін, «айтақтап».



АЙТМУХАНБЕТ ЖАНАЙДАРОВ
(1929-2003)

1946 жылы ауылдық кеңес хатшылығынан еңбек жолын бастаған. Тың көтеру жылдары «Изобильное» совхозында партия ұйымының хатшысы, содан кейін Қорғалжын ауданындағы «Баршын» совхозының, Целиноград ауданындағы «Воздвиженский» совхозының директоры болған. Атбасар аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Макин аудандық атқару комитетінің төрағасы секілді қызметтерді абыроймен атқарған. Сол кездерден шығармашылықты жанына серік тұтып, мерзімді баспасөз беттерінде олең-әңгімелері басылып жүрген. Дүниеден өткен соң, бұл кісінің өмірі мен шығармашылығына арналған «Алтын тұғыр» деп аталатын кітап Астана қаласында басылып шықты.

ДАРА ТҮЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Басында ақыл-ой мен сана барда,
Кім-кім де өз қарымын шамалар да.
Аз жазып, көп сызса да сөз маржанын,
Тұтқасы тұр деп білер даналарда.

Сөз қонбас қанша айтсаң жарымасқа,
Қимайтын сәлемін де танымасқа.
Бір ғасырда бір туар асылдар бар,
Олардан жөні бөлке, жолы басқа.

Сөздері жаныңа нұр таратқандай.
Естіні жалт еткізіп қаратқандай.
Соларға тағзым етсек, артық болмас,
Ақылдан тәңір өзі жаратқандай.

ҚОС МҰХТАР

Үлкен Мұхтар-елімнің ғұламасы,
Кіші Мұхтар қазақтың жыр ағасы.
Екеуі де биік тұр басқа топтан,
Тым молдау болғандықтан сыбағасы.

Ұлдары бар қазақтың туған ірі,
Ірілердің ішінде Мұхтар бірі.
Томдаған кітаптарды жазар еді,
Арамызда қазірде жүрсе тірі.

Мұхаң жайлы қалайша толғамайын,
Қырандайын талпынып, қомданайын.
Ай маңдай, нұр сипаты қандай десең,
Айтатын оған лайық сөз де дайын:



Сөйлеп кетсе адамзаттың бұлбұлы,
Талмай шапқан қазағымның дүлдүлі.
Әрбір сөзі көне тарих, шежіре,
Күншығыстың зерек туған білгірі.

Бүлк-бүлк етіп сөйлегенде көмейі,
Көпшіліктің қанатұғын мерейі.
Бұл өмірге берген кілең дананы,
Асыл жер ғой Сарыарқаның Семейі!

Ұлы Мұхтар жазды роман, әңгіме,
Драмасы көрікті де, сәнді де.
Баға жетпес «Абай жолын» бітіріп,
Қалғып кеткен сияқты ол мәңгіге.

Кіші Мұхтар лаулап жанған жалындай,
Қазақтың бұл сатылмайтын арындай.
Жалтақтамай, көлгірсімей, жалынбай,
Өмір сүр деп берген оған дарынды-ай!

Оқығанда оның жазған өлеңін,
Дүниенің шарлап кетем көлемін.
Әр сөзінде тұнып тұрған қағида,
Ұлылығын мен осыдан көремін.

Әр ғасырда туар мұндай алыптар,
Қыран құстай аты шығып, қалықтар.
Көп-көп болсын...
Күншіл көзден сақтасын,
Төбесіне әс көтерсін халықтыр.

Қалың елдің ортасынан шыққандар,
Дәл солардай, осы біздің Мұхтарлар.
Қадірлесек, қадірлейік соларды...
Парқын танып, ұқпаған бар, ұққан бар.

АДАМЫ БОЛ ЕЛІҢНІҢ

(ұлым Жанатқа)

Бітті оқу...

Кетесің сен алысқа,

Бақыт ол да, қатарыңнан қалыспа.

Жақсылардың жолын берсін өмірде,

Адам болам десең соны ар ұста!

Әр уақытта тақ іздеме, ар ізде,

Халық үшін еңбек қылу парыз де.

Үлкендерге кішілікпен сәлем бер,

Маған қылған жақсылығы-қарыз де.

Елдің бәрі бола бермес періште,

Бұра тартса, бірімен де келіспе.

Шолақ ойлы адамдарға жолықсаң,

Араласпа, дауларына кіріспе.

Бақыт іздеп ұлықтарға жағынба,

Басыңды иіп көрінгенге табынба.

Күншілдердің көңілдері тар келер,

Әзір тұрар табалауға тобында.

Ұлы болма тек әкенің, атаның,

Көкірегінде тұрсын елің, Отаның.

Әр ісінді бағалайтын тек солар,

Жақсы деген сонда шығар атағың.

Өмір бойы ала жіптен аттама,

Жазықсызды жазықсыздан даттама.

Дос жылатып, қасың күліп айтады,

Сырын білмей, көрінгенді мақтама.

Ұрыссаң да зіл қалмасын ішінде,

Жауап қайтар, әрбір сөзін түсін де.

Мадақтайтын адамдар да көп болар,
Үлкен болса қызметің, күшің де.

Бақыр жақсы, қайыры жоқ алтынан,
Жолдас жақсы, пайдасы жоқ жақыннан.
Не көрсен де еліңменен бірге бол,
Алыс кетпе өзін туған халқыңнан.

Сонда ғана бақыт өзі келеді,
Ел де саған азамат деп сенеді.
Арамдыққа қадам бассаң бір рет,
Істеген іс, жақсылығың өледі.

Көппен көрген ойын-тойды қызықта,
Пенделікпен дүниеге қызықпа.
Тоймайды көз есебі жоқ байлыққа,
Қанағат қыл, қолдағыңды қызықта.

Сондықтан да ең алдымен адам бол,
Дархан көңіл ақжарқын бол, адал бол.
Жақсылардың бір тұяғы өзіңсін,
Қайда жүрсен бағымызға аман бол!

Бітті оқу...
Есейгенің бұл енді,
Балалық шақ-қайтып келмес жыл енді.
Басқаратын азаматтық жас келді,
Үйді емес, үйден артық бір елді.

ҚЫР ҚЫЗЫ

Қыр қызы әсем сұлу, инабатты,
Зерделі, ісіне де тиянақты.
Жасынан қанға сіңген ұяты бар,
Арына дақ түсірмес қиянатты.

Аққұба сұңқар мүсін Ғалиядай,
Ақжарқын, батыр жүрек Әлиядай.
Жаралған нәзіктік пен парасаттан,
Ақылы ағып жатқан дариядай.

Ажары күн нұрының шырағындай,
Еліктің жаңа туған лағындай.
Бұралған тал шыбықтай қынай белі,
Өзеннің жас балауса құрағындай.

Пейілі ұлан-ғайыр даламыздай,
Жасаған әр қимылы-бәрі аңыздай.
Салмақты, сабыры бар тым ерекше,
Мейірлі бір кездегі анамызддай.

Қолаң шаш иығынан төгілгені,
Бұрымы білектей боп өрілгені.
Өңіне жарасады аппақ қардай,
Сияқты толған айдай көрінгені.

Қызғалдақ десек, қырда жердің көркі,
Сұлу қыз инабатты елдің көркі.
Аққудай сыңарынан айырылмас,
Дәл сондай бола бермес ердің серті.

Талайлар содан ғашық қыр қызына,
Арқаның ерке өскен құндызына.
Бота көз, меруерт тіс, ақша мандай,
Аспанның ұқсап тұрар жұлдызына.

Мінезі көргендерді тамсандырған,
Көркімен көргендерді тандандырған.
Қазақтың қызы деген-қырдың қызы,
Жігіттің жүрегіне от салдырған.



РЫСТЫ ШОТБАЕВА
(1928-1994)

Қазіргі Ақмола облысы, Қорғалжын ауданындағы Көркейту ауылында дүниеге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітірген соң, Ақмола қаласындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын курсты бітіріп, соғыстың аяқталар тұсында мұғалімдік қызметін бастап, соңынан Ақмола педагогика училищесін тамамдайды. Осыдан кейін Ерейментау ауданында мұғалім бола жүріп, сол кездегі Қарағанды қаласындағы мұғалімдер дайындайтын институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіреді.

Ақынның өлендері 1958 жылдан баспасөз бетінде жариялана бастаған. Р. Шотбаева ұзақ жылдар ұстаздық қызмет пен ақындық шығармашылықты ұштастыра жүріп, көптеген өлендер, бірнеше поэма, балаларға арналған туындылар

жазады. Алғашқы көлемді дүниесі «Ереймен етегінде» дастаны кезінде оқырмандардан жоғары баға алады. Осыдан соң «Күрес жолында», «Толқынды Нұра», «Дала қызы», «Баршынгүл», «Ана толғанысы» сияқты поэмалары дүниеге келеді.

Қаламгердің тағы бір шығармашылық қыры-драматургия. Осы салада өнімді еңбек ете білген Рысты Шотбаеваның әр кезде жазған «Құйынбайдың құдасы», «Үш тойда», «Ашылған ақиқат», «Таң жұлдызы», «Енелер мен келіндер» сияқты драмалық шығармалары тек баспасөз бетіне шығып қана қоймай, халық театрларының сахналауымен Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының жұртшылығына таныс болады. 1970-1990 жылдар аралығында қаламгердің көптеген кітаптары Алматыдағы «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарыққа шыққан.

О, ЖЕР – АНАМ

О, жұмыр жер, туған менің анамсың,
Үй-орманым, өмір сүрген даламсың.
Мен де бірі, тірі жүрген пенденің,
Жан жүрегім, ақыл-ойым, санамсың.

Түпсіз мұхит, қарағайлы орманың,
Алыс-жақын, шимай-сызық жолдарың.
Он сегіз мың ғаламды өзің өрбіткен,
Бұл жалғанда жоқ қой сенің арманың.

Тау қойнынан алтын-күміс тасынған,
Күн күлімдеп, нығыңа асылған.
Гауһар-моншақ жұлдыздары аспанның,
Кеңістікке шашу болып шашылған.

Байлығына, барлығына бас ұрып,
Тойып-төгіп, дәулетіне тасынып.
Жалпағынан басып билеп жалғанды,
Біреулер жүр, атақ-даңқын асырып.

Алып аспан құзырына жарасқан,
Торласа бұлт, басына орнап қара аспан.
Тура жолдан өткізбеген таулар тұр,
Талайлар жүр, ну орманда адасқан.

Мұхит-сенің тұнып тұрған сырларың,
Теңіз-жайлап аққан өзен-жырларың.
Бұлақтарың-көз жасың ба көлкіген,
Орта ма, сол жаспенен мұң-зарың.

Зыр айналып өмір бойы күй кешкен,
Бағынышты, бар болмысты билеткен.
Бір бетің-қыс, бір бетің-күз, бірде жаз,
Құбылысты өзің бізге үйреткен.

Адамдардың о дүниеге кеткені,
Толып жатыр, жетпегені, жеткені.
Анасына наз айтады баласы:
«Кейбір жайда біз де сізге өкпелі».

Жалғанмын деп қулығыңды асырып,
Адамдарды қойғаның ба басынып.
Зұлымдардың зұлымдығын жеркенбей,
Жым-жылас қып жібересің жасырып.
Жақсылыққа жамандық жүр ұялап,
Жер бетіне бәрі бірдей сыя алад.
Қыршын жас та жер қабатын жастанар,
Жер-Анам-ау, мұныңыз да қиянат.

ЖАҢЫЛМА

Көктем келіп, ашылса күн қабағы,
Ырғалады нәзік гүлдің сабағы.
Әр нәрсенің кезегімен күн кешіп,
Қанағатын қарға-құзғын табады.

Тау басынан бұлақ төмен ағады.
Алда барар мекен-жайын табады.
Жақсы-жаман, жаңылыстау іздерді,
Көбік қарлар көпіршітіп жабады.

Өмір сүріп өткен осы шағымда,
Қарсы жүзген кезім болды ағынға.
Әрқашанда оңға бұрыл, аяғым,
Түзу басар қадамыңнан жаңылма.

Жаны қатал, жақпайтынға жағынба,
Ар-намысым, артық ойға бағынба.
Ұстаса да тағдырыңның тұтқасын,
Діні қатты адамдарға жалынба.





ТӨЛЕУ ШАХАНОВ
(1942-1994)

Еркіншілікауданының(Ерейментауауданының сол кездегі атауы) Бестөбе кенішінде туған. 1959 жылы Ерейментаудағы қазіргі өзінің атындағы орыс ора мектебін бітірген соң аудандық «Еңбек туы»-«Знамя труда» газеттерінде корректор, әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастаған. 1961-66 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің қазақ және орыс бөлімінде оқиды.

Ұзақ жылдар «Социалистік Қазақстан», «Ленинская смена», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында, «Жазушы», «Жалын» баспаларында, «Қазақфильм» киностудиясында қызмет еткен.

Қазақша, орысша екі тілде бірдей жазған Т. Шахановтың әр жылдары орыс тілінде «Байга» (1966), «Светлый день» (1969), «Два гонца» (1974)

сияқты өлең жинақтары, балаларға арналған «Білесің бе бұларды?» (1972) атты өлең кітабы шыққан. Фантастика жанрына да қалам тартып, «Көгілдір мұнаралар», «Жоғалған жаухар» деп аталатын кітаптары жарық көрген.

Ол сондай-ақ, К.Әзірбаевтың, Н. Ахметбековтың, Д. Қанатбаевтың шығармаларын орыс тіліне аударып, венгр жазушысы Крянгенің «Өжет әтеш», М. Светловтың «Мальчиш-Кибальчиш» туындыларын қазақшалаған..

ТӨРТТАҒАНДАР

Жек көру қиын, сүю де сын ғой, біл мұны,
Сенімге қол арт, желпінтсін жанды жыр нұры.
Айқасқа асық, аянып қалма,шындық пен,
Сенімің болса, ашылар көңіл түндігі.

* * *

Достарым бар да, шалқытар көкке ар әнін,
Солардан өшпес бойыма шуақ тарады.
Жаныма бірақ жиілеу түскен жарадын,
Шемен боп жүрек, айналып тасқа барамын.

* * *

Тоңдырады бір мезгіл, жылытады шуағы,
Өмір солай, қайғы мен қуаныштан тұрады.
Көкке самғап кей кезде, жерге құлап жатасың,
Тірлік осы, ешқашан болмайтұғын тұрағы.

* * *

Күнделікті сол тірлік, тербетеді ән қырды,
Бірақ., бірақ бір қылық көңілімді қалдырды.
Түнек басты күн көзін, сүйенерім жоқ енді,
Сеніп жүрген жан досым көңілімді қалдырды.

* * *

Әңгіме етіп не түрлі, танысы мен тірегін,
Отырыстың сол адам кетірді ғой реңін.
Өзін мақтап, үйретті қалай өмір сүруді,
Кетейікші бұл жерден, айныды ғой жүрегім.

* * *

Тірлік жаса, құр қажыма, бір іс қыл,
Өмір-еңбек, түсінгенге дұрыс бұл.
Зейнеті де болады оның, әзірше,
Алдымызда талай асу, жұмыс тұр.

«Два гонца» жинағынан.
(аударған С. Байбосын).

* * *

Сахара дала, жасыл маң,
Оранған майса шалғынға.
Төскейге малы шашылған,
Ауылым жатыр алдымда.
Көзіме оттай басылған,
Өзгеше бір үй бар мұнда,

Жарқырап көлі жырақта,
Қатар тұр қырқа, таулар да.
Шұбырған табын суатқа,
Шашылып шаңы бар маңға.

Осынау ғажап сурет
Күш берер қиял, арманға.

Үміт те қанат қағады,
Ой ұшып құстай қияға.
Керемет көркі даланың,
Кеудеге келіп сия ма

Көз жетпес менің байтағым,
Шаршатпас бірақ шын ұлын.
Кеудеге құйып қайтамын,
Қараторғайдың шырылын.

* * *

О, Ару!
Құмарлықтың тамыры,
Сезімдердің тұнығы,
Қанаттардың суылы!

Болмаса егер жалыны,
Саған деген жүректің.
Құрбаны ғып азаптың,
Өртіне сап тозақтың,
Күл еткін!

Ал, күн егер басталса,
Көктен құлап шұғыла ән.
Біле бер,
бір от іздеп жаныма,
сені тауып тағы да,
шуағыңа жылынам!

Кейбіреу,
Сезімінді айналдырса мазакқа,
Сеніп тұрып ойлар болса пасықтық,
түсіреді азапқа,
тамшылайды жанарыңнан жас ыстық.
Түсінемін, бұл-қайғы,
Бірақтағы сол адам-
жалғыз тамшы жасыңа да тұрмайды.

ІЗДЕП ЖҮРМІН ӨЗІМДІ

Іздеп жүрмін өзімді,
Жақыннан да, қиядан.
Пендешілік сезімді,
Ұсақтаған кезімді,
Достарыма бірақ та
Көрсетуге ұялам.

Қарсы ала алмай ар таңын,
Түгесіліп күш мүлде.
Нашары боп ортаның,
Өмір мәнін түсінбей,
Қалам ба деп қорқамын.
Ұзақ жолдың үстінде.

Көзің салшы тереңге,
Неге керек біздерге.
Махаббат та, өлең де?
Жапырақтың сыбдыры,
Көктемдегі күн нұры,
Неге керек?
Осыны
ойлауға да күш керек.
Жалғыз қалсақ не істер ек?

Мұнар тұман ішінде,
Өмір өте шығады,
Кіргендей бір түске кеп.

...Қорқыныш ед бұл неткен,
Ал қасында адамдар.
У-шу болған дүрмекпен,
Бір-біріне айырылмас
ғашық болып мәңгілік,
Бұрқасынды түндерде
дауыстары жаңғырып.
Бақыт жайлы жүреді,
Ғасырлармен ән құрып.

Ал неліктен сол шақта,
Осы топтан алшақтап.
Таусылмайтын қаңтардағы түнде мен,
Жігерлі мен жайсандарды күндеген.
Ашкөзділік, аярлықпен қараған,
Арсыз пенде бола алам?

Жоқ!
Мен мұндай бола алмаспын сірә да,
Жер ананың қуатынан нұр алам.
Үміттерін жақсылықтан үзбейтін,
Адамдар көп мен секілді өздерін,
Ұлылық пен кішіліктен іздейтін.

**«Жұлдыз жарығы» жинағынан.
(аударған Сайлау Байбосын)**

ТОЙ

Словно молния, тряхнуло
Слово краткое-той!
Женеше моя ахнула
И сказала «Ой-бой,
Я не сшила платице,
Помоги мне Аллах.
Вздумал дурень свататься.
«Ах!»

...А кони ржали,
Летели кони,
Пропахшие далью
И потом погони.
Летели пьяно
В дымчатый зной,
Вздымались бурьяны.
Той!

...То-о-ой!
Захлебнулась домбра.
А девчонки
Зарделись, как яблоки.
Миг-
И всех завертела игра,
Закружило по кругу корабликом.
Миг-
Взглянули, как небо глаза,
Обожгли,
Опалили огнем.
Ах, глаза.
Неземные глаза.
Я застыл,
Я забыл обо всем.

...Ты сегодня такая красивая,
Ты сегодня такая счастливая.
Как весенняя первая радуга,
Вся ликуешь в наряде свадебном.
Петь «Жар-жар» о тебе не надо:
Ты, как я,
Бесконечно рада.
Не скрываешься за чадрой.
Той!
...Той!
Я смеюсь,
Хохочу.
Я с планетой один говорю.
Если вдруг захочу,
Звездный мир,
Как цветы подарю.
Мне сейчас хорошо,
Я пою,
Опьянен красотой.
Не сердись, женеше,
Улыбнись, женеше:
Каждый солнечный день—
это той!

Из сборника «Байга»
(Алма-Ата, 1966)





ТЕМІРБОЛАТ БӘЙДІЛДАҰЛЫ

1936 жылы Ерейментаудың Өрнек (ертедегі атауы-Қызылөзек) деген жерінде дүниеге келген. Орта мектепті тәмәмдаған соң аудандық комсомол комитетінің мал жайылым учасоктарымен жұмыс істейтін хатшысы, одан кейін Усамбай ауылында Қызыл бұрыш (ауылдағы мәдениет ошағы) меңгерушісі болып еңбек жолын бастаған. Біраз жылдар ауыл шаруашылығы саласында түрлі жұмыстар атқарып, сосын темір жол бойына ауысып, сол жерден зейнеткерлікке шықты.

Ақындығы ерте танылып, жастайынан Бекболат, Аманжол, Жансары секілді жүйріктердің жанына еріп, айтысқа түсіп шынығады. Талай мәрте облыстық ақындар айтысында Ерейментаудың намысын қорғап, топ жарғаны ел есінде. Темірболат ақын тоқсаныншы жылдардың басына дейін облыстық

айтыстарға үзбей қатысып, кейінгі жастарға үлгі болды. Өлеңдері өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап аудандық, облыстық басылымдарда жарияланып келеді.

Ереймен-жырға толы қайран елім,
Байлықтың тасқынында болған жерім.
Тауларың ерейгенмен әрбір жерде,
Заңғар боп көрінесің, асқар белім.

Осы елді мекен еткен шешендері,
Сөзбенен топ бастаған көсемдері.
Бәрі де арамыздан кетіп қалды,
Көп елге мәшһүр болған есімдері.

Бекеннің көп қазаққа аты шықты,
Тастамаң Аманжолды, ол да мықты.
Осындай жүйріктерді алып кеткен,
Япырай, сұм қара жер неткен мықты.

Қандай еді Тұқпидың Өмірбегі,
Сезімтал, ұшқыр ойлы өмірдегі.
Шәмшөн мен Темірғали деген қарттар,
Шырағы еді, шебер сөздің елімдегі.

Солтанды қалай айтпай кете аламын,
Өлеңмен тарататын шежірені.
Жансары майдақоңыр әніменен,
Күңіrentкен домбырасын серім еді.

Жарықтан шықты бір кез Хасен ақын,
Уақы мен Қабыкеннің атап атын.
Еске алып, ағаларды қалам тарттым,
Қастерлеп, қадірлейік елдің даңқын.

Дегем жоқ өткен-өтті, кеткен-кетсін,
Ұрпақтан-ұрпақтарға барып жетсін.
Кешегі Ерейменнің жүйріктерін,
Аңыз ғып кейінгі жас айтып өтсін.

БАҚЫТ

Сағымдай ұшып жүрген сен бір бақыт,
Келе ме, басқа қонар тауып уақыт.
Сездірсең бойға дарыр күніңді ерте,
Кетер ем, өле-өлгенше мойныма артып.

Не нәрсе ер жігіттің бақытында,
Домалар тасың ұшып уақытында.
Қонғанын біле тұра қайран адам,
Абайлап қарамайды-ау алды-артына.

Сонымен, кетер ұшып қапылыста,
Кеткен соң жету қиын, өмір қысқа.
Бақыт кетсе басыңнан, жалғаны жоқ,
Жем болдың содан кейін ит пен құсқа.

ҚАРТ АНАЛАРҒА

Армысындар, қарт ана, жетпіс асқан,
Заман болсын тыныштық, ашық аспан.
Мен тілеймін денсаулық өздеріңе,
Қиын-қыстау жылдар ғой сіздер басқан.

Қиындық аз көрмедің, аналарым,
Аштық пен қатал тұрмыс, соғыс зарын.
Өзің жемей, аузыңнан жырып беріп,
Біз едік әлпештеген балаларың.

Бармысың, сол аналар жер бетінде,
Қарағым келіп тұрар келбетіне.
Дәл сіздердей қайырым болар ма екен,
Қиындық келсе қайтып ел шетіне.

Әрқашан ел ырысы ана екен,
Асқар тау, биік қорған, пана екен.
Әр ісі кейінгіге үлгі болған,
Дүниеге келіп-кеткен дана екен.

Не жетсін бұл өмірде аналарға,
Таппадым ешбір нәрсе бағалауға.
Жүздесіп, көңілдерін көтеруге,
Бір уақыт таппай жүрмін аралауға.

КӘРІЛІК

Асқар тау панам көп еді,
Бізбенен еріп жүрмеді.
Бәрі де кетті бір күнде,
Ұшын да қолдың бермеді.

Әке-шешем, қорғаным,
Аз күндік қонақ болғаның.
Қалғанға солай із тастап,
Ішінде кетті-ау арманың.

Ой, дүние, дүние,
Қалам алдым күйіне.
Көруге келген жалғанды,
Қонақ екем үйіме.

Жас келіпті зымырап,
Күн сайын денем құлдырап.
Жазғанымды көрмейді,
Екі көзім бұлдырап.

Мезгілсіз өмір, тоздың ба?
Уақыттан бұрын оздың ба?
Тән жүдеді, жаным жас,
Қолыңды ерте создың ба?

Өкінішті-ақ күндерім,
Өмірден аз-ақ көргенім.
Тастамай артқа аманат,
Жарай ма босқа өлгенім?!



ҚЫДЫРБАЙ БЕКАХМЕТҰЛЫ
(1943-1997)

Павлодар облысының Екібастұз ауданында дүниеге келген. Ауыл тірлігіне араласып, механизатор, есепші, тағы да басқа жұмыстар атқарған. Сексенінші жылдардың ортасынан былай қарай Павлодар облыстық, Екібастұз аудандық ақындар айтысына қатысып, талай мәрте жүлдегер болып, халыққа таныла білген дарын иесі. Тоқсаныншы жылдардың басында Ерейментау ауданындағы Қойтас ауылына көшіп келіп, сол жерде еңбек ете жүріп, онерден қол үзбейді. Бірнеше рет Ерейментау аудандық, Целиноград облыстық ақындар айтысының жүлдегері болған. 1991 жылы Алматыда өткен ІІІ Республикалық ақындар айтысына қатысып, абыроймен оралған. Сүйегі Ажы ауылындағы қорымда жатыр.

ҚЫДЫРБАЙ мен ҚАБДЫЖӘЛЕЛ

1997 жылы Қойтас ауылындағы белгілі еңбек ардагері Сағымбаев Жаманбай ақсақалдың 60 жылдық мерейтойы өтіп, осы қызыққа жиналған көптің алдында Қыдырбай мен Қабдыжәлел Сахария шығып, әрі-бері қағысып, ел көңілін көтерген еді. Бұл кезде Қыдырбай ақынды әжептәуір сырқат мендеп жүрген болатын.

Қабдыжәлел:

Армысыз, атың мәлім ақын Қыдыр,
Ағасыз, жасың үлкен, биік тұғыр.
Жетіру –Қанжығалы мақтан еткен,
Шешен деп шебер тілді, сөзі шымыр.

Құмартып, сағынасың алыстан да,
Не жетсін қуанышпен қауышқанға.
Көңілдің көкейкесті сөзін айтам,
Көзіме мақтады деп намыстанба.

Қыдырбай:

Бабамыз батыр болса ту ұстаған,
Арамыз жақын болсын суыспаған.
Мекенің құтты болсын, Қабдыжәлел,
Монғолдан аңсап келіп қоныстанған.

Мен едім Қойтастағы Қыдырбайың,
Тыңдауға құмар болсаң сөзім дайын.
Кезінде кездесіп ем талайлармен,
Сырқат боп, қиындап тұр жағдайым.

Қабдыжәлел:

Қыдеке, немене еді сырқатыңыз,
Сырқатқа ұқсамайды тұрпатыңыз.
Өкпеңе өкпек желдің сызы тисе,
Сылатып жеңгемізге сипатыңыз.

Кеудеңіз –алтын сандық қазыналы,
Таңдайда бал татиды сөздің дәмі.
Шаттанып шабыттаншы, тебіренші,
Терлесен, шаншу, тұмау жазылады.

Қыдырбай:

Ақындар ойлау керек елдің қамын,
Жұрт үшін сайрау керек тіл мен жағың.
Кембағал, кедей болса туған елің,
Ақыным, сенің-дағы жанбас бағың.

Сондықтан ой да сырқат, бой да сырқат,
Шындықты жаба алмайды ешкім қымтап.
Кеселдің кеудедегі түрі жаман,
Ел байып, ем таппаса ертеңгі ұрпақ.

Қабдыжәлел:

Ақыным, неге мұнша түңілесің,
Уайым уын ерте сіміресің.
Құлшынып, қуаттанып сілкінші бір,
Күйініп, дұшпандарың күңіренсін.

Еркіндік, егемендік алған елің,
Бостандық босағанда бүгін сенің.
Үмітің үзілмесін болашақтан,
Ізденсек сырқаттың ел табар емін.

Қыдырбай:

Ел болып егеменді атқан таңың,
Тіл тіріліп, жазылады Ата заңың.
Нарықта қоғам неге құлдырады,
Ауыл тозып, ұры тонап елдің малын.

Заманнан көңіл бүгін шошынғандай,
Адамның ауруын жасырғандай.
Жүрегім шөре-шөре болар бір күн.
Кенеттен жанартауым атылғандай.

ШАБЫТ

Шабыт деген-дүлей дауыл бұрқанған,
Кей кездері кілт түнеріп, бұлттанған.
Иігенде боз інгені ақынның,
Баурын жазып, боздап бота жыр тамған.

Ақын ойы-өлшемі алыс-жақынның,
(Жанға тиіп жатса-дағы зақым мың)
Кейде өртеп, кейде тәнін мұздатар,
Шабыт деген-зарядкасы ақынның.

Шабыт деген-айға шапқан арыстан,
Тайталасқа тайсалмай-ақ барысқан.
Шабыт деген-көл еркесі қос аққу,
Айдынынан сыр сіміріп, әрі ұшқан.

Шабыт деген шағылдағы тас-құм ба?
Өткел бермес әлде долы тасқын ба?
Шабытыңа жолыққасын, ақын дос,
Шарықтатып талай қырдан астың ба?

Мен осылай қабылдаймын шабытты,
Компасым ол-түзеп берер бағытты.
Тек ақынның еншісі емес, ағайын,
Шабыттанған пенде тегіс бақытты.

ӨКІНІШ

Қырды кезіп, қызық қуып есіріп,
Мен өнерге келіпін ғой кешігіп.
Қойнын ашты, бірақ маған жатсынбай,
Айыбымды мейіріммен кешіріп.

Қиял шіркін тұра ма әсте өрлемей,
(Кім байлаған ұзақ мені кермеге-ей?!)
Абайдан соң мен шығармын қазақта,
Өткен қолын мезгілінде сермемей.

Кіналаймын басқаны емес өзімді,
Босқа өткізген берер ме сол кезімді!
Адастырған арманыммен қауыштым,
Құнсыз тірлік тауысқан соң төзімді.

Міне, осындай шөккен нардай мұңым бар,
Мұңым барда, жырым да бар, ұғындар.
Дәлелдегім келіп отыр сондықтан,
Бұл өнерде қаншалықты құным бар.

Тілге ләззәт екені рас тәттілік,
Тәттілікті жаратылыс жатты ұғып.
Тәтті жырдан дәм татырсам деп жүрмін,
Талабыма жазса тәңір сәттілік.

АҚЫН

Қуанғанда арнасына толатын,
Қамыққанда күзгі гүлдей солатын.

Кім дейсің бе, сенің айтып тұрғаның,
Ол-әулие, ол-періште, ол-ақын.

Расы сол, ақын деген-періште,
(Мұнымен сен келіс мейлің, келіспе)
Дәл қасында тұрғанменен, ойлары,
Көк аспанның қатпарында, кеңісте.

Құлазып бір бұзылғанда реңі,
Жыры болар-құдайдан соң тірегі.
Басқа адамнан айырмасы ақынның-
Жалғыз емес, әлденеше жүрегі.

Көңілдерге егіп сосын масақ-жыр,
Өз бейнесін өлеңменен қашап жүр.
Бала жүрек ақын деген осынау,
Болашақты өлмес жырмен жасап жүр.

СЕНІМ

Сенім деген мылқауды да сөйлетер,
Құдірет қой, түсінгенге-құдырет.
Наданды да сенім түрлі ойлы етер,
Сенгендер көп, соған жаным, шүкір ет.

«Сендім десе, аға, сізге ардақты»
Сол-ақ екен, дауыл болып үдеймін.
Сенімнен зор не бар екен салмақты,
Сенетіндер бітпесін деп тілеймін.

Қу тірліктің көргем талай құқайын,
Ауырлықтан жасып, азап тарта ма ер.
Сеніп маған, айналайын ағайын,
Сенімінді, міндетінді арта бер.

МЫНА МЕНІҢ...

Мына менің төрт тауым бар-төрт тірегім емес пе,
Мына менің төрт белім бар- төрт білегім емес пе.
Мына менің төрт көлім бар-төрт жүрегім емес пе,
Мына менің төрт балам бар-төрт түлегім емес пе.

Мына менің төрт отым бар-төрт шырағым емес пе,
Мына менің төрт сөзім бар-төрт пырағым емес пе.
Мына менің төрт көзім бар-төрт қыраным емес пе,
Мына менің төрт балам бар-төрт ұраным емес пе.

Мына менің төт айым бар-төрт шұғылам емес пе,
Мына менің төрт күнім бар-төрт құбылам емес пе.
Тірлігімде тірі тұрса төрт құлыным дін аман,
Кірмеймін бе нелер қызық, дулы –думан, кеңеске.

ТІЛЕК

«Құдайым, жолымды еткей кеңірек»-деп
Жалындым талай мәрте еңіреп кеп.
Поэзия, күмбезді көк ордаңа,
Қараймын мен алыстан төңіректеп.

Өмірдің керек қылмай даңғазасын,
Жыр деген алмай ма ақын жан мазасын.
Жасқанып қара өлеңнің киесінен,
Көп жүрдім, аша да алмай дарбазасын.

Өзіңе келдім міне, өгейсінбе,
Жол болсын, ал, ақыным, дегейсің де.
Бақ сынап көрмекшімін көп тарланмен,
Білмеймін, шенейсің бе, демейсің бе.



АМАНГЕЛДІ АҚПАРОВ

Ерейментау қаласында 1958 жылы дүниеге келген. Орта мектепті тауысқан соң Торғай ауылындағы кәсіптік-техникалық училищені тәмәмдап, еңбек жолын Өлеңті совхозында тракторшы болып бастаған. Кейін сол шаруашылықтағы комсомол-жастардың «Самал» деп аталатын шопандар бригадасында еңбек еткен. 1979 жылдан бастап ата кәсібі темір жол бойына ауысып, бүгінгі күнге дейін абыройлы еңбек етіп келеді. Алғашында темір жол бойы монтері болып бастаған Амангелді осы саланың барлық сатыларынан өтіп, бүгінде жалпы еліміз бойынша жұмыс жүргізетін «Жол жөндеуші» деп аталатын үлкен кәсіпорынның бас директорының орынбасары. Бірнеше мемлекеттік наградалардың иегері, сондай-ақ, «Құрметті теміржолшы» белгісін алған. Алматы көлік инженерлері институтын бітірген. Орта мектеп пен жоғарғы оқу орнын орысша бітірген Амангелдінің қазақша өлең жазуы көңілге қуаныш ұялатады.

ҚАСИЕТТІ ЕРЕЙМЕНІМ

Асыл жерім-Ерейменім,
Қасиетіңе бас иемін.
Сенсің менің мақтанышым,
Кіндік қаным тамған жерім.

Ақ қар жатыр тау басында,
Өзен тасып арнасында.
Іші толған мөлдір бұлақ,
Қалың ағаш саясында.

Көлдерінде акку жүзер,
Тауларында арқар жүрер.
Таудан соқса жұпар самал,
Көңіл толып шалқи берер.

Батыр туған ел қорғаған,
Дұшпандарын қойдай қырған.
Туар әлі асыл жастар,
Баба жолын жалғастырған.

Сені көрмей тұра алмадым,
Кеудемдегі нұр-арманым.
Теміржолшы болсам -дағы,
«Ереймен» деп жыр арнадым.

ҚОРЖЫНКӨЛ

Ерейменнің етегінде,
Тау-жотаның бөктерінде.
Жатыр шалқып Қоржынкөлім,
Байлығына ырза елім.

Өміріме себеп болған,
Қысылғанда көмек болған.
Бабалардың әруағы ма,
Мені солар қолдады ма!

Тоқан хазірет-қасиеттім,
Олжабайдай асыл тектім.
Адалдық пен намыс қанда,
Өздеріңнен ауысқан ба?!

Тау-орманың, бәрің-бәрің,
Өздеріңсің сағынғаным.
Сенің арқаң туған жерім,
Ел мен жұртқа танылғаным!

СЕРІГІМЕ

Тұңғыш ұлым-Серігім,
Жүрсең де алыс-тірегім.
Беделің, бағың өссін деп,
Тілегіңді тіледім.

Ұл мен қызым-жан-жағым,
Өмірде үміт-арманым.
Немерем Батыр туылып,
Ғұмырымды жалғадың.

Сәуле келінім-ақ таңым,
Үмітімді ақтадың.
Көбейеді сендермен,
Ұрпақтары Ақпардың!

АЛЬТАИР

(немереме)

Нәресте туса әрине,
Қуаныш келер әр үйге.
Альтаир деп бір құстың,
Атын бердік сәбиге.

Қанат қағып көгінде,
Бақытты болсын өмірде.
Байрақтағы қырандай,
Танымал болсын еліне.

Ата-әжені қуантқан,
Болсын елдің баласы.
Аман болсын Сәулежан,
Оны туған анасы!

ӘМИНӘ НЕМЕРЕМЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ АНАСЫНА

Асқақ таулар аспанменен таласқан,
Сол аспаннан Алтынбектің әні асқан.
Гүлбанудей құлынымды келін қылдық сол жерден,
Қайратыммен қол ұстасып жарасқан.

Қуанышқа сосын бізді бөледі,
Немере ғой, ата-әжеге керегі.
Пайғамбардың анасының атын алған,
Әминәдай немереміз дүниеге кеп еді.

Мерке деген-ол-дағы бір қазағымның ордасы,
Сол Меркеден бастап едің өмір деген жол басын.
Аман болып қол ұстасқан өмірдегі жолдасың,
Ақпар атаң әруағы дәйім сені қолдасын!



НЕМЕРЕЛЕРГЕ

Қоныстандық Астананы,
Елімізде бас қаланы.
Өмір ағып арнасында,
Немерелер жалғасуда.

Батырым мен Әлібегім,
Қызығым ғой бәрі менің.
Каринам мен Маликам бар,
Өмірдегі әнім менің.

Нұр құяды жүрегіме,
Соңыма еріп жүреді ме.
Тәубе деймін бір Аллаға,
Жеттім ғой деп тілегіме!

ҚҰДАЛАР

Балалар өсті, ер жетті, өмір жолын таңдады,
Бір-біріне мәңгілік махаббатын арнады.
Қуанышқа бөледі немере келіп дүниеге,
Соңымызда біздердің ғұмырымызды жалғады.

Құдаларым мың жылдық, туыс болып қалдыңдар,
Қызылжардан Хасен мен Ләтипадай арғындар,
Меркедегі Ботбай-Қожайдан* Талғат пенен Райхан.
Асыл қыпшақ руынан Шегей құдам бар мұнда.

Құт-береке жолына тілектес қой құдалар,
Немерелер ортақ қой, не десең де құп алар.
Дастархандас отырсақ-әніміз де бір болсын!
Өмірдегі жарасқан сәніміз де бір болсын!

*Ру аты

ӨМІРЛІК ЖАРЫМ ҚАЗИМАҒА

Алтыным, Қазкенім-ау, жан жолдасым,
Өзіңсіз күнім қараң, көңілім салқын.
Жүргенде ас үй жақта айғай салып,
Бұлбұлдай естіледі сенің даусың.

Кетіп едің бір жұмаға емделем деп,
Ойсырап көңіл шіркін, сенделем көп.
«Әже» деп немерелер алаңдайды,
Өзіңсіз үйдің сәні келе алмайды.

Әр адам ұрпағынан бақ табады,
Қайратжан Керекуге жаңа қызметке аттанады.
Жеткенім Алла қолдап арманыма,
Ақ тілекпен сен қасымда болғаныңнан!

БІЗ ДЕ АТА БОЛЫППЫЗ

(Самат жолдасқа)

Темір жолда бастадық біз алғашқы қадамды,
Осы жерде айырдық жақсыменен жаманды.
Мамандыққа осынау жан-тәнменен берілдік,
Қызметпен бір кезде Астанада көріндік.

Орта жастан асып біз, арнамызға толыппыз,
Немере сүйіп балалардан, біз де ата болыппыз.
Бір кездегі жас келін Роза еді көрікті,
Ол да міне, ақылман, асыл әже болыпты.

Өмір қызық болғанмен, ғұмыр өтіп барады,
Шүкір дейік осыған
Соңымызда бірақ та, ұрпағымыз қалады,
Сол ұрпақта жетпеген мақсатымыз қалады.
«Адам» деген сонан соң жақсы атымыз қалады!

АЗАМАТ

(Мереке Әрінулына)

Әрінулы Мереке азаматтың төресі,
Басқалардан қашанда биік болған өресі.
Жастық шақта бір жүріп, талай белден асып ек,
Темір жолда жұмысқа бірге қадам басып ек.

Мәртебең де биіктеп, КТЖ-ға жол алдың,
Екібасыңды қимадың, сосын қайта оралдың.
Өсе берсін беделің, сыйлайтын жан жолдасым,
Жолдастарың, достарың жан-жағыңнан қолдасын!

АРДАҚТЫ АҒА

(Елеусіз Айтжановқа)

Қоржынкөлде темір жолға, тұңғыш қадам басқанда,
Жөн таба алмай кей кезде маңдай терлеп сасқанда.
Сізден, аға, сол кезде көп нәрсені үйрендік,
Үйрендік те, сонан соң, темір жолды игердік.

Берілетін қашан да кәсібіне жанымен.
Қандай жұмыс болса да, орындайтын бабымен.
Сізден солай үйреніп көп нәрсенің ретін,
Үйретумен келемін басқаларға әлі мен.



ҚАБДЫЖӘЛЕЛ САХАРИЯ

1956 жылы Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында туған. Ақындық, әншілік дарыны ерте танылған Қабдыжәлел сол жақта халық театрында еңбек етіп, ел ішіне мәлім болады. Әсіресе, ақындар айтысына белсене қатысып, жарқырай көрініп, халыққа аты белгілі өнерпаз дәрежесіне жетеді. Осы өнері Қабдыжәлелді 1989 жылы Моңғолия жерінен Алматыда өткен халықаралық ақындар айтысына алып келді. Бұл додада өз биігінен көріне білген ақын осыдан соң Қазақстан жұртшылығына танымал болды.

1991 жылы атажұртқа біржола қоныс аударған Қабдыжәлел дүбірлі жарыстардан қалмай, талай жүйріктермен сөз сайысына түсіп, өзінің табиғи дарын екенін сан мәрте таныта білді. Ол бұл күнде Ерейментау ауданындағы Нұралы (Павловка) ауылында тұрып жатыр.

Тәңірім медет бергін тіл мен жаққа,
Кесапат кесірінен өзің сақта.
Айтысты қастерледім ата-мұра,
Киелі кір жұқтырмай аманатқа.
Бөтен тіл, бөгде жұртта жас ұлғайды,
Еркіндеп сөйлей алмай жастық шақта.
Аздырдық дін мен тілді, салт-дәстүрді,
Тоғышар дәуірінде керітартпа.
Қозғалып заман тоңы жібигенде,
Қолға алып домбырамды, міндім атқа.
Отанның өркеніне үлес қостым,
Орнығып, қасиетті ата-жұртқа.
Бөлмеймін ұлтты жікке, жұртты тапқа,
Бермеймін ел намысын жауға, жатқа.
Арқауы өлеңімнің-Ерейментау,
Арқада қасиетті алтын қақпа.
Жомарт ел құшақ жайды қиын шақта,
Жүйріктей баптап қосты думан топқа.
Жетісу, Арқа, Алатау дәмін таттым,
Танысып талай саңылақ азаматқа.
Жеткізер қыз арманға, ұл мұратқа,
Өнерімен ел көркейер болашақта.
Ұрпақты тәрбиелер ақиқатпен,
Айтыстың ақынымыз тұрған сапта.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУДЫҢ 300 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАУ

Арқада Ереймендей жер болмайды,
Батырда Бөгенбайдай ер болмайды.
Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл
Көркімен Ерейменім кем қалмайды.
Сарыарқа саясы ғой қазағымның,

Сүймейтін туған елін ер болмайды.
Батырлардың бесігі киелі өлке,
Қайсы ақын сені көрсе толғанбайды.
Ежелден Ерейментау ердің жері,
Құт қонған, қыдыр дарып елдің жері.
Халқы үшін қанын, жанын пида қылған,
Ер Жантай, Атан, Досай асыл ері.
Өшпейді мәңгі жасап, ерлер даңқы,
Ұрпаққа ұлағаттап, жалғар халқы.
Қазақтың мақтанышы ұлы Үмбетей,
Жыраудың алты Алашқа әйгілі аты.
Халықта жыр теңізі болған Бұхар,
Үн қосып Үмбетейім, туған қатар.
Жырлаған елдің салтын, ердің даңқын,
Ұрпағың өнерінді үлгі тұтар.
Еліне жырау баба еңбегі зор,
Сүбелі өлең – жырдан үлесі мол.
Жыраудың бай мұрасын іздегенге,
Ұласқан үш ғасырға тарихы бар.
Жорықта қуат беріп батырларға,
Ақылмен жігер берген аламанға.
Петербор, Пекинге елші болып,
Ер қазасын естірткен Абылайға.
Әйгілеген жырымен Бөгенбайды,
Көңіл айтып, жұбатқан Абылайды.
Ел қорғаны ерлерді дастан етіп,
Үлгілеген ұрпаққа жас Жантайды.
Әділетті жақтаған әрқашанда,
Тоғышар мен топасты ұнатар ма?
Буырқанған қаңтарда бура сойған,
Тентектерін тиғызған Жауқашарға.
Арқау еткен жырына адалдықты,
Найзалаған сынға сап надандықты.
Жомартықтың жолына бәйге тігіп,
Ту еткен ар-намыс пен адамдықты.

Руы Қанжығалы – Бозым еді,
Жолымбет бабамыздың асыл тегі.
Жыраудың өз әкесі – Тілеу шешен,
Шежіреші, қобызшы абыз еді.
Өңірін Күншалғанның мекен еткен,
Шәкейде ұрпақтары өніп-өскен.
Қаудыр, Бітік, Өшір сынды ақсақалдар,
Ат салысып, мынау асқа көмектескен.
Еңбегімен әйгілі ел ішінен,
Елге сыйлы жігіттер өрісі кең.
Бөдешов Жеңіс, Нұрлан Еңсебаев,
Әбдірахманов Мұрат мырза Керекуде,
Жұртының бөленген жан құрметіне.
Облыста жүр жауапты іс басқарып,
Халықтың мәдениетін гүлдетуде.
Жиналған әнші-күйші, акындарым,
Дүбірлет, Ерейментау атырабын.
Көкпаршы, балуан, жүйрік баптап,
Дәмелі ешбір жанды қалдырмағын.
Шалқысын, шаттық тоймен шаңырағың,
Ел – жұртым сынасын бір саңылағын.
Туыстар бірлікпенен жұмыл тойға,
Аунатып ер Үмбетей аруағын!

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Наурыз келіп Ерейментау жеріне,
Құт әкелді менің жомарт еліме.
Қилы заман тарихының куәсі,
Қыдыр дарыт бүгін менің төріме.
Жаңбыр бұлтын қонақтатып көгіне,
Рақыман нұрын жауғыз адыр беліме.
Төрт түлігі мамырласын, майланып,
Қырман толсын арпа, бидай дәніне.

Құстар шулап, балық тулап көлінде,
Аңдар өрбіп орманды алқап өрінде .
Қалың жылқың маңдай төсеп жусасын,
Жеті есіктен желпи соққан желіңе.
Ақын-жырау, шешен, берген өмірге.
Ер мекендеп, ел қондырған өңірде,
Ғұмыр кешкен Атан, Досай, ер Жантай.
Садақ, семсер қару болған дәуірде,
Ханға ақылшы, серік болған кезінде.
Ұлт-азаттық ұраны бар үнінде,
Ұлы Үмбетей Ерейменнің тумасы
Алашыма аңыз болған бүгінде.
Аманжолым, Бекболат пен Жансары
Қабыкен, Шамшөн-қара сөздің тұлпары.
Олжабайдай дара туған асылым,
Саққұлақ би кемеңгердің ұрпағы.
Ерейменім 80 жасқа шығыпсың
Қазағыма құт береке ырысың
Жаңа жылда жарқын бақыт тілеймін,
Ауданыма ұлы күні ұлыстың!

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН МҰСЫЛМАНДАР

Мүбәрак қабыл болсын орамамыз,
Дін күтсек-шын мұсылман бола аламыз.
Жойылсын ұрлық-зорлық, темекі-арак,
Әнекей, сонда ғана оңаламыз.
Ағайын, ақылдасып бас қосайық,
Білікпен әділет жолын таба аламыз.
Алланы бір, Пайғамбарды хақ демесең,
Азғынға дінсіз кәпір саналамыз.
Ел болып, еркіндедік, есті жиып,
Ал енді, дәстүрді де жаңалаңыз.

Дін күтіп, тілді түзеп, сананы оят,
Еліктеп, жаман әдет жамамаңыз.
Еңбек етіп, кәсіп қыл адалынан,
Бой бағып, арам іске жоламаңыз.
Әдеп, иба, ынтымақ, болса бірлік,
Елдікті нағыз жеңіп ала аламыз.
Илләхи, қабыл болсын намазымыз,
Мешіттен үзілмесін азанымыз.
Тәңірге шын ниетпен құлшылық қып,
Жан берген талай діндар қазағымыз.
Қияметте Маһшар-Сират көпірі бар,
Құрылар тексеретін таразымыз.
Намаз өтеп, ораза ұстап, қажы болсаң,
Ашылар жаннатты боп ажарымыз.
Уәжіп патша ісі әділ болса,
Өкімін өкіметтің құп алыңыз.
Адамға мал мен дәулет опа бермес,
Садақа, зекет қайыр шығарыңыз.
Бес парызды орындасаң шаригатпен,
Иншалла, шүкіршілік ет, қуаныңыз.
Сақтаңыз дос құпиясын ғайбаттамай,
Ой ояу, ашық болсын құлағыңыз.



САЙЛАУ ЖЫЛҚЫБАЕВ

1958 жылы Ерейментау ауданындағы Бозтал ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң комсомол-жастар бригадасында шопан, құрылыс учаскесінде ағаш шебері болып еңбек еткен. Еңбектен қол үзбей, Алматының Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетін бітірген соң, көптеген жылдар Бозтал орта мектебінде мұғалім болып қызмет істеді. 2003 жылы «Ауылдың үздік ұстазы-2003» байқауында Ақмола облысы бойынша Гран-приді жеңіп алса, республика бойынша екінші орынға ие болды. Қазір Ерейментау қаласындағы Бөгенбай батыр атындағы аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры.

Өлеңдері мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келеді. Бірнеше мәрте Ақмола облыстық ақындар Мұшайрасының жүлдегері атанған.

КҮНШАЛҒАН

Ерейменнің еңселісі-Күншалған,
Маңайынды жылы шуақ, нұр шалған.
Көк торғыннан көкшіл көрпе жамылып,
Мұнарланып, мен мұңдалап тұршы алдан.

Ерейменнің бір биігі- Күншалған,
Төбеңе кеп Ай жайғасып, Күн қонған.
Ай мен күннің бауырында жиылып,
Қанат қаққан аққу-қаздан үн қалған.

Ерейменнің бір жотасы- Күншалған,
Арылмайсың аппақ боран, күз, қардан
Өзге таулар ұйықтап әлі жатқанда,
Сен оянып бастарыңды күн шалған.

Ерейменнің шежіресі- Күншалған,
Тастарыңа сағыныш пен мұң тамған.
Етегінде не бір асыл күн кешіп,
Тұлпарлардың тұяғынан із қалған.

Ерейменнің жыр, аңызы- Күншалған,
Өзінде екен мұншама жыр, мұнша арман.
Ғасырлардың үні болып жаңғырып,
Үмбетейдей жыраулардан жыр қалған.

Ерейменнің бір ауылы- Күншалған,
Көктемдерде бөктеріңе гүл толған.
Бойындағы тіршіліктің қуатын,
Сен аласың арайлаған күн, таңнан.
Ерейменнің еңселісі Күншалған,
Ерейменнің бір биігі Күншалған.

ОЛЖАБАЙ АУЫЛЫНА

Шипалы ауа, жұпар иіс, жанға жай,
Шұрайлы жер, төңірегі малға бай.
Осы ауылдың іргесінде мәңгілік,
Дамыл тапқан батыр баба Олжабай.

Шырайы сен, Ерейменнің елінің,
Шапағымен аймалайды сені күн.
Малмен бірге араласып төсінде,
Жосады екен үйір-үйір елігің.

Араласса, малмен бірге елігің,
Дархандығы қазағымның жерінің.
Кендігіне бұл даланың көз салып,
Билеп-төстеп, жайламады сені кім?

Жүрді саған кімдер келіп, кім кетпей,
Жүрді ақындар жүрегіпен жыр кетпей.
Семсер сілтеп, дұшпандармен алысты,
Қос баһадүр-Бөгенбай мен Үмбетей.

Дала кезсе естеліктер елесі,
Туған жердің сөйлер әрбір төбесі
Қасиетті қойнауыңда жоғалған,
Олжабайдай хас батырдың жебесі.

Аспаныңда ай көрінсе ақ маңдай,
Сол қорымға жұлдыз шырақ жаққандай.
Батыр баба қалғып кетіп бір сәтке,
Ел шетінде қарауылдап жатқандай.

АЖЫ АУЫЛЫНА БАРҒАНДА

Селеу басы үн қосып сазыменен,
Қысы да өлең,
Көктем, күз,
Жазы да өлең.

Қаңқылдаған көктегі қазыменен,
Сұңқылдаған аққудын назыменен.
Өлеңтінің өзенін бауырына ап,
Ауыл жатыр Арқада Ажы деген.

Өлең шөппен жусаны араласып,
Ауыл жатыр жастанып дала-жастық.
Жапырақтан жамылған жасыл көрпе,
Жарасады бойына тал-ағаштың.

Алтын құйрық доғарып мінген атын,
Ұясына барады күн де батып.
Алау қаққан алқызыл тіліменен,
Аппақ төсін бұлттардың бір жалатып.

Ауыл жатыр үстіне құйылып нұр,
Айдың-дағы ақ қасы қиылып тұр.
Тойын тойлап жатқандай түн- әлемнің,
Бүгінгі кеш жұлдыздар жиылып бір.

Жұлдыз ақса түн семсер сермегендей,
Жұлдыз сөнер жарқ етіп жерге келмей.
Таңғы шыққа малынып түн-жігіттің,
Тұлпары да бусанып терлегендей.
Тал бесікке жұлдыздар бөлеп алып,
Ажы ауылын әлдилеп тербегендей.

БОЗТАЛҒА

Сырынды ашып боз далаға,
боз таңға,
Жан – жүрегім,
тағы да бір сөз танда.
Әрбір тасқа қалдырып сен қолтаңба,
Жыр арнашы әр бұтаға,
әр талға.

Ғашық болып арайлаған әр таңға,
Мен де сонда қалдырып ем қолтаңба.
Іңгалаған үнім сіңіп сол талға,
Тал бесігім тербетілген Бозталда.

Таң жұлдызын тұмар еткен әдемі,
Тал бесігім тербетілген ән еді.
Баурап алып мені күмбір домбыра,
Есік ашқан ертегілер әлемі.

Шаңырақты кернеп аңыз,
Жыр-дастан,
Түндігімнен сығалаған түнгі аспан.
Көкті кезіп, менің ой мен қиялым,
Жұлдыздармен араласып, сырласқам.

Мен аралап жастық шақтың гүл бағын,
Сол ауылда қалды менің гүл- жазым.
Тыраулаған үніне елтіп тырнаның,
Табиғаттың тылсым үнін тыңдадым.

Бозтал болып өмірімнің бар әні,
Әнім менің тербететін даланы.
Сазды әуенге кетуші еді айналып,
Ақпандағы бұрқасын мен бораны.

Көш жүгінен ауып керуен – күндердің,
Қалды ма екен сол ауылда бір белгім.
Жоғалды ма бір асылым қимайтын,
Арасында гүл- бәйшешек гүлдердің.

Тағы сонда ізі қалды кімдердің,
Енді қайта оны барып іздер кім?...
Соңына еріп көктемдердің,
Күздердің,
Бозталда мен сол күндерді іздермін,
Арасынан гүл- бәйшешек гүлдердің,
Іздермін- ау, тағы да мен іздермін.

ЕРЕЙМЕНГЕ АРНАУ

Ереймен-елім,
Ереймен-жерім, құт мекен,
Ақкулы жерім,
гәккулі көлім- құс мекен.
Қайыңнан таяқ,
таянып кәрі белдері,
Қария-таулар,
алыстан кімді күтті екен.

Ереймен- әнім,
Ереймен – бітпес жырларым,
Ән салып жатыр,
орман мен тауың қырларың.
Қауырсын- қалам,
ақкудың аппақ қанатын,
Көліңе малып,
өзінді тағы жырладым.

Ереймен- аңыз,
Ереймен- дастан, шежірем.
Үнінді тындап,
сырынды ұғып егілем.

Қан төгіп мұнда,
Бөгенбай, Жантай батырлар,
Алдаспан жүзін,
суарған қанды кегімен.

Ереймен- көктем,
Ереймен күз бен қырау қар,
Жаздарың өтіп,
тырналар көші тыраулар.
Жаңбыр мен қарға,
жуғызған бетін тасыңда,
Қалдырған үнін,
Үмбетей сынды жыраулар.

Ереймен- өмір,
Ереймен- тірлік, күйбеңім,
Кереге керген,
ақшаңқан киіз үйлерім.
Халқымның абзал,
абыз ұлдары, данышпан,
Күн кешкен мұнда,
Бапан, Сакқұлақ билерім.

Ереймен- қобыз,
Ереймен- күмбір домбыра,
Шертеді күйді,
жылытып, кейде тондыра.
Армандап өткен,
Иманжүсіптей асылдар,
Шыға алмай саған,
бүркітін қолға қондыра.



Ереймен- уақыт,
Ерейментауым- ертеңім.
Өзіңе деп мен,
ән менен күйді шертемін.
Бабалар қаны,
топырағыңа тамбаса,
Берілмес еді,
біздерге мұндай жер тегін.

ӨЛЕҢТІ

Өлең шөпті,
Өлең-өзен,
Өлең-Күн,
Өздеріңе өлең оқып берер кім?
Өзге көрмес қасиетті көрер кім?
Өзің болмай бұл әлемде,
Өлеңтім.

Жылдар өтіп,
Айлар өтіп,
Келер күн,
Жұлдыздардан шашу шашып,
Төгер Түн.
Келді ғой деп,
Өлең-Күнмен, өлең-Түн,
Өзгерерсің, түрленерсің,
Өлеңтім.

Гүлденерсің өленді өлке,
Өлеңті,
Сені көріп көңіл нұрға бөленді.
Ерейменнің бір тамыры секілді,
Бүлкілдейсің бойлап қырат, беленді.

Өзенсің сен,
Киесіндей Даламның,
Өзегіңе қаны тамған бабамның.
Ат жетектеп әкем кешіп суынды,
Құмдарыңда ізі қалған анамның.

Арнайтұғын аспандағы айға да ән,
Әнші,жыршың бұлбұлдайын сайраған.
Ақындар мен өнерлілер мекені,
Өлеңтідей ауыл сені жайлаған.

Асыр салып көк шалғынды шөбінде,
Арман-құсым қалықтаған көгінде.
Ақ тандарын болашақтың қарсы алып,
Балалықпен қоштасқанмын өзінде.

Жаңғырғандай жастық шақтың бір әні,
Елендейді көңілімнің пырағы.
Өткен сайын тербетіліп самалмен
Сыр шертеді өзеннің тал,құрағы.

Көтеріліп көңіл неден құлады?
Таусылған жоқ жүректегі жыр әлі.
Тірлік кешіп қай қиырда жүрсем де,
Өлең-күндер көз алдымда тұрады.





САПАР БАРЛЫБАЕВ

1976 жылы Ерейментау қаласында туған. Көкшетаудың Ақан сері атындағы мәдениет колледжін, Павлодардағы Қазақстан-Ресей гуманитарлық академиясының филиалын бітірген. Өлеңдерін орыс тілінде жазады. Жергілікті басылымдарда жарияланып жүр.

Облыстық әуесқой сазгерлердің байқауында Гран-приге не болған. Қазір Ерейментаудағы Үмбетей жырау атындағы мәдениет үйінің директоры.

ЧУДЕСНЫЙ ГОРОД

Я скажу вам по секрету
Ничего чудесней нету
Чем бродить в фонарном свете
По вечерней Астане
Тут и там мелькают люди
И никто нас не осудит
Если громко засмеемся
Или даже запоем

Припев

Стань город прекрасною мечтой
Я буду расти вместе с тобой
Ты двери открой и для меня
Расти и цветы Астана

Здесь был сказочник волшебный
Очень добрый он наверно
Раз он смог почти мгновенно
Все вокруг преобразить
Вверх взметнулись небоскребы
Сразу стали ближе звезды
И несбыточные грезы
Стали явью, а не сном

Припев

Стань город прекрасною мечтой
Я буду расти вместе с тобой
Ты двери открой и для меня
Расти и цветы Астана

ДОЖДЬ ЗА ОКНОМ

I

Дождь за окном
И все небо в черных тучах
Мне не легко
И уже лучше не будет,
Лишь потому, что тебя со мной нет рядом
И не могу
Встретиться с твоим я взглядом,
Встретиться с твоим я взглядом, сейчас

ПРИПЕВ:

Песня моя,
Пролетит все расстоянья
Сердце рая,
Возродит воспоминанья
И среди дня, ты глаза свои закроешь,

Загрустишь и вспомнишь обо мне
И среди дня, ты глаза свои закроешь,
Загрустишь и вспомнишь обо мне.

II

Мне без тебя, так безумно одиноко,
Я без тебя, в грусть, тоску уйду без срока
Как я хочу снова быть с тобой рядом
И вновь следить за твоим прекрасным
взглядом
За твоим прекрасным взглядом, сейчас

ПРИПЕВ:

Песня моя,
Пролетит все расстоянья
Сердце раня,
Возродит воспоминанья
И среди дня, ты глаза свои закроешь,
Загрустишь и вспомнишь обо мне
И среди дня, ты глаза свои закроешь,
Загрустишь и вспомнишь обо мне.

III

С ккем ты сейчас вечера свои проводишь,
И в этот час, что ты делаешь, где ходишь
Может как я, ты одна в пустой квартире
Лишь телефонная связь с огромным миром
Твоя нить с огромным миром, сейчас

ПРИПЕВ:

Песня моя,
Пролетит все расстоянья
Сердце раня,
Возродит воспоминанья
И среди дня, ты глаза свои закроешь,
Загрустишь и вспомнишь обо мне
И среди дня, ты глаза свои закроешь,
Загрустишь и вспомнишь обо мне.

ЕРЕЙМЕНТАУ

I

Где бы судьба меня не носила,,
Чтобы не делал я,
Буду всегда я помнить тот город,
Что воспитал меня.
тихие улочки, и конечно
Долгие вечера
Город, в котором я родился
И повстречал тебя.

ПРИПЕВ:

Это мой город, спрятанный где-то
Среди гор и скал.
Это мой город, с древним названием Ерементау
Я здесь родился, жил и учился
И взрослым стал
Здравствуй же снова, город родной мой Ерементау.

II

Нас позовет жизни дорога,
Время не ждет.
И поведет от родного порога,
Где повезет.
И пусть со временем я позабуду,
Что было со мной.
Но знаю, вечно любить я буду город родной.

ПРИПЕВ:

Это мой город, спрятанный где-то
Среди гор и скал.
Это мой город, с древним названием Ерементау
Я здесь родился, жил и учился
И взрослым стал
Здравствуй же снова, город родной мой
Ерементау.

....Тысячу лет тебе, город родной мой,,
Ерейментау!

КОЛЫБЕЛЬНАЯ АСТАНЕ

I
Ночь город затихает
Шум он уже смолкает
и растворяется в ночи.
Ночь снова правит балом
И выдохнув устало
Вс едо утра замрет в тиши.
Пар над Ишимом вьется
Мне в руки не дается
И улетает в небеса.
Мне одному не спится
И глядя на столицу
Я напеваю про себя.

ПРИПЕВ:

Спи, спи моя столица
Пусть, сказка тебе снится
Милая, родная Астана!
Спи и расти большою
И царской красотою
Затмевай другие города.

II

Ты лучше всех и краше
Главный город в жизни нашей,
Сердце родины моей.
Скоро станешь ты большою,
Будешь править ты строною
И сердцами всех людей.
Правь только справедливо,
Нами будешь ты любима
И всегда в кругу друзей.
Мы будем жить трудится
Для тебя родной столицы
И встречать твоих гостей.

ПРИПЕВ:

Спи, спи моя столица
Пусть, сказка тебе снится
Милая, родная Астана!
Спи и расти большою
И царской красотою
Затмевай другие города.



САЙЛАУ БАЙБОСЫН

1958 жылы Ерейментау ауданындағы Ажы ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң туған ауылында жылқышы, жүргізуші болып еңбек еткен. Сексенінші жылдардан ауданның мәдени тірлігіне аралысып келеді. Үмбетей жырау атындағы Мәдениет үйінде, аудандық «Ереймен»-«Ерейментау» газетінде қызмет істеген. Кейіннен осы газеттің редакторы, соңынан аймақтық «Ереймен елі»-«Инфо-Рейтинг» газеттерінің редакторы болған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Бірнеше мәрте облыстық, республикалық ақындар Мұшайрасының жүлдегері. «Бір өлең-бір әлем» атты республикалық Мұшайраның Бас жүлдесіне не болған. «Дат», «Рух» атты өлеңдер жинағы, Ереймен жері айтқыштарының айшықты сөздері топтастырылған «...деген екен Ерейменде» атты кітапшасы, «Ерейментау» деп аталатын тарихи-танымдық кітабы жарық көрген.

ДАРВИННЫҢ ІЛІМІ НЕМЕС ТЕК ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ

Түзелер, қазақ , тұрмысың әлі,
Бәрі де тіпті әдемі.
Бірақ та бүгін сынға ұшырады,
Дарвин көкемнің дәлелі.

Апырау, қандай себебі дедім,
Сеніп келдік пе теп – текке?
«Бабамыз – маймыл» дегенін оның,
Оқытқан бізге мектепте!

Шығыс пен мына Батысқа қоса,
Осыған сендік бәріміз.
Бір ағам айтты: «Шатысқан о шал,
Қасқырдан біздің қанымыз!»

Даласы да аман,
Бабасы да аман.
Дау айтам қандай сайлы ұлға?
Деді ағам сосын: «Қарашы маған,
Қай жерім ұқсас маймылға?!»

Демесін біреу: «Қандай халықсыз?»
Жеткізсін көзін бағама.
«Қасқырдан тіпті аумай қалыпсыз!» –
Деп шынымды айттым ағама.

«Бәсе, деді ағам, – сенім өшпесін,
Көнеден қалған мол аңыз.
Бөріні бабам еміп өскесін,
Қалайша жаман боламыз?!

Шығармай тіпті, төріне ханды,
Ар – намыс болған бас құны».
...Есіктен сол сәт көріне қалды,
Көкемнің әлгі бастығы.

Бастығы сірә, мәнді адам, керім...
Маңғаздау қарап сағатқа...
Бөрі боп тұрған әлгі ағам менің,
Өзгеріп кетті заматта.

Сыйлайтындығын аңғартып олақ,
Құшағын аша жүгірді.
Бастығының сосын алды – артын орап,
Иілді, тұрды, бүгілді.

Жоғалып әлгі көңілдегі елес,
Жампаңдам ағам, жанықты.
Байқасам тіпті, бөріден емес –
Маймылдан аумаи қалыпты.

Жайлап тұр еді санамды көрік,
Сенімге берік байланған.
Шошыдым, әлгі ағамды көріп,
Құйрықсыз маймылға айналған.

Болады – ау енді, әркімде шүбә –
Деп іштей ғана күрсіндік.
Ойладым сосын, Дарвинде, сірә,
Рас – ау, бары бір шындық!

Алланың көкте айбары қолдап,
Алаш болыппыз (хабарым).
Үйге кеп сосын, айнаны қолға ап,
Бейнеме ұза – а – ақ қарадым!

БАСА АЛМАЙ АРЫН, ЕКПІНІН ...

Баса алмай арын, екпінін,
Жыраққа талай кетті күн.
Топтасып біздер жүретін,
Топырлы дәурен жоқ бүгін.

Армандар алыс ап қашып,
Жүруші ек, солай топтасып.
Ертелеу бізден ержеткен,
Еркелеу қызға боп ғашық.

Дамылдап дарқан дала – түн,
Шырағын айдың жағатын.
Құйылып аққан жұлдыздар,
Қойынға келіп таматын.

Балауса балғын қыз – ұл ек,
Бітпестей мәңгі қызық ек.
Аспанда Құстың жолындай,
Арманның жолын сызып ек.

Сәулесін жұтып жаңа айдыңн,
Сайранмен өткен талай күн.
...Аңырап жұлдыз ақпайтын,
Аспанға бүгін қараймын.

ҚОШ, ЖАС ДӘУРЕН!

Күлте жалды кербесті күн,
Алдан енді тоспасы анық.
Анық – қайтып келместігің,
Кел, жас дәурен, қоштасалық!

Кешегідей қырдағы нұр,
Емес бізге ән ұсынар.
Қоштасалық, бұл – дағы бір,
Уақыттың заңы шығар.

Жоқ бұрынғы бала ғашық,
Қалам тартар ғазалдарға.
Көңіл дөнен, ала қашып,
Сен – дағы енді мазамды алма!

Арман күндер, арлан күндер,
Сау тұрындар, бәрің – бәрің.
Тамшы болып қалған күндер,
Жанарында арулардың.

Қалыңыздар, қала алсаңыз,
Сыбырлы кеш сыр ақтарған.
Бірге жүрген балауса қыз,
Жұлдыз теріп қыраттардан.

Құрдасым да, сырласым да,
Мәңгілік боп қалад деген.
Айдың нұрын қыр басында,
Бірге жұтқан шараппенен.

Кеші қоңыр, майда лепті,
Күндер қайда керім – керім?
Сол құрбылар қайда кеткен,
Кір баспаған көңілдерін?!

Ұйқысыз таң сан атырдым,
Жапырақтай қырау ұрған.
Жалғыз кетіп баратырмын,
Жастық деген мына ауылдан!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ай, заман-ай, заман-ай». Алматы, 1991 ж. Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы.
2. «Абыздар мен ақындар». Ғ. Мұқатов, Алматы, 2002 ж. «Полиграф-сервис и К».
3. «Өмір шежіресі». Ералы Саққұлақ ұлы, Тұрсынбай Ералыұлы. Алматы, 2005 ж.
4. «История Казахстана в русских источниках. (I-IV т.т.). Астана, 2006 ж.
5. «Жалын» журналы. 1993, тамыз айы.
6. «Заман-Қазақстан» газеті. 1993 ж. №19.
7. «Шығамалар». Олжабай Нұралыұлы, 1995 ж. Алматы, «Шартарап»
8. «Қолжазбалар». Нигмат Ғабдырахманұлы, 1-9 дәптер.
9. «Ақын мұрасы». Аллажар Теміржанов, 1966 ж. Алматы, «Жазушы».
10. «Ақындар айтысы». 1958 жыл, Ақмола қаласы.
11. Ерейментау аудандық «Прогресс» газеті, 1990 ж. №122.
12. Ерейментау аудандық «Ерейментау газеті. 1998 ж. №19.
13. Ерейментау аудандық «Ереймен» газеті. 1999 ж. №4.
14. «Байга». Төлеу Шаханов, 1966, Алматы, «Жазушы».
15. «Рух». Сайлау Байбосын, 2008 ж. Астана, «Фолиант».

МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына	3
Үмбетей жырау Тілеуұлы	9
Бапан би Тұраналыұлы	19
Саққұлақ би Бапанұлы	23
Досан ақын	26
Әуен би Жанболатұлы	27
Қуат Арабданұлы	29
Қуат Тәңірбергенұлы	30
Айтпай ақын	31
Ералы Саққұлақұлы	33
Атқыбай жырау Байкенжеұлы	38
Олжабай Нұралыұлы	42
Молдажан Жадайұлы	48
Төлеш Бейсекейұлы	52
Сәбит Сәтбайұлы	53
Жакуда Құлболдыұлы	55
Сәкен халфе Ғылмани	59
Бекболат Меркемелиденұлы	66
Аманжол Әлжанұлы	72
Нигмат Ғабдырахманұлы	83
Имақан Атқыбайұлы	89
Шәмшөн Қалиұлы	92
Төрегелдінің Хасені	98
Аллажар Теміржанов	105
Айтмұханбет Жанайдаров	112
Рысты Шотбаева	118
Төлеу Шаханов	122
Темірболат Бәйділдаұлы	130
Қыдырбай Бекахметұлы	135
Амангелді Ақпаров	142
Қабдыжәлел Сахария	149
Сайлау Жылқыбаев	155
Сапар Барлыбаев	164
Сайлау Байбосын	169

Ерейменім – мерейлі елім, ән-жырым!

**Ерейментау ақындарының антологиясы.
ХҮІІІ-ХХІ ғасырлар аралығы**

Басуға. 13.07. 2009 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».

Есептік баспа табағы ІІ.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 2402.

«Астана полиграфия». Астана қаласы,
Брусиловский көшесі, 87 үй

